

Павлодар Университеті

МАГИСТРАТУРА


«Педагогика» Кафедрасы

Магистерлік диссертация


ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАН ҰЯДА БАЛА ТӘРБИЕСІ

5302.50 «Педагогика»

орындаушы  Бакауова Г.Б.
(қолы, күні)

ғылыми жетекші
профессор  Сатынская А.К.
(қолы, күні)

Қорғауға босатылады:

«Педагогика» каф. меңгерушісі
профессор  Мачнев Н.Ф.
(қолы, күні)

Павлодар, 2005

ПАВОЛДАР УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАН ҰЯДА БАЛА ТӘРБИЕСІ

БАКАУОВА ГҮЛСТАН БЕКЕНҚЫЗЫ

530450 ПЕДАГОГИКА

Жұмыстың ақталған уақыты 2005 жылдың 3- мамырда

1-тарау ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАН ҰЯДА БАЛА ТӘРБИЕСІ туралы теориялық негіздері

1.1 Ағартушы - демократ ойшылдарының педагогикалық және психологиялық ой-пікірлері

2.2 Балаға байланысты қазақ халқының салт-дәстүрлері

2.3. Қыз бала мен ұл бала тәрбиесі

Бірінші тарау бойынша қорытынды

2-тарау Жанұя тәрбие негіздерін қалыптастыру бойынша тәжірбие педагогикалық жұмыс

2.1 Тарих пәндері арқылы қазақ халқының жанұяда бала тәрбиелеудің нәтижесі

2.2 ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

2.3 тӘЖІРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ АНАЛИЗИ

Екінші тарау бойынша қорытынды

Қорытынды

Қосымша

Қолданылған әдебиеттердің тізімі

Кафедра меңгерушісі: _____ МАЧНЕВ Ф.Н.

Ғылыми жетекші: _____ САТЫНСКАЯ А.К.

Тақырыпты алған уақытым 2003 жылдың 5 қараша айында

ПАВЛОДАР

2005

РЕФЕРАТ

Ата-аналардың педагогикалық жалпы оқуында педагогиканың актуальды мәселелеріне көңіл бөлініп қана қоймайды, сонымен бірге жалпы психология проблемаларына да назар аударылады. Мысалы, бастауыш класс оқушыларының ата-аналары психология мәселелерінің функциясымен танысады, яғни балалардың ой-өрісінің дамуы, ойлауы, сөйлеу мәнері, мектеп жасындағы балалардың еркі мен эмоциясы. Орта жастағы оқушылардың ата-аналары балалардың идеялық-саяси көзқарасына, өнегелі тәрбиесіне, семьялық роліне назар аударып отыру керек. Балалардың жас өспірім шарында достық және сүйіспеншілік проблемасы, кәсіптік бағдар беру және жорары жастары балаларды болашақ семья өміріне әзірлеу ата-аналарды қызықтырады.

Ата-аналар әрбір лекциялық, семинар сабақтарына және конференцияларға белсенді қатысады, олар сөз сөйлеп, пікір алысады. Университет тыңдаушысы Н.Айтжанов былай дейді. Теориялық және тәжірибелік сабақтар бізге өте пайдалы, бала мен жастарды тәрбиелеу мәселелерін шешуде бізге көмектеседі.

Мұндай жұмыстар университеттің, басқа да факультеттерінде жүргізіледі. Жас өспірімді тәрбиелеу-күрделі мәселе. Оны тек қана тәрбие ошағы бөліп отырған мектеп ата-аналардың көмегі арқылы ғана шеше алады.

Педагогикалық насихаттың көпшілік түрін жеке жұмыспен үйлестірген жөн, педагогикалық оқу-ағартуға ғылыми тұрғыдан қарау керек, сонда ғана педагогика барлығы үшін нағыз ғылым бола алады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1-ТАРАУ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАН ҰЯДА БАЛА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	12
1.1 АҒАРТУШЫ - ДЕМОКРАТ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ.....	12
1.2 БАЛАҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕР.....	33
1.3. ҚЫЗ БАЛА МЕН ҰЛ БАЛА ТӘРБИЕСІ.....	44
БІРІНШІ ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ.....	54
2-ТАРАУ ЖАНҰЯ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТӘЖІРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС.....	55
2.1 ТАРИХ ПӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАНҰЯДА БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НӘТИЖЕСІ.....	55
2.2 ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС.....	77
2.3 ТӘЖІРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ АНАЛИЗІ.....	89
ЕКІНШІ ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ.....	90
ҚОРЫТЫНДЫ.....	95
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	98

Кіріспе

Ата-бабамыз семья тәрбиесінде еңбекке көп мән беріп, ол туралы қорытынды ойлар қалдырған: «Өзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған айуанның бірі боласың. Адамзаттың қарызы үшін еңбек қылсың, аланың сүйген құлы боласың», - деп еңбектің адам баласының керегі, ел үшін жұмсалуды өз ойының қазығы етеді. Жалпы қазақ отбасында ұлттық тәрбиеге жеке мән берумен бірге бойына дарыта отырған. Тәрбие көзі бесік жырынан басталған. Ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы. «Тәрбие – табалдырыктан басталады» деген накылдыөзі өмірден алынған шындық. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән беру сәби жүрегін тербеп, адамгершілікке жетеледі .

Платонның « ұл тәрбиелеп отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөзіне біздің халық қашанда лайық болған сияқты. Халық әдебиетінде отбасында әке сөзі «заң» еді. Ол соған лайық болуға тырысты. Әкесінің іс-тірлігі балаларына үлгі болатын, олар әке тілегін, беделін жоғары ұстайтын. Ал ананың ақ сүтін оны мекеге жеті рет арқалап апарсаң да ақтай алмайсың деген. Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс- термелерде, мақал-мәтелдерде қазақтың асыл мұра сөздерінде кездеседі. Қазіргі жас ұрпақ тәрбиесіндегі негізгі түйіні- адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелеге келіп тіреледі. Қазақ халқы арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары (сәбилер үйі, бала-бақша, т.б.) болмаса да, өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиеленіп отырған. Қазақ отбасында тәрбие ісі ғалым Ш. Ахметовтың зерттеулерінде негізінен басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие көзі алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, ата-ана өз ұл-қыздарына «әдепті бол» дегенді басты ұстанған. Ал екінші жағдайда олар баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек, болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен. т.б.

Міне, ата-ана мен бала арасындағы ыстық махаббат өмірде осылайша көрініс тауып, тіршілікке сән берген. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік дәне әдеп-инабат сезімдері болуы үшін, ең әуелі отбасындағы ата-ана мен бала арасында осындай сезімдер оянуы керек.

Бала ата-анасын жан-жүрек қалауымен⁸ сыналы түрде ардақтап – құрметтесе, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындаса, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық мінездерін көрсететін болса және бұл қасиеттерді қанына сіңіріп, жүрегіне ұялата алса ғана қоғамдық өмірде адамдар бір-бірімен осындай ыстық қатынастар жасай алады.

Баланың ана-ананы ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығарумауы, тіпті олар келмес сапарға аттанғаннан кейін де олардың рухы мен әруағы алдындағы міндетін ұмытпауы-әдептілік қана емес, адамшылықтың белгісі. Бұл – жас болсын, егде тартсын, баланың өмір бойы өтеумен болатын парызы.

Қартайсаң да қарт бабаңды сыйлай біл,

Күндердің күні болғанда.

Кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес, - деген Бұқар жыраудың тұжырымын қарт атаң мен әжеңді сыйла, өзіңе дейінгіні құрметтесең, өзіннен кейінгілер де сені сыйлайтын болады дегенді айтады.

Қазақтар - «Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу біздің ата дәстүріміз.

Жалпы, имандылық адам бойына қайдан сіңісті болмақ? Әлбетте, оның негізгі отбасында, әке мен ананың үлгілі өнегесінде қалыптасады. Сондықтан әке мен шеше-отбасының жүрегі. Адамның өмірдегі басты қуанышы-бала сүю. Кісі өз ұрпағының жалғасқанын аңсайды. Сондықтан оның осы бір аңсаған арманы орындарып, әке немесе шеше атанған кезде өміріндегі ең бақытты кездерін басынан өткереді. Ал бала сүймеген адам өмірден өзегін өртеп, жылап өтеді.

Ата-бабаларымыз перзент көрмеген кезде оны Құдайдан сұраған екен. әулие бабалардың қабірлеріне түнеп, олардың шапағаттарын Тәңірден тілеті. Алла Тағала да жәрдемді өзінен іздеген, мұндай сүйікті құлдарының көңілін жықпай, оларға бала нәсіп ететін көрінеді. Мұндай жайттар бүгінгі күнімізде де көрініс беріп жатады.

Осы себепті Құдайдан тілеп алған бала бәрінен де қадірлі болған. Сондықтан да бала десе ата-ананың бауыр еті елжіреген. «Бала – ананың бауыр еті деген сөз осыны айғақтайды. Тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің кәусар бұлағы – ана ғой, шеркін! Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, бұл дүниеге келтіріп қана қоймайды, оған түн ұйқысын төрт бөліп, әлпештеп өсіреді және үй болғанға дейін оның ыстық-суығына көніп, одан бар жақсылығын аямайды. Адам өмірінде ана сүті өте қастерлі де қасиетті. Оны ардақтамаған адамды халық опасыз деп атаған. Сондықтан да ана алдындағы парызды өтеу ел санасына «Ана сүтін ақтау» болып енген. Ия, бірі де адам бойына ана сүті арқылы енеді. өмір есігін жаңа ашқан нәрестенің бойына туған елінің рухын сіңіретін де, қазақы тәрбиені беретін де, ұлттық қанды дарытатын да, рухани байлықты бесік жырымен балбыратып-уілдетіп енгізетін де – ана сүті. Сондықтан да бала тәрбиесі қазақтарда ана сүтін емізумен басталған.

Ана әкелік сезімнің жедел қалыптасуына себепші болады. Ол баланы «Әкен айтты» деп сендіреді. Шынымен бала тәрбиесі тұрғысынан алғанда әкенің қолында болат қашау, шешенің қолында күміс жонғыш бар тәрізді. Қазақ аналары балаларын шектен тыс еркелетпеген. Өйткені еркелетуді ісі жоқтықтың ермегі деп біледі. Ана және әке өз баласын сүюге міндетті. Оны қоғамға пайдалы азамат ету – парыздары. Сондықтан балаға отбасы махаббатымен қатар тәртіп, ереже, қағида және әдептілік бірге берілуге тиіс.

Ата – ананың өз отбасын нығайта отырып, балиғатқа толған балаларын үй болуға, өз шаңырақтарын көтеруге әзірлеуі – ең басты да жауапты міндеті.

Осы жерде иманжүзділік ойға оралады. Біреуге шарапатыңды тигізудің түп-төркіні санамаласак - ешкімге жамандық істемеу, өз міндетінді өзің атқару,

ешкімге ауыртпалығыңды артып қоймау, жүйкесін жұқартудан аулақ болу. Әркім өзінің орнында « болса, әркім өзінің шамасына сәйкес міндет атқарса... Адамның ең жақсысы осыны ұстанғаны ләзім. Осы қағида отбасында қатаң сақталуы керек.

Ата қаншама ақыл айтса да, бала ақымақтау келсе, онда атаның барлық ақылы немересіне дариды деу қиын. Әйтеуір, біреуі ақымақтау болса, онда өріс кеңиді деуге болмас. Осыны ешқандай күмілжімей, өтірік мәдениетсізінбей, бұқпантайламай, сылап-сипамай, ақ-қарасын ашып айтатын уақыт жетті. Біздің отбасының тағдыры, келешегі сонда ғана оңға басуы мүмкін. Жоғарыда айтқанбыз, қазақ «атаңа не қылсаң, алдына сол келеді» дейді. Ел жақта бір үлкен ақсақал төсек тартып жатып қалады. Шалдың жалғыз ұлы мектепте мұғалім екен. Өлінің өзі алпысқа жақындаған. Өлгі мұғалім үзіліс кезінде жүгіріп келіп, әкесін сүйемелдеп далаға шығарады, жағдайын жасап, бәйек болады. Шалдың бәйбішесі ертере қайтыс болса керек. 9-сыныпта оқитын немересі де: «Ата, мен де далаға шығуға жәрдемдесейін»,- дейді екен. Кейінірек ол да әкесінің істегенін аса құрметпен, жылылықпен қайталайды. Тіпті оның кішкентай інісі де әкесіне: «Атам сияқты тоқсанға келсеңіз, сізді де далаға шығарамын»,- дейтін болған. Көзбен көрген тәрбиенің, сөзбен емес, іспен берген тәрбиенің күші осындай ғаламат! Анасының ісін көрген інісінің әкесіне кепілдік беруі - үлкен бақыттылық.

Біздің зерттеудегі мақсатымыз; Зерттеудің мақсаты—қазақ отбасының бүгінгі таңдағы тәрбие жүйесінің көзі, тәрбиеге дайындықты қалыптастыру бойынша теориялық негізбен әдістемені өңдеу жұмысы.

Міндеттері:

- Қазіргі кезде отбасындағы тәрбие көзінің өзгешеліктерін байқау;
- Берілген материалды зерделеу және экспериментті түрде салыстыру.
- Негізгі проблемаларды ортаға салу.
- Бақылау жұмысын күшейту және сұрыптау.

Зерттеу жұмысының негізі болып келесі **гипотеза** алынды; егер жоғарғы оқу орнында психологиялық-педагогикалық пәндерді оқығанда тәлімгерлерді толық педагогикалық процесс идеяларына негізделген тәрбие бойынша әдістемелік жұмыстар. Берілген зерттеу гипотезаға сәйкес келесі міндеттерді шешу керек;

Зерттеу нысанасы; жан ұяда бала тәрбиесі

Зерттеу пәні; Негізгі зерттеу өзінің бақылау деңгейінде жүретін болады. Сонымен қоса көптеген ғылыми тұрғыда зерттелген және ой көкіректен өткізе отыра салыстырмалы тәсілін қолдану.

Жетекші көзқарас – жеке тұлғаның қызметі қандай болса, оның өзі де сондай, сондықтан зерттеу дайындығын қалыптастыру бойынша жүйелік жұмыстар толық педагогикалық процестің экологиялық ағыммен анықталады.

Зерттеу әдістері; Зерттеуде ғылыми ой-пікірлерді салыстыра сипаттау, және талдау, аға оқытушының тәжірибесімен бөлісуі, бақылау, теңестіріп қарау, сауалнама жүргізу, ойлау эксперименті, оқытушылар мен тәлімгерлердің қызметінің жетстіктерін тыңдау, қорытындыларға жүйелік талдау жасау.

Әдістемелік және теориялық негізі. Тең дәрежелік ғылымның бірнеше саласында қарастырылуы және олардың өзара байланыстылығы зерттеудің теориялық негізін танытады. Сондықтан еңбек қазақ отбасындағы тәрбие саласындағы байланыстыру заңдылығын мейлінше тереңдетуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы: Жұмыста көрсетілген тұжырымдар мен материалдарды жоғарғы оқу орындарында оқылатын пәндеріне байланысты арнайы оқу үрдісінде пайдалануға болады.

Зерттеудің дереккөздері; Диссертацияда қазақ отбасының тәрбиесіне байланысты барлық деңгейіне қатысты ашу үшін көптеген тәлімгерлердің қатысуымен талдау жасалды. Тақырыпқа қатысты сандық-сапалық деректер алу мақсатында Х.Арғынбаев, Л.Я.Штернберг, Ж.Қоянбаевтың педагогикасы пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын тұжырымдар: Жұмыс нәтижелері негізінде тәрбие көзі барлық деңгейіне қатысты екендігі айқындалды. Қазіргі кезеңде ұлттық тәрбиені қазақ отбасынан шығатын жастарға мойындату.

Бірінші саты бойынша Қазақ халқының жанұяда бала тәрбиесі туралы теориялық негіздері. Теорияға сүйене отыра тәлімгерлерге тәжірбиелік үлгілер ұсынылды. Ағартушы - демократ ойшылдарының педагогикалық және психологиялық ой-пікірлері, балаға байланысты қазақ халқының салт-дәстүрлері қыз бала мен ұл бала тәрбиесі.

Екінші саты бойынша Жанұя тәрбие негіздерін қалыптастыру бойынша тәжірбие педагогикалық жұмыс жөнінде өзектілігі қарастырылды.

Үшінші саты бойынша Тарих пәндері арқылы қазақ халқының жанұяда бала тәрбиелеудің нәтижесі. Отбасында балаларды тәрбиелеуге арналған тәжірбие педагогикалық жұмыс және тәжірбие педагогикалық жұмыстың анализі, қорытынды.

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, зерттеу нысаны айқындалып, негізгі мақсат- міндеттер белгіленді. Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы көрсетіліп, әдістанымдық негіздері мен дереккөздері, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар, жұмыстың талқылануы мен жариялануы баяндалды.

Бірінші тарау Қазақ халқының жанұяда бала тәрбиесі туралы теориялық негіздері деп аталады. Халықтық педагогика-тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізінде

педагогикалық мазмұны мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері жатады.... Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру [1].

Екінші тарау бойынша Жанұя тәрбие негіздерін қалыптастыру бойынша тәжірбие педагогикалық жұмыс.

Барлық жұмыстардың нәтижесіне қорытынды жасалды.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Диссертация кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

I . ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАН ҰЯДА БАЛА ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ағартушы - демократ ойшылдарының педагогикалық және психологиялық ой-пікірлері.

Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер тарихының түп тамыры көне мәдени мұра – халықтық педагогикамен 6 – ғасырда Орхан енесей жазуларынан басталып, ортағасыр ойшылдарының парасатты тәлімгерлік ой-толғаныстарымен толысып, 14-19 ғасырлардың акын-жыраулардың терме, толғауларында жалғасып, 19- ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың ғұлама ағартушы-демократ ұлдары: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Жүсіпбек Аймауытов еңбектері арқылы өркен жайылды. Халқымыздың аяулы перзенттері туған халқының бақытты өмірге қолы жетуі үшін аянбай ат салысты, олар әсіресе, жастарға зор үміт артып, ақыл-кеңестерінің бар нәрлісін соларға бағыштады. Өз халқының ізгі ойы мен асыл-арманының жаршысы, жастарды білімге, мәдениетке, өнер биігіне шақырған асыл жандардың ағартушылық идеяларының негізгі, әрі өзекті бір арнасы педагогика және психология мәселелерінің төңірегінен кездейсоқ жайт емес еді.

Ұлы ойшыл Абай адамның өсіп, жетілгендегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің 19- қара сөзінде: «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, тартып естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақталық, ғибрат алу ғана есті етеді» [7]. - деп ақыл есту тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай «Сүйекке біткен мінез , сүйекпен бірге кетеді» - дейтін теріс көзқарасты әшкерелеген, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандық тұрғыдан қарастыпы, оларды жақсы және жаман деп жіктейді.

Қазақ әдебиетінің, мәдениетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі – Ж.Аймауытов жазушылығымен қоса, қазақ топырағында тұңғыш педагогика,

психология ғылымдары саласында қалам тартып, құнды-құнды ғылыми зерттеу еңбектерін жазған. Ж. Аймауытов ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше тоқталады. «Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешесінің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілдікті, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілдікті беретін кім? Ол әрине ата-ананың тәрбиесі [47].

Баланың бойына басынан сіңген мінеді қайта түзеті қиындық келтіреді. «Сүтпен сіңген мінез, сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді...», - деп жазушы бала мінезін қатыптастыруда, яки жанұя мүшелерінің, әсіресе, әке-шешенің ықпалын айқын ашуға мән берді. Ол бала мінезін жас шыбыққа теңейді [69]. Жас кезде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып өсетінін, отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айтады.

Ж. Аймауытов өнегелі үйелменнен бұзық мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар өскен ортаның, замандас, жолдас-жора, құрбы-құрдастың ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді. Ж. Аймауытов «Тәрбиенің негізгі мақсаты – мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу» деген қағиданы қуаттай келіп, «баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек» [88]. - дейді.

Ж. Аймауытов сол кездері орыс оқымыстыларының тәрбие жөніндегі еңбектерінен адам тәрбиесіне қоршаған ортаның әсері жөнінде жақсы таныс болуы ықтимал. Өйткені оның жазбаларынан орыс жазушысы Л.Н.Толстойдың «тәрбие дегеніміз бір адамның екінші адамға жасайынын ықпалы» немесе заңғар педагог А.С.Макаренконың «адамдарды қоршаған орта тәрбиелейді, адамдар

тұтыну заттары, табиғи құбылыс тағы басқа бәрі тәрбиеге белгілі әсерін тигізеді. Соның ішінде ең әсерлісі адамдардың қарым-қатынасы, әсіресе ата-аналар мен ұстаздардың ықпалы ерекше... анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін әуелде дұрыс тәрбие беруге тырысу керек», - деген сияқты таныс пікірлері жиі ұшырасады.

Ы.Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметімен байланысты қазақ жастарын оқытып, тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдыретінен артық ешнәрсе жоқ деп түйеді Ыбырай. Адамның жан-жақты қалыптасуының негізгі көзі тәрбие екендігін ол «Бакша ағаштары» деген әңгімесінде өте жақсы көрсеткен: «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ – дейді бір әке өз баласына, - шырағым, мұннан сен де өзіңе тәлім алсаң болады, сен де жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің кәте істерінді түзең, пайдалы істерге үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің, бағусыз, бетімен кетсең, сен де мына қисық ағаштай қисық өсерсің» [20,39]. Әкесінің баласына айтқан ақылын баяндайтын осы әңгімеде үлкен мән бар. Егер ата-ана тарапынан дұрыс тәрбие берілсе, оны балалар дұрыс қабылдайтын болса, онда мұндай тәрбие баланың жақсы адам болып шығуына жағдай жасайды.

Жанұя - адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап осы жанұяның есігін айқара ашып енеді және осында өсіп ер жетіп, жанұясының тәрбиесін алады. Сондықтан да жанұя - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі [44].

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. "Ел болам десең, бесігіңді түзе"- деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып-ақ тұр емес пе?Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірлерімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар.Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше бұл жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері - баланың "әдепті бала" болып өсуі [11].

Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: "Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма" деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген. Сондай-ақ, қазақ баласы өз отбасында мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірілген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған. Ата дәстүрдің бірі - дүниеге келген балаға бүкіл ауыл, тума-туыстар болып көңіл бөлу. Азан шақырып атын қойғаннан бастап, ер жетіп, отау тіккенге дейінгі бала өмірінің әрбір белесі мен асқан асуы туыстар тарапынан атаусыз, ескерусіз қалған емес.

Тәлімгер өміріне байланысты отбасында болатын қуаныштардың барлығына дерлік қадірменді ақсақалдар мен игі жақсылар балаға деген жақсы тілегін айтып, ақ батасын беріп, үй иелерінің қуанышын бөліскен. Адамгершілік қасиет жанұя мүшелерінің бірін-бірі қадірлеуінен, әсіресе, тәлімгердің қартайған әкешешелеріне ерекше құрмет көрсетуінен көрінеді. Бұл - халық педагогикасының ежелгі қалыптасқан дәстүрлі көзқарасы. Осыны ойға қазық, тілге тиек еткен халқымыз: Меккені іздеп нетесің, Меккеге қашан жетесің? Әзір Мекке алдында, Пейіліңмен сыйласаң Атаң менен анаңды! - деп ата-анаңа көрсеткен сый-құрметін құдай жолын қуып, Меккеге барумен пара-пар деген ойды қорытады.

Қазақта келінге деген ілтипат оған деген зор құрметке айналған. Бала тәрбиесі - отбасы ұйтқысы келіндерге байланысты. Келін жақсы болса, жанұя да тату-тәтті болмақ. Ағайын-туыстың аралас-құраласы да келіннің кішіпейілділігіне байланысты деп түйген халық қағидасы жастарды үлкенге ізет, жасқа қамқор, ақылды да арлы, ер азаматпен тең түсер ізгі жан және әдепті де үлгілі болуға үндейді [40].

Ақын-жырауларымыздың бірі Дулат Бабатайұлы жас жеткіншектердің тәрбиесінде ата-ана мен үлкендер өнегесінің ерекше орын алатындығын өте жақсы көрсете білген. Мәселен:

Ата-ананың ақылы Қазылған қара жолмен тең.

Жақсылардың ақылы Гауһар шырақ шаммен тең.

Ақын бұл жерде ата-ананың, өнегесі көпті көрген даналардың сөздері бала тәрбиелеуде таптырмайтын құрал екендігін баса көрсеткен. Ол жастарға ата-аналарыңды, үлкендерді тындасаң жақсы адам болып өлесің дейді. Олардың ақыл-өсиеті даңғыл жол болғандықтан, жақсы адамның ақыл-кеңесі әр уақытта алдында шырақтай жарқырап жанып, саған жол көрсетіп тұрады, қисық-қыңыр мінезге, теріс жолға түспеуіңе жағдай жасайды деген кеңес береді. Ақын осы пікірін әрмен қарай былайша жалғастырады:

Сырын білмей бой салма, Атасы оның текті деп.

Тұрлаусыздан сөз ұқпа, Аузы оның епті деп.

Нашардан шыққан жақсының

Сөзін жерге тастама

Атасы нашар еді деп,

-деген шумақтарда жақсы, жаман болу адамның тегіне байланысты емес екенін жете түсіндіреді. Жақсы кісі болу бәрінен бұрын адамның өмірден алатын тәрбиесіне, қала берді өзіне байланысты дейді [57]. Адамның адамдық қасиетін білдіретін оның сылдыр сөзі емес, нақтылы өрекеті, іске тындырымдылығы деп тұжырым жасайды. Әке, шеше, әже және басқа да үлкендердің жас балаға бір нәрсені сатып алуға, оқып беруге, бір жаққа бірге баруға уәде беріп, одан кейін өздерінің уәделерінде тұрмауы - жанұяда өте жиі кездесетін құбылыс. Кейбір үлкендер мұның бәрін түкке тұрмайды деп ойлауы мүмкін. Ал, бала болса ренжиді, тіпті жылайды, кейін оны ұмытып та кетеді. Бірақ баланың өзі біресе ана, біресе мына уәдесін орындамайтын бола бастағанда, ата-ана оны кінәлайды, ұялтады, жазалайды, өтірік айтқанын бетіне басады. Сондықтан мұндай тығырыққа тірелмеу үшін өу бастан ата-ана өз міндетін жауапкершілікпен атқарғаны дұрыс.

Базар жырау ағайын-туыс, дос-жарандардың, жанұя мүшелерінің қарым-қатынасына сын көзбен қарап, отбасының береке-бірлігіне не себеп болатынын айқын ашып береді. Мысалы,

Атасы жақсы қандай-ды, Асқар бір зәулім таудай-ды.

Анасы жақсы қандай-ды, Арайлап атқан таңдай-ды.

Ағасы жақсы қандай-ды, Асылың биік жалдай-ды.

Інісі жақсы қандай-ды, Дұшпаның көзін салмайды.

Әйелі жақсы қандай-ды, Жарқырап жанған шамдай-ды.

Баласы жақсы қандай-ды, Көңілінде арман қалмайды.

Келіні жақсы қандай-ды, Тындырып жаның жайлайды.

Осылар түгел болмаса Өрісі ердің оңбайды,

-деп риторикалық сұраққа философиялық ой түйіндеу жасап, жанұяның әр мүшесіне нақты анықтама береді.

Ақтайлақ би Карауыл Қанай шешеннен:

- Ер басында бақыт нешеу? - деп сұраған екен. Сонда шешен былай деп жауап беріпті:

- Ер басында бақыт бесеу: Астындағы атың жүрдек болса - жалғанның пырағы. Алғаның жақсы болса - үйің мен қонағыңның тұрағы. Балаң жақсы болса - екі көздің шам-шырағы. Әкең - асқар тау, шешен - аққан бұлақ. Міне, бес бақыт осы.

Тәлімгерде берік ғәм дұрыс мінез пайда болу үшін мына негізгі екі шартты орындауы керек, - деген қорытынды жасайды Мағжан ақын. Олар:

1) Тәлімгерді өз қолынан келетін іске толық ерік беру. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келетін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті, күштен асатын іске кірісіп, баланың тауы шағылмас үшін.

2) Тәлімгерді құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке бағындыру керек. Тәлімгерді еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді.

Көзінің тірісінде аты аңызға айналып, халқының жүрек төрінен орын алған біртуар ұлы тұлға Бауыржан Момышұлы ата-ана, отбасы тәрбиесі жайлы өз ойын

ағынан жарып былай толғайды: "Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен әжем, ата-анамның бейнесі елестейді [84]. Солардың уағызы басымырақ бола береді. Өйткені есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай талғамға бой ұрғызғанмен, солардың бірде бірі нақ өзімнің әжемдей, әке-шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ десем ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес. Бұл сөзім өзіме қанымның тартқанынан немесе жақыныма сезімімнің бөлектігінен, әлде ата-анаға деген парызымның молдығынан ғана туып отырған жоқ. Өмір шындығының өзі ақиқатқа бас ұрары даусыз.

Дүние тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануарлар болмысы жайлы алғашқы әңгімені әжемнен естігенімді, адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытармын! [51,22]. Иә, әлемнің пайда болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы, шынайы сезіммен азаматтық тұрғысындағы жан баурайтын аңыздарды айтқан, ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен, ар заңының, әдептің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да ең алдымен әже, ата-ана, ағайын-туған еді... Енді, міне, есейіп ер ағасы болғанда ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани берген екем ғой..."

К.Кожаметова "Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі" атты оқу құралында отбасы ережесінің төмендегідей болуын талап етеді:

- Үйде әдейі уақыт бөліп, баланың тілін дамытып, ой-өрісін жетілдіру үшін жаңылтпаш, санамақ, мақал-мәтелдер, жұмбақтар айтқызып, ертегі, әңгімелер беру.
- Үйде бесік жыры, бесікке салу, тұсау кесу тойы, сүндетке отырғызу тойларын дағдыға айналдыру.
- Ұл тәрбиесіне, қыз тәрбиесіне айрықша мән беру.
- Баланың көзінше біреуді кінәлап, айыптамау.

Тума-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаңның жақсы қасиеттерін үлгі қылып, балаға айтып отыру. Жасөспірімнің кіндік шешесін танытып, оның отбасымен

туысқандық қарым-қатынаста болу.Адамның үш жұрты болатынына, оларды құрметтеуге, туыстық сезімдерін дағдыландыруға тәрбиелеу:

Ұрпақты көршімен сыйластыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу.

Ұлды күйеу бала болу, қызды келін бала болу қағидаларын білуге үйрету.

Балалардың кішісі үлкенін тындап, айтқанын орындауға тәрбиелеу.

Жасөспірімді үй шаруашылығының барлық түрін меңгеруге үйрету.

Қонақты қарсы алу, шығарып салу, жол-жоралғы жасау рәсімдерін үйрету.

Ата-бабамыздан келе жатқан әдет-ғұрыптарды отбасында қалыптастру.

- Отбасының толық болуын, яғни ата-әжесімен, әке-шешесімен тату-тәтті бір үйде тұру қағидасын балаға өз үлгі-өнегесімен - қалыптастыру.

Адамды тәрбие ететін мектептің бірі, әлбетте, еңбек. Еңбексіз адамның бұл өмірде өмір сүре алмайтыны бесенеден белгілі. Адам қоғамдағы өз орнын еңбек ету арқылы ғана таба алады. Міне, бұны жете түсінген халқымыз балаларын еңбекке баулып, тәрбиелеген. "Еңбекпенен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер", "Ер дәулеті - еңбек", "Ердің атын еңбек шығарады" деген мақал-мәтелдер жастарды еңбекке құлшындырудан туындаса керек.

Ата-бабаларымыз жастарды тек еңбектенуге бейімдеп қана қоймады, олардың адал еңбек етулеріне баса назар аударды. Сондықтан да балаларына: "Адал еңбек ет, біреудің еңбегін жеме"- деген сияқты нақылдар айтып, оларды дұрыс жолға қоя білген [64].

Еңбек - өмірді, қоғамды ұстап тұрған негізгі тұтқа. Еңбек - тіршілік иелерінің көзі. Еңбек - ғаламды қозғалтып тұрған қуатты күш. Шынында да, қоғамдағы болып жатқан барлық өзгерістер, жаңалықтардың барлығы - адам еңбегінің жемісі. Еңбек еткен адам оның өнбегін де көреді. Бейнет түбі зейнет екені халықтық нақылдарда көп айтылады. Осындай халқымыздың түйінді сөздерін өміріне арқау еткен адам еш ұтылмайды [60]. Халықтық нақылдар: "Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады", "Еңбексіз өмір - сөнген көмір", "Еңбегі қаттының ембегі тәтті",- дейді.

Демек, ата-бабаларымыз осы іспетті мақал-мәтелдер арқылы жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеп, жалқаулықтан бойларын аулақ салдырған. Халықтық

тұрмысымызда ұл тәрбиесін өке өз міндетіне алған. Сондықтан өке өз баласын мал бағып, отын шабуға үйреткен. Сондай-ақ, мылтық атып, аң аулауға, заттар өңдеп, өнерлі болуға бейімдеген.

Қыз балалардың тәрбиесін ана өз жауапкершілігіне алған. Ана өз қызына үй сыпырып, төсек жинау, ас пісіріп, шай құюды үйреткен. Сонымен бірге кесте тігу, тон пішу, өрмек тоқу, ою-өрнек жасау сияқты отбасының ішкі жұмысын үйреткен. Бүгінгі қыз - ертеңгі ана. Ал, ана - бала тәрбиешісі. Олай болса, бүгінгі әрбір балғын қыз ертеңгі тәрбиеші бола алатындай етіп тәрбиеленуге тиіс[6]. Қазақ қызы осылайша еңбексүйгіш болып өседі. Ол өнегелі де өнерлі болып халқының абыройын асқақтатады. Ал, мұндай еңбек тәрбиесін алып өспеген қыздардың ешқандай да қолөнерге икемі болмайды. Халқымыз ондай қыздарды: "Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде тон пішер" деп жөнге салуға тырысқан. Халқымыз еңбек пен өнерді егіз деп қараған.

Қолөнер шеберлігін мал бағып, егін салып, аң аулау көсібінен артық санамаса кем санамаған. Қазақ шаруасының қолөнері өзінің күнделікті өмір-тіршілігімен, тұтыну қажетімен тығыз ұштасып жатады. Оның ішкер асы да, киер киімі де, баспанасы да малдың өнімімен байланысты болғандықтан, қолөнері де сол мал өнімін өңдеуге, ұқсатуға арналған [7]. Жүн иіріп, өрмек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, түскиіз өрнектеу, тері илеп, бас киім мен сырт киім тігу қыздар, әйелдер үшін ерекше өнер болып саналған.

Ал, тері, ағаш, темірмен байланысты кәсіптерді еркектер атқарған. Тері өңдеп, былғарыдан алуан түрлі аяқ-киім түрлерін тігетін етікшілік, қайыстан жүген, тартпа, өмілдірік, камшы жасайтын өрімшілік үлкен өнер болып есептелген. Сол сияқты ағаштан ашамай, арба, шана жасайтын балташыларды, темірден құрал-сайман, еңбек құралдарын немесе әшекейлі зергерлік бұйымдарды жасаушы ұсталарды халық жоғары бағалап, ерекше қастерлеген.

Әрине, еңбек ету мен жұмыс істеу айырмашылығын да білген жөн. Жұмыс істеу дегеніміз - белгілі бір деңгейде өз қабілетінді шектеу. Мәселен, аула сыпырушы тек сол ауланы сыпыру арқылы ақша тауып өмір сүреді. Яғни біреуге тәуелді. Ал еңбек еткен адам - өзінің ісіне өзі қожа. Жұмыссыздық деген нәрсе

осы ұғымдарды дұрыс түсіне алмаудан болып жатса керек. Осы орайда үлкендеріміздің: "Жұмыстан кез келген уақытта айырылып қалуға болады, ал еңбектен адамды құдайдан басқа ешкім айыра алмайды", - дейтіндері де шындыққа жанасады.

Абай атамыз: "Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын",- деп еңбектің адамның табиғи қажеті екенін асқан көрегендікпен тамаша тұжырымдап бермей ме?! Демек, адамның адам болуында еңбек шешуші рөл атқарады. Ерікті еңбек адамның шығармашылық мүмкіндігіне кең өріс ашып, оны жүзеге асыруға жігерлендіреді. Адамға, әсіресе, қоғамдық еңбектің игі әсері зор. Себебі еңбектің әдептік, инабат-парасаттық, тәрбиелік ықпалы орасан. Жалпы алғанда, қоғамда еңбек әлеуметтік сипатта бола отырып, топтық және жекелік іс-қимылдарды құрайды. Ол алдына қойған мақсатты іске асырудың бірден-бір тәсілі, жеке адамның өзін-өзі көрсете білуінің, өз орнын табуының жолы болып табылады. Еңбек - тәрбиені шыңдаушы және оның нәтижелерін тексеруші. Еңбек арқылы отбасы мен мектеп жастардың қоғамдық белсенділіктерін дамытып, әдеп-инабат дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар еңбек ету барысында адамның өмір жолындағы кеткен қателіктері мен ағаттықтары, оның өткендегі тәрбиесінде жіберілген кемшіліктері мен олқылықтары түзелтіледі. Еңбек - адамның жан дүниесін жаңғыртып, жігерін жанып, ой-қиялына қанат бітіретін бірден-бір күдіретті күш. Кемеңгер адам тағдырдың салған салмағын нық тұрып көтере алады. Әрі ғылымын өнерге, мейірімді істерге деген сүйіспеншілігін жоғалтпайды. Бойынды үрей мен қорқыныштан таза ұста. Кішкентай ғана бақытсыздық адамды қажытып жіберуі мүмкін. Бірақ шын мәнінде адамды қажытатын әлгі кішкентай бақытсыздық емес, адамның өз ішіндегі үлкен үрейі мен қорқынышы. Сен басыңа төнген бақытсыздықтан соң адал, мейірімді, жан дүниесі таза адамға айналсаң, басыңа түскен қасіретке де қуана білуің керек. Өйткені, бұл қасірет сенің өз басыңа үлкен пайда әкелді ғой.

Жастар - таусылмас күш пен сарқылмас қайраттың нышаны. Абылай хан адамзаттың жадында мәңгіге сақталған тарихи миссиясын атқарған тұста небәрі 20 жасында еді. Византия империясын тізе бүктірген шағында Фатих Сұлтан 21

жасында болған екен. Ұлы Ескендір әлемдегі ең үлкен мемлекетті құрған кезде қылшылдаған жас жігіт болыпты. Олардың қай-қайсысы да өмірін күреспен өткізген. Өйткені олар - халық қамын жеп, жарғақ құлағы жастыққа тимегендер.

Өзіңе жүктелген міндетті ғана орындау еңбекқорлыққа жатпайды. Еңбек қабілетін толық қолданған адам - нағыз еңбексүйгіш адам. Осы тұрғыдан алғанда, "Жастарды түрлі топтарға жіктеуге болады: өзіне жүктелген міндетті ғана орындайтындар, міндетті атқардым деп ойлайтындар, міндетін атқарған соң тағы да артығырақ еңбектенуге тырысатындар. Өмірде үлкен табысқа қол жеткізетіндер де осы үшінші топқа жататындар",- дейді А.Корнеги.

Жастар тарихи құндылықтар мен рухани қасиеттерге ұмтылып, өздерін өмір сүріп отырған заманға лайықтай білсе, көңілдегі көксеген мұратына қол жеткізу тіпті де қиын болмасы ақиқат. Сонда ғана тарихқа алтын әріптермен аттарын жаздырып кеткен ұлы тұлғалармен иық теңестіре алады, ал айырмашылық кезең мен мекенде ғана болмақ.

Жастарды жақсылыққа бастайтын жақсы қасиеттің бірі - ауызбірлік пен ынтымақ. Осы бағдарда өзіндік болмысы қалыптасқан жасты еуропалық мәдениет те, супер мемлекет те, жетілген техника да қорқыта алмайды [37]. Бірлік болған жерде әрдайым тату тірлік болмақ. Мұның бәрі жанкештілікті, жанқиярлықты талап етеді. Ұрпақтың жаңаруы мемлекеттің беріктігін, оның гүлденуін айқындайды. Қазіргі жастар осыны жетік түсінулері керек. Халқымыздың сан жағынан көбейіп, сапа жағынан тұрақтауы - міне, осы ақиқатқа тәуелді болмақ.

Жастар - елдің болашағы, болашаққа сенім арту - жеңісті де жемісті келешектің көрінісі. Жастар мемлекетіміздің қуатты тірегі бола алса, онда экономикалық дағдарыс пен әлеуметтік шиеленіс мүлдем бас көтере алмас еді. Жастар қоғамның белсенді өзегіне айналып, реформаның шешуші күші болуға ұмтылуы керек [77]. Елімізді өткенге емес, баянды болашаққа алып баруға бар күш-жігерлерін салудан аянбаулары қажет.

Ұлтжандылық, отансүйгіштік - әрбір адамға керек қасиет. Адам бойында бұл қасиеттер болмаса, елінің азаматы, өз халқының ұлы мен қызы болу мүмкін емес. Өз Отанын, өз ұлтын сүймеген адамнан ешқандай жақсылық күтуге

болмайды және оның опасыздық жасауы да әбден мүмкін. Ондай адамдар елінің қорғаны да, патриоты да бола алмас.

Ұлтжандылық дегеніміз - өз ұлтын сүю және өз халқы үшін аянбай еңбек ету, ұлттық мүддені қорғау, қайда жүрсе де өз ұлтының баласы екендігін ұмытпау, сонымен қатар басқа ұлттың өкілдеріне құрметпен карап, өз халқының мүддесіне сай саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге атсалысу. Ал, отансүйгіштікті ұлтжандылықтан бөліп карауға өсте болмайды. Бұл екі ұғым бірін-бірі толықтырып отырады [90].

Отансүйгіштік дегеніміз - өз жеріне, өз халқына деген сүйіспеншілік қана емес, сонымен қатар өз Отанын анам, жаным, жүрегім, өмірім, қаным деп карап, өмірін қиюға даяр бола алу. Әрбір жас өзінің нақты сенімін, ұлты мен жеріне деген сөнбес сүйіспеншілігін дұрыс Қалыптастырып, еліміз бен ұлтымызда қызмет деп саналмайтын өрбір істі бос, пайдасыз деп ұғып, бұларды санасы мен көңіліне орнықты етіп орналастырған жағдайда, оның көңілі мен рухы сергелдеңге салынбай, өзін сақтап қала алады. Керісінше, атақ пен данққа, лауазым мен байлыққа ұмтылу жастық рухты түпсіз терең қараңғы тұңғыыққа тарта берері даусыз. Ендеше, шыдамдылық, төзімділік және татулық секілді қасиеттер ғана бізді бейбітшілік пен тыныштыққа бастамас.

Қайсыбір орта болса да, жастық рухтың арқасында дамып, жетіліп отырады. Жастық рухты жоғалтқан орта өшіп жоғалады. Әрбір жасөспірімнің бойында бала кезінен халыққа және Отанға деген сүйіспеншілік, қызмет етуге құлшыныс басым болған жағдайда ол сезімсіздікке бей-жай қарай алмайды, оның жастық рухы тасқындап тұрады. Алайда, осындай асқақ сезім иелерінің кейбіреулері белгілі бір лауазымға қол жеткізген соң жастық жігерлері бірте-бірте өшіп, рухтары күлге, көңілдері шөлге айналады. Осылайша уақыт өткен сайын материалдық өмірден басқаны көзі көрмейтін, көңілі сезбейтін болып, кезінде шаң жұқтырмайтын асқақ идеалдарынан алыстап, қараңғы сезімдердің құлына айналады. Сөйтіп, қызмет міндетімен байланысты кейбір жағдайларда жан айкайына да құлақ аспай, беймаза күй кешіп, әбігерге түседі. Уақыт озған сайын ол барлық ой-пікірін жеткен лауазымынан айрылмау жолында сарп етіп, жоғарғы жақтағылардың

көңілін алуға тырысып бағады, руханияты төмендейді.

Жеке пайдасы үшін бар күшін салып, жалғыз сүйіктісі - қызметінен айрылып қалмау үшін бар мүмкіндікті қолданады. Мақсатына жету үшін ар-ұжданына қайшы келетін, бір кездерде қиял еткен идеалына тіпті жат істерді өз қолымен жасап, пайда үшін әркімге бас иіп, бір күн көкке көтере мақтағандарды екінші күні түкке алғысыз етеді. Оның өзгелерге, өзгелердің де оған жағымпазданып, екіжүзділік көрсетуі, онсыз да жаралы рухына жығылғанға жұдырық болып тиеді. Бұдан кейін оның парасаттылық, ізеттілік көрсетуі мүмкін емес. Алайда, бұл науқас рух сергелдеңге түскен сезіміне, шындықты көре алмайтын көзіне және тұйықталған санасына қарамастан өзін жақсы істердің жаршысы әрі қабілетті де іскер деп санайды. Ендеше, әрбір жастың бойында нақты сенім-наным, пікір, альтруистік сезім, отаншылдық, ұлтжандылық қалыптасып, ел мен халыққа пайдасы жоқ істі әбестікке санап, руханиятқа көлеңке түсіретін сезімдерден аулақ болуы қажет.

Мансапқорлық, атаққұмарлық, қызғаншақтық пен пессимистік сынды кеселдерден бойын аулақ салмаса, ғұмырының мәні де, сәні де болмайды. Дәуіріміздегі ең қауіпті дұшпан - мәдениет империализмі. Енді қай жағымыздан жау келіп қалды деп үрейленбеуге де болады. Себебі олар үйіміздегі теледидар, радио арқылы ойларына келгенін істеуде. Оған өзіміздің өріптестер де дем беріп жатса, не шара. Олай болса, мәдениет империализміне төтеп беріп, өзіміздің ұлттық санамызды сақтай отыра, дүние көшінен кері қалмауымыз керек. Ол үшін олардың пайдалы жақтарын алып, пайдасыз жақтарынан аулақ болу қажет. Ең бірініші кезекте уақытты дұрыс пайдалана білген жөн [27]. Уақыттың бостан бос, зая кетпеуін қадағалау керек. Бос жүріс-тұрыстан және пайдасыз нәрселерден сақтану керек. Адам осылайша өзін тұрақтылыққа, жауапкершілікке үйретуге тиіс.

Әрбір жас өмірін кітаппен нәрлі етуге міндетті. Сәл қолы босаса оның серігі кітап болуы керек. Кітап - адам өмірін ұзартатын керемет дәрі. Кімде-кім көп кітап оқыса, рухани қазынасы байи күседі. Пайдалы кітап оқыған адамның көңіл көкжиегі кеңейіп, жаман қасиеттерден аулақ, әр нәрсеге түсіністікпен қарайтын

болады. Кітаптардың көптігі сонша, өмір бойы оқып бітіру мүмкін емес. Сондықтан ең пайдалыларын, ең қажеттісін тандап оқу керек.

Әр жастың өмірінде, кітап сияқты, спортпен шұғылдану да маңызды рөл атқаруға тиіс. Жалпы, спорт дегеніміз - жастарды өзіне тартатын, сиқырлы күш. Спортпен шұғылданған адам мен жай адамды салыстыруға болмайды. Олардың санасы мен ойы бірдей болуы мүмкін. Бірақ, араларында айырмашылық бар. Бұл айырмашылық - жігерлілік деңгейінде.

Адам баласы қай салада болсын жетістікке жету үшін алдына мақсат қоюы керек. Көптеген қиындықтарды басынан кешіріп, төзім мен күш-жігерін дұрыс пайдалана алған жағдайда ғана ол осы мақсатына жете алады. Көп жылдар бойы денесін шынықтырып тәрбиелеген адам белгілі режимге қалыптасып алады. Демек, ол дұрыс тамақтанады, денсаулығына зиянды заттардан бойын алыс ұстайды. Спорттық кәсіп пен дене шынықтыруды шатастырып алмау керек. Спорт - өзінше бір сала, оған кісі көп жылдар бойы өзін тәрбиелейді.

Ал, дене шынықтыру немесе спортпен шұғылдану - күнделікті денсаулығыңды сақтау үшін жүргізілетін шынығу жаттығулары. Бұны өміріне арқау еткен тәлімгер салауатты ғұмыр кешеді. Ол өзін еркін сезініп, жайдарыланып жүреді. Ал, шұғылданатын еш нәрсесі жоқ адамның ең қауіпті дұшпаны - жалқаулық пен бостық. Ұлы Абайдың: "Өнер атаулының жауы" деп атаған жалқаулық мінез - адамның жанын да, тәнін де бүлдіретін зиянды әдет. Өйткені, жалқаудың өмірі - босқа өтіп қор болған сүйкімсіз өмір. Жалқау тәлімгер мақсат-мұраттарының бірде-біреуіне жете алмайды. Себебі жалқаулықтың оты оны іске жарағысыз етеді.

Тәлімгердің бос уақыты болмауы қажет. Өйткені әр уақыттың өзіне тән істері бар. Қыста ағаш гүлдемейді, олардың уақыты - көктем. Яғни өр нәрсенің өзіндік уақыты болады. Тәлімгер өте мәдениетті, өр нәрседен хабардар, білімді болуы керек. Өмірінің көп уақытын оқумен, ізденумен өткізуі қажет-ақ. Жоспарланған өмір - адамның ең маңызды ұстынымы. Егер күнделікті жұмыс жоспарланбаса, ешқандай тиянақтылық болмайды. Адам дүниеге келгенде бойындағы әр түрлі қабілеттермен келеді. Бірақ бұлттың артында қалғанда күннің сәулесі мен жылуы

білінбейтіні секілді, адамдар да қабілетін ортаға шығармаған кезде өз қабілетінің пайдасын, бағасын білмейді. Ол үшін оған бар мүмкіншілікті пайдаланып көңіл бөлуі және қолдан келгенше аянбай еңбек етуі керек.

Тәлімгердің өзіне тән қабілетін ортаға шығаруына кедергі болатын жайт - білмеушілік, жалқаулық және үмітсіздікпен өмір сүру. Егер кісі бұл келеңсіздіктерді жеңе білсе, әуелі өзіне, одан кейін отбасына, айналасын қоршаған адамдарға, қаласына, өлкесіне және бүкіл дүниеге пайдасын тигізеді. Әр тәлімгер өз деңгейін, қоғамдағы орнын дұрыс аңғарып, соған сай іс қыла білуі абзал. Әркім өзін "пайғамбар" сезінуден гөрі, "аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл" дегендей, халық даналығына бой ұсынғаны дұрыс.

Әрбір жас өзін-өзі әрдайым бақылауға тиіс, яғни, белгілі бір қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, өз орнын, өзіне сай рөлді тапқаны абзал. Белгілі бір ортадағы үйлесімділік сол орта мүшелерінің өз міндеттерін дұрыс орындауымен байланысты. Әркім әр қилы өмір сүреді. Нақты мақсат болып, сол жолда қолынан келген мүмкіндікті пайдалану арқылы адам өмірде айтулы жетістіктерге қол жеткізе алады. Бір ойшыл: "Бізді бақытқа жетелейтін үш нәрсе бар. Олар: еңбек ету, жақсы көру және үміт",- деген екен.

Ешбір нәрсе дүниеде қол жетпейтін биікте емес, негізгі мәселе - соған тәлімгердің шын ниетімен талпынуында. Қалау және еңбектену - бізді мұратымызға жетелейтін басты факторлар.

Мамандар адамның нағыз адам болып қалыптасуы үшін мына үш мәселеге аса назар аударады. Біріншісі - даму мен алға ұмтылуға деген талап. Екіншісі - ұмтылысты жүзеге асыратын жоспар. Үшіншісі - жоспарды жүзеге асыру жолындағы стратегияларды нақтылау [86].

Өмірде жеке тұлға болып қалыптаса алу керек. Жеке тәлімгердің жақсы мінез-құлыққа ие болуы оның өзіне ғана емес, ортаға да пайдасын тигізеді. Адам өзін кісілік тұрғысынан жетілдіру үшін өзіне-өзі:

- Белгілі мақсатым бар ма?
- Мақсатыма ұластыратын жолдар қайсы?
- Мақсатқа қол жеткізу жолында білімім, жігерім жеткілікті ме?

- Іске асатын өмірлік пәлсапам бар ма?
- Санамдағы жеке тұлғаның моделі қандай?
- Осы модельге сәйкес жерлерім, үйлеспейтін тұстарым қайсы?
- Кемдік соғып жатқан тұстарымды қалай жетілдіруге болады? деген сияқты талдаулар жасауға тиіс.

Демек, кісілікті қалыптастыру үшін оқу-тәрбие, мәдени орта мен жұмысты және сондай-ақ жігерлілікті, ерік күшті, байқағыштықты, сезімталдықты, әлеуметтік толыққандылықты жетілдіру қажет. Жаксы мен жаманды шатастыру, анығын айтқанда, санасыздық не шарасыздықтан туады. Сондықтан өзімізге өзіміз сын тұрғысынан қарауға тиістіміз, бұл - азамат болып қалыптасудың алғашқы ережесі.

Әр дәуірдің, әр ғасырдың өз адамы, өз заманы болары хақ, "Заманына қарай адамы" деген сөз осыны аңғартқандай. Мұның мағнасы - заманның түріне қарап істеу, адамзатқа қызмет ету. Әр заманның өз тарихы, өз дүниетанымы болады. Өткен күндердің қасіретін білмей бүгінгі күннің кәдірін сезіну қиын. Сондықтан біз өткен тарихымыздағы қателіктерді ескере отырып, болашақта сол қателіктерді жібермеуіміз керек. Өткенді білмей ертеңге бара алмаймыз. Әрбір адам өзінің арғы тегін, ұлттық қасиетін терең ұғынып түсінсе, оның рухы мықты болады. Рухы мықтылық кісіге аса зор қажыр-қайрат береді. Қиындыққа мойымайтын етеді, қандай да бір көлденең кезіккен өткелден сүрінбей өтуге жәрдемдеседі.

Баяғы бабаларымыз ел іргесіне түнеріп төнген жатжерлік жауға жүрегі толқымай қарсы шығыпты, одан беріде құба дүзге кетпендеп арық шығарып, шыңырау қазыпты, жұтта қара сирақ боп шыбындай қырылудан ұрпағын сақтапты, зұлматқа ұшыраған кездерінде де өткір рухын жоғалтпай, қанын сұйылтпай, азғындап тоз-тозы шықпай, іргелі елдік қалпын сақтапты. Ендеше, қазіргі күніміздегі ауыр боп көрінген шамалы қиындыққа төзбеу - ата-бабамыздың қайсар рухын білмегендігімізден туындайды [82].

Бала тәрбиесіне үлкен мән берген бабаларымыз: "Ел болам десең – бесігінді түзе",-дейді. Ол бесік ұлттық тәлім-тәрбиемен, әдет-ғұрыппен, салт-санамен түзелмек. Ендеше жастар осы тәрбиемен сусындап өсуі қажет.

Мақсат - айқын, жол - ашық... жастар болашаққа қиядан көз тігіп тұр. Болашақтың босағасын именбей аттап, жаңа бейнелі өмірдің уығын қадап, іргесін бекітуге жастардың күш-жігері әбден жетеді. Иә, әлдебір ізгі жан өз қамқорлығындағы бозбаланы ұйқыдан оятарда әр таң сайын: "Граф, тұрыңыз. Сізді ұлы істер күгіп тұр",- деген сөзді айтады екен. Сірә, бұл сөз сәл өзгертіліп жастарға былай айтылуға тиіс сияқты: "Жастар, тұрыңыздар. Сіздерді ұлы істер күгіп тұр". Санада нұр, көкіректе арман болса, болашақ жарқын болмақ. Бұл - жастардың болашағы.

Достық - адамдарды бір-біріне туғанындай бауыр етіп, жақын ететін, араларын кіршіксіз таза етіп, байланыстыратын ізгілікті қарым-қатынас. Достық сезімі адамдардың бойында жаратылғаннан бар. Қандай болмасын адамның өз сырын айта алатын, дертін сөйлей алатын, жарылып шынын жасырмайтын, еш нәрсесін бүкпелемейтін адамдары болады. Міне, ол - дос адам [7].

Дос болу дегеніміз адамдардың танысқаннан кейін бір-бірлерімен жай ғана араласуы емес. Дос болу - танысқаннан бастап шынайы тілектестікпен араласу, керек кезінде қол ұшын беру, басына қиын жағдай туындаған кезде жанынан табылу, оны қажетсіну, сыйлау, құрметтеу, алдамау. Достық сезім өмірдің өзінен туындайды. Кісі күнделікті араласып жүрген адамдарының ішінен өзінің жанына жақын, өз табиғатымен үндес, өзін сатып кетпейтін, адалдығына шүбә келтірмейтін жанды кездестіреді [37]. Содан онымен өте жақын араласа бастайды. Уақыт оза бір-бірлері арасында мызғымас достық орнайды.

Халық педагогикасында жігіттің жақсы-жаман болмағы өскен ортасы, жора-жолдасы және жанұясындағы достыққа байланысты деп бағаланған. Оны "Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа", "Жаманмен жолдас болсаң, кесірі жұғар, жақсымен жолдас болсаң, несібі жұғар"- деген сияқты мақал-мәтелдерден айқын көреміз.

Осындай халықтық мақал-мәтелдерді тілге тиек ете отырып Базар жырау:

Жолдас болсаң жақсымен, Жетеді қолың мақсатқа.

Жолдас болсаң мәңгүртпен, Аунатар бір күн батпаққа.

Есің болса ертерек, Күн ілгері күтініп, Бәледен аулақ бас сақта.

Екі талай жерлерде, Адамға қайыр қылмайтын,
Ақшаның татын жалаған, Түспесін ісің ақымаққа,

- деп, дүние үшін, мал үшін дос болатын ақымақ, арсыз, алдампаз адамдардан аулақ бол дегенді нұсқайды.

"Бір адамның жаны мен екінші бір адамның жаны барлық мінездерімен үйлесетін болса, сонда достық сезімі пайда болады", - деп тұжырымдаған Мағжан Жұмабаев өз ойларын ары қарай былай жалғастырады: - Бала біраз есейіп, басқа балалармен ойнай бастаған кезде, онда достық сезімі оянады. Бірге ойнайтын балалардың ішінен бала өзіне дос тауып алады.

Достық сезімнің балаға көп пайдасы бар. Досының көңілін тауып үйренген бала өзімшілдік мінездерден аулақ болады. Өзінің дос баласының сөзін бала үлкен адамның сөзінен де артық тыңдағыш келеді. Сондықтан тәрбиеші баланың достарының дұрыс балалар болуына қам болуға міндетті. Әлбетте, өзінің жан досы бар адам бақыпы ғой. Өйткені адамның досы барда өмірі - той, жаны - жай, үйі - қызық, түзі - думан, уайымы жоқ.. Қазақ үшін досы бөліспеген қуаныш - қайғы. Доссыз көрген қызық - шыжық. Дос ортақтаспаған байлық - итке тартқан табақтай кәдірсіз.

"Адам өмірі адаммен" деген бар емес пе? Ешбір тәлімгер жеке өзінше өмір сүре алмайтыны анық. Ол міндетті түрде айналасындағылармен санасуға мүдделі. Бұл санасу адамды еріксіз кейбіреулермен достыққа итермелейді.

Кісі осындай жанды өзінің мемлекетінде табуы да, я бөтен елден табуы да мүмкін. Не болмаса өз ұлтынан, я өзге ұлттан таба алады. Демек, достықтың шегі болмайды. Тәлімгердің тіліне, дініне, нәсіліне, ұлтына қарамастан достық орнайды. Өйткені, достықтағы ең маңызды нәрсе - өзара ұғысып-түсінісу, жарасып жақын жүре алу, бүкпесіз болу және риясыз болу.

Әлбетте, достық - еріккендердің ісі емес. Бір-бірлеріне пейіл-ықыластары түскен, жан-жүрегі қалаған, көзқарастары мен ой-ниеті үйлескен, мінездері сыйымды адамдар ғана дос бола алады. "Сен досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтып берейін" деген мәшһүр сөз достардың жан дүниесінің, ой-өрісінің, талғамы мен әлеуметтік көзқарастарының бір-бірлеріне жақын болу

керектігін меңзейді. Тәлімгер өз өмірін достарымен баянды етеді [63]. Өйткені баратын немесе шақыратын досы болмаған адамның өмірі - еш қызығы жоқ бейшара өмір. Бұл орайда халқымыздың: "Көп ақшаң болғанша, көп досын болсын" деген нақыл сөзін еш жадымыздан шығармағанымыз жөн болады.

Салт-дәстүрімізде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани өсиет бар. Ол - достыққа адалдық. Аталарымыз керек кезінде жалғыз атын досынан аямаған, жалғыз жейдесін досы үшін шешіп берген екен. Иә, досы үшін суға түсіп, отқа күйе, кеудесін оққа төсеу осы болар.

Қазақ тілінде әдептілік, сыпайылық, ізеттілік деген сөздердің түп мағынасы бір. Ол - адамгершілік, Яғни ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл және әділетті болу, сондай-ақ адамның көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуі. Адамгершілік адамзат өзі өмір сүріп отырған ортаның даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, өлі де жетіліп келеді[63].

Жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайыгершілік, әділдік пен достық, ар мен намыс және тағы басқа да адамгершілік категориялары сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын еш жоғалтпай келеді. Сондай-ақ, адамзаттың ішкі рухани адамгершілік дүниесінің негізгі формалары - үміт, сенім және махаббат үнемі даму үстінде.

Адам... Адам болу - қасиетті атак. Адам атың болған соң, сен - ата-ананның, еліңнің, Отаныңның перзентісің. Отан алдындағы қарызың мен парызың - ең ұлы жауапкершілігің. Адам болу үшін Абай атамыз айтқандай:

Сүймек, сезбек, кейімек, Харекет қылмақ, жүгірмек.

Ақылмен ойлап сөйлемек... Ақыш керек, ес керек, мінез керек...

Адамгершілік халықтың әдет ғұрыптарымен, дағдылы дәстүрлерімен тығыз байланысты. Ол жеке адамға сыртқы дүние сияқты болса да, сайып келгенде онымен бірдей қоян-қолтық қосыла кетеді. Ал мораль болса адамның ішкі сенімділігі, рухани куәландырылуы[33].

Тәлімгердің белгілі бір ортада бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы - тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Ол егер айналасындағыларға

қайырымды да адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамдық тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершіл жан болып шыға келеді де, ортадағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді. Жаксылық пен жамандық адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Ал, бұл іс-әрекеттерден моральдық қасиеттер туындайды. Осы моральдық қасиеттерге ие болған адам адамгершіліктің не екенін жақсы түсінеді. Халқымыз қайырымды жанды адамгершіл деп дәріптеген. Өйткені адамгершіл болу қайырымдылықты керек етеді. Қайырымды жан - өзгені, яғни, өзінен басқа адамдарды ойлаушы және соларға қол ұшын беруші жан. Ал, жанындағылардың қамын жеу дегеніміз адамгершілікке келіп саяды.

Сондай-ақ, халқымыз "жақсы" деген ұғымды адамгершілікке балайды. Өйткені, ел адамгершіл адамды "жақсы адам" деген. "Жаксы" болуды дәріптеп, жастарды осы тұрғыда мақал-мәтелдер арқылы тәрбиелей білген. Мысалы, "Жаксы - ай мен күндей, әлемге бірдей", "Жаксы келді дегенше жарық келді" десенші, жаксылықтың лепесін ала келді десенші" деген накылдар жаксы адамның адамгершілдік қасиеттерге тұнып тұрған жан екенін жете ұқтырып, осындай болу керектігіне үндейді. Жаксы мен жаман, адалдық пен арамдық халық аузында былай салыстырыла сипатталады:

Айтқан сөзге түсінбес, Жаман емей немене.

Сұрағанды бермеген, Сараң емей немене.

Кісі ақысын көп жеген, Арам емей немене.

Сыртындағы қулығың, Амал емей немене...

Адамға қойылатын басты талап - асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу[66]. Өйткені адам - өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Адамгершілік - адамның рухани арқауы. Осыған орай күнделікті өмірде кісіге "жаксы адам" немесе "жаман адам" деген әдептілік бағасы беріліп жатады.

Ал, әдептілік жағынан кіршіксіз таза болу дегеніміз - адамгершіліктің асқар шыны. Адамгершілік қаруымен қаруланған адам өзгелердің қайғы-қуанышына ортақтасып, оларға қысылғында қол ұшын береді. Ол - өзгелердің жаксы әдістері мен істерін өз басына сіңірудің, өмірдегі ең асыш да игілікті дегендерді күнделікті

тұрмысқа енгізудің үлгісін көрсетуші.

"Мәдениет дегеніміз - адам баласының, ұлттың және нәсілдің ішкі жан дүниесінің уілі мен ыңылының, бояулар мен сұлбалар полифониясының сыртқа шығуы, көрініс беруі, діл мен дүниетанымның жұлыны",- дейді М.Ақдәулетұлы. Мәдениет пен өркениетті шатастырып алмау керек.

Өркениет дегеніміз - тәндік және пенделік тіленіштің ауыр жүгінің жеңілдетілуі, қарынның мүмкіндігінше жеңілірек жолмен тойдырылуы, камшының сабындай болған ғұмырдағы пенденің ащы тері мен азапты жұмысын азайту жолындағы ақыл-ой құлшынысының құдіретті ұмтылысы, "рақат, бейнеттенбейсіңнің" ләззаты.

Абай атамыз: "Жүректен қозғайын, әдептен озбайын",- дейді. Демек, әдептен озбау деген - үлкен қасиет. Ол адамның білімділігін, мәдениеттілігін көрсетеді. Халқымыз жақсы мінез-құлқымен, өнегелі ісімен көзге түскен кісіні "әдепті кісі" деп ардақтайды. Адамның әдептілігі мен мәдениет деңгейі оның сөйлескен сөзінен, істеген ісінен, мінез-құлқынан, әр түрлі жағдайда өзін ұстай білуінен және ағайын-туыстары, жора-жолдастарымен арасындағы қатынасынан, жалпы, барлық жүріс-тұрысынан көрініп тұрады. Халық әдепті адамды "мәдениетті екен" деп сыйлайды.

Мәдениет - рухтың пенделіктен шым-шымдап құтылуға, әлемдік гармонияны іздеуге, адамның шайтан азғырмай тұрғандағы тұтастығына, бізге мін мен трагедия болып көрінетін мінсіз он сегіз мың ғаламның үйлесім сұлулығын сезінуге деген ұмтылысының көрінісі[41].

Мәдениет - өлі де сөби адамзаттың жаратушы мен табиғат ұстаздық ететін рухани мектептен алар тағлымының әуен, сөз, құрал, құрылыс, мінез-құлық, әдет-ғұрып, бұйым, т.т. болып көрініс беруі. Бірақ ібіліс сабақ беретін мәдениет те бар. Адам баласына жүрек пен ми үйлесімі керек.

Ділдің дінгегі - дін. Мәдениетті адамды сомдауға діндердің шешуші ықпал жасағаны ескерілетін болса, қазіргі "еркін мәдениеттің" дүниетанымдық астарында ұлы діндердің ұстыны жатыр. Қазақ халқы Ислам дінімен біте қайнасты. Біздің ата-бабаларымыз осы діннің ұстынымен тіршілік етті. Яғни,

дінді өмірлеріне арқау етті. Олай болса, олардың ұрпақтары біздер де бұл дінді сақтап, имандылық жолына бет түзеуіміз керек. Дін - тек бес уақыт намаз оқу және бес парызды ғана білу емес. Дін - тек жаназа шығару, ақ сәлдемен құбылаға қарап жайнамазға жығылу немесе құран оқу ғана емес[49]. Бұл - дін жайындағы өте тар түсінік болса керек. Бағамдай қарайтын болсақ, дін дегеніміз - ең алдымен тазалықтың, мәдениеттің қайнар көзі. Дін әр пендені тәубеге келтіріп жетім-жесір, кемтарларға көмектесуге, имандылық пен пәктілікке шақырады.

2.2 БАЛАҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Салт-дәстүр дегеніміз - халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасылық тәрбиеде қалыптасады. [6]. Қазақ халқының көпшілік салт-дәстүрлері баланың дүниеге келуімен байланысты туған. Отбасын жеміс берер гүлі, алтын тіреу діңгегі – бала. Халқымыз «Бесіксіз үйде береке жоқ», - деп ой түйген. Бұл отбасы ошағының түтіні сөнбесін деген жеке бастың тілігінен туған мақал емес, сонымен қатар халықтың қамын қарастыру, елдікті ойлау, елдің ертеңгісі жөнінде қам жеу. Қазақ халқының: «Біл баласы бардың шығаршықпас жаны бар, көп баласы бардың үйінде маздаған шамы бар», - деуі баланы бақыт санағандық. Ананың отбасындағы бақыты баламен байланысты. Халық ұғымында баласыз өмірді қараңғы түнмен тең көрген. Өмірден баласыз өту – ана үшін үлкен қайғы, қасірет болып саналады.

Баласы жоқ адамдар «қу бас» атанудан қорыққан. Осы атақтан арылу үшін баласы жоқ ата-аналар жақын ағайын-туыстарының баларын асырап алған. Ал бұл дәстүр ізгі адамгершілік қасиет деп саналып, дәріптеліп келген. Ондай ата-аналар асырап алған балаға барынша мейірмендікпен қарап, туған баласынан да артық еркелетіп өсірген, жақсы тәрбие беруге тырысқан. Басқаның баласына бауырына басып, өз баласындай етіп тәрбиелеу. Көпшілік ырымдар, жол-жоралғылар баланың дүниеге келумен байланысты жасалған. Мысалы «Шілдехана тойында жас нәрестенің, жас босанған әйелді үш күн бойы жын-пері

жағалап жүреді. Әйелдер, келіншектер жас босанған әйелді үш күн бойы жынып-періден қорғап, күзету керек» деген діни ұғымнан пайда болған. Күн батқаннан, таң атқанша жас босанған әйел жаңа туған жас сәбиді ұйықтамай күзетіп отыруы үшін үш күндей түнімен өлең айтып, ән мен жыр, күй мен би, ойын-сауықпен өткізген. Кейін бұл дәстүр жас нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналған жастардың ойын-сауық кештері болып кеткен. Жас нәресте туа салысымен қарт аналардың бірі жас сәбиді ақ шүберекке орап, оның кіндігін балтамен немесе пышақпен кеседі. Ондағы мақсат – баланың өмір жасы ұзақ болсын, балталаса да өлмесін деген ойдан туған ырым. Қазақ халқының әдет-ғұрпында ұл баланың дүниеге келгенін «Ұл туғанға – күн туған», - деп ерекше санаған. Бірнеше қыз туған әйеолдің соңғы баласы ұл болса екен деген мақсатпен кейде қыз балаға Ұлболсы, Ұлтуған, Ұлбала дегенаттарды ырымдап қойған.

Сүйінші. Жас нәрестенің, әсіресе ұл баланың өмірге келуі отбасы мүшелеріне, әкесі мен атасына, нағашы жұртына үлкен қуаныш әкелген. Әкесі мен атасы мал соңында немесе аңда жүргенде жас нәресте дүниеге келсе, қуанышты хабарды тез жеткізу үшін атқа мініп, атаның немесе әкенің алдынан шығып сүйінші сұраған. Сүйіншіге хабаршы не сұраса, соны берген. Тіпті үстіндегі киімін, сауыт-сайманын, атындағы атын да сүйінші сұраушыға тартқан. Сүйінші сұрай шыққан адам ұл болса «атұстар», қыз болса «қырық жеті» деп хабарлаған. Бұл қызды қалыңмалға сатумен, «жат жұрттық адамы» деп қараумен байланысты туған ой-пікірлердің көрінісі. Нәрестені атасына, нағашысына немесе әкесіне көрсетіп, көрімдік алу дәстүрі де ертеден ел ішінде кең тараған салт. Баланы қолына алып, қуанышқа бөлеген атасы:

Ақ тілек, ақ тілек,

Атанның тілін ал, білек,

Атаң көрі, шал білек,

Отынға өзің бар, білек.

Ерте тұрып ерінбей,

Еңбек істе қар күреп... – деп бата беріп, маңдайынан иіскеп, көрімдік берген.

Балаға ат қою. Бала туғаннан кейін қырық күн өткен соң ел ішіндегі ауызы дуалы қарияға немесе баланың атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Көбінесе молданы әкеліп, азан шақырып, ат қойдырған. Ат қойыстың өзінде де бүкіл бір халықтың психологиясы, таным-түсінігі, ой-арманы айқын көрініп тұрады. Кім баласын жаман болсын дейді? Өмірде өздерінің қолдары жетпеген биіктер, арман асулар ұрпағының алдынан шықсын демейтін ата-ана жоқ. «Арман, Тілек, Бақыт, Махаббат» деген есімдердің жиі кездесуі соны меңзейді.

Бесікке бөлеу. Халқымыздың бала тәрбиесіне қатысты дәстүрінің бірі-жаңа туған баланы бесікке бөлеу. Бесік алдымен гигиеналық жағынан бала тәрбиесіне қолайлы: біріншіден, көшіп-қонғанда түйеге артып жүруге оңай, екіншіден, баланы емізгенде өте ыңғайлы. Баланы жөргектен шешіп, жатпай-ақ, ана бесікке асылып отырып емізе береді. Үшіншіден, бесік баланың денесінің тазалығына, ұйықтауына жақсы. Баланың зәрі денеге жайылмай, шүмек арқылы түбекке кетеді. Денесі құрғақ болса, бала жайлы жатып, тыныш ұйықтайды. Бала қырқынан шыққан соң атасы мен әжесі немесе әке-шешесі ауыл-аймақты жинап, баланың бесікке салу тойын жасайды.

Тұсау кесу. Бұл бала қаз тұрып, тәй-тәй басып жүре бастаған кезде жасалатын салт-дәстүр. Ол әдетте баланың туғанына 12-24 ай толғанда жасалады. Тұсау кесу тойының негізгі жабдықтары 1,5 метр ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ. Тұсау кесу тойына ауылдың қыз-келіншек, бәйбішелері түгіл шақырылады. Ет асылып, шай қайнатылады, тойға келгендер шашу әкеледі. Баланың шешесі шаруаға елгезек, пысық әйелдердің біріне баласының тұсауын кесуді ұсынады. Тұсау кесуші әйел жүре бастаған баланың аяғына ала жіппен тұсау салып жатып:

Қаз, қаз балам, қаз балам,

Тай-құлын боп шаба ғой

Қадам бассаң мәз болам

Озып бәйге ала ғой

Күрмеуінді шешейін

Қаз баса ғой, қарағым,

Тұсауыңды кесейін

Құтты болсын, қадамың

Қаз-қаз балам, қаз балам

Өмірге аяқ баса бер

Тақымыңды жаз балам.

Асулардан аса бер.

Қадамыңа қарайық,

Жүгіре қойшы құлыным

Басканыңды санайық,

Желбіресін тұлымың.

Балтырыңды түре ғой.

Ілгері бас, шегінбе,

- деп өлеңдете отырып, тұсау жіпті қайшымен қияды да, баланы 4-5 рет аттатады. Тұсау кескен әйелге көйлек сыйлайды.

Атқа мінгізу тойы. Бала 4-5 жасқа келгенше әке-шешесі арнайы ат, ертоқым даярлайды. Атқа мінгізу тойы жазда боады. Ағайын-туыс, нағашылар келеді. Баланың нағашы жұрты жиенге арнайы ат әкеп, мінгізеді. Тойға келушілер балаға арнап қамшы, садақ, т.б. заттар әкеп, сыйға тартады. Бұл – бала азамат болуға жарады деген ырымдар. Ел жиналғаннан кейін баланың өзіне арналған құнанына ер салып, киіндіріп, атқа отырғызып, байлап қояды да, ағасы немесе нағашы атасы атты жетектеп, ауылды айналдыра аяндатып, кейін ақырын жүргізіп, жүргізеді. Одан соң бала ауыл ортасында жиналып тұрған қарияларға атпен келіп, сәлем береді. Қариялар:

Ал ақ тілек, ақ тілек

Өнеге- өнер таба біл,

Атқа тоқым сал, білек,

Аймағыңа жаға біл,

Жасыңнан малды баға біл

Тең құрбыңның алды бол,

Атқа да жақсы шаба біл.

Мінеки, атқа міндің- ашылды жол,

- деп бата береді. Әйелдер баланың азамат болу қуанышына шашу шашады. Атқа міну тойын баланың әжетке жарауы, еңбекке араласуы, азаматтықтың басы деп ұққан. Ол балаға да үлкен ой туғызып, тез есеюіне әсер еткен.

Сүндет тойы.сүндетке отырғызу – 7-8 ғасырда араб елдерінен шығып, бүкіл мұсылман жұртына тараған. Сүндетке отырғызу, біріншіден, мұсылмандықтың белгісі болып саналса, екіншіден, балаға ержеткен, азамат бодың деген сезімді де білдіру көзделген. Бұл баланың психикасына ықпал етіп, өзін үлкейген екенмін деп сезіне бастаған.

Шежіреге үйрету. Балаға 7-9 жасында әкесінен бастап, ағайын-туысы, нағашы жұртын, алыс-ажықндықты таныстыру, ата-тегін, руын, ел-жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлінген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ер жігіттің үш жұрты бар, оның шығу тарихын, тегін білу ер-азаматқа парыз деп ұққан халық: «Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жөн айтар», - деген аталы сөзді арқау етіп, баласына ата тарихын жастайынан жаттатқан, ал ел-жұрт тарихын білу ер-азаматты ерлікке, елдікке, Отан сүюшілікке баулайды деп ұққан. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, ел-жұрты үшін жасаған ерлігі, өнегелі істері жайында әңгіме еткен. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырас екен деген мақсат көздеген.

Ата ру тарихын білу жақсы дәстүр. Бірақ баланың өз руының адамдарын ғана қолпаштап, «жақсы асыл азаматтар тек біздің рудан ғана шыққан» деген өзімшілдік, менмендік көзқараста тәрбиелеу дұрыс емес. Баска рулар мен елдердің де ақылды, шешен, батыр, ақын адамдары туралы сөз толғап, әңгіме ету. «Жақсы туса – елдің ырысы», «Жақсы көпке – ортақ», ол халықтың қамқоршысы деген ой-пікірді жастардың жетесіне жеткізу азаматтылық парыз. Өкінішке орай, отбасы тәрбиесінде осы жағы кейде жетіспей жатады. Асылы жастарды көпшіл рухта, бауырмал етіп тәрбиелеу ләзім. Дін - даналыққа, кісілікке үндеп, әділдікті әділсіздікке, жақсылықты жамандыққа қарсы қойып, адамзатты ақ және адал іске бастайды. Олай болса, «мәдениеттілігіміз дінге де байланысты болмақ. Мәдениет адаммен бірге жаралып, адаммен бірге қалыптасқан. Сондықтан адам бойындағы адамшылық салтты ортаға шығару оның басты сипаты болып табылады.

Адам адаммен, табиғатпен, өзіне дейінгі мәдениеттің тәжірибесімен және оның құндылықтарымен пікір сайысқанда ғана, мәдениет құбылыс ретінде іске асады. Әлбетте, қандай да бір мәдениеттің рухани өмірінің бел ортасында ұлттық салт-дәстүр тұрады. Дәстүр - мәдениеттің іргетасы, өйткені, дәстүрдің маңызды қасиеті де, қызметі де белгілі бір мағынада тұрақтылықты қамтамасыз етеді. іргетассыз қабырға да, үй де соғылмайды. Сол сияқты тұрлаусыз даму да

болмайды.

Сонымен, "дәстүршілдік" дегеніміз адамзаттың жинақтаған барлық құндылықтарын сақтап қалуға деген талпынысты білдірсе керек. Ал, ұлттық дәстүр - сол ұлттық құндылықты сақтайтын жалғыз құрал. Олай болса, ұлттық салт-дәстүр - мәдениеттің құты мен құралы. Иә, әдет-ғұрып, салт-дәстүр арқылы жұртшылықтың бет-бейнесі танылады. Әрине, дәстүр - түптің түбінде консервативті бастама. Тек біржақты, үстірт түсінбеу керек. Ол дегеніміз, дәстүрді тек өткенді бағдар етіп ұстайтын, көзсіз сенетін, "ескішілдік" деген түсінік болмаса керек. Дегенмен, дәстүрдің де озығы бар, тозығы бар.

Қазақы дәстүрлердің озығы - үлкендерді сыйлауға, ата-ананы ардақтауға, қонақты құдайындай күтуге, кісіге бауырмалдық танытуға және де ақ көңілділік, жомарттық, қанағатшылдық сынды қасиеттерді баулуға негізделген салт-рәсім, әдет-ғұрып, жөн-жоралғылар. Шыныменен, салтымыздың ерекшелігі - кісілік ізгілігінде. Ағайын жұрттың сыйымдылығы мен сыйластығы - қарым-қатынастағы саналылық пен сауаттылықты, мінездегі сергектік пен сабақтастықты үйлестіреді. Халқымыз - мейірімді, ол - оның бақыт кілті.

Ана тілін білмейтіннің мәдениеті жайлы сөз айту әбес болса керек. Ана тілінің ұланғайыр мол қазынасына терең бойлай, толық біліп, оның күдіретті күші мен нәзік сырын молырақ сезініп, әр түрлі характерлі образдарын ерекше танып, ішкі жан дүниесінің тазалығын көрсете алған адам, әрине, мәдениетті жан емес пе? Ең бастысы - ана тілге деген жоғалған құрмет пен сенімді қайтадан өз қалпына келтіру. Онсыз ұлттық сана түкпірінде сақталған өмір сүру және ойлау дағдысынан хабардар болу қиынға түседі.

Ұлттық сезім тәркіленген жерде өз тегін ұят тұтқан көргенсіздер әулелі дүниеге келеді екен. Карап отырсақ, біздер сондай күйге жетер-жетпес қалған екенбіз. Ендігі жерде өз мәдениетін жатсынбайтын және оны мақтан тұтатын ұрпақ болу - парыз. Олай болса, келешегімізден үмітті болуымыз үшін алға сапар шеккен жас буын өткенді, ата-баба мұрасын білуі кажет. Ол үшін жас буынды уақыт сынына төтеп беріл, тұрмыс өлшеміне шақ келген ата-бабаларымыздың қасиетті тәжірибесімен ауыздандыру керек. Өйткені қазіргі адамгершілік,

әдептілік, имандылық сынды шынайы адами қасиеттерді адамзаттың әлсіз тұсы деп қарауға жетіп қалған техногендік өркениеттіліктің уытын қайтару үшін салт-дәстүрлерге маңызды рөл жүктеледі. Кейінгі кезде мәдениетті болу деген ұғым қате түсінік тудырып жүр. Мәдениетті болу дегеніміз - жақсы болсын, жаман болсын жаңа бір үрдісті ойланбастан қабылдау, ата салтымызға жатсын-жатпасын батыстан, Америкадан немесе басқа да шет елдерден келген нәрселерді иемдену, өзімізге жарассын-жараспасын басқа елдердің әдеттеріне еліктеу немесе соған әуес болу емес[19].

Мәдениетті болу дегеніміз - бұлардан хабардар бола отырып, кісінің жеке басына, елге, жерге пайдасы болған жағдайда ғана оны өзіміздің салтпен ұштастыра отырып қабылдау. Демек, мәдениеттілік дегеніміз - әуелі өзіңнің тілінді, ділінді, дінінді, тарихыңды, өнерінді, мәдениетіңді, салтыңды, дәстүріңді, әдетінді және ғұрпыңды жақсы меңгеру әрі, мүмкіндігінше, оны өмірде қолдана білу, сонымен қатар, басқа елдердің де жаңалықтарына, мәдениеттеріне есікті теріс жаппай, олардың да аса керекті жақтарын өзімізге бейімдеп алу. Әрбір ұлт өзінің мәдениетін білуге, оны сақтауға тиіс. Өйткені мәдениет халықтың елдігін, бірлігін, тірлігін, сондай-ақ азаматтығын қолдау үшін, көрсету үшін керек.

Заңды, қолдағы құтты қорғайтын қабілет-қасиет, шынды шыңдайтын адалдық, елді ынтымаққа қосатын өнеге – мәдениеттіліктің жанды және серпінді күші екенін ұққан абзал. Осы бағдардың мән-жайын дұрыс түсініп, сол міндетті шешуге әркім өзінше тікелей араласса ғана тәлімгерге мәдениеттің құты қонады.

Әдепті тәлімгер өзінің нысаптылығымен ерекшеленеді. Ал, нысапты тәлімгер деп өзін және өзгелерді сыйлайтын, ешкімнің ақысын жемейтін, ешбір жанның ала жібін аттамайтын, басқалардың құқығын мойындайтын әрі оны құрметтейтін, сөзіне берік, уәдесінде тұратын, адалдықтан аттамайтын, әділдікті жақтайтын, турашылдықты қалайтын, шыншылдықты жаны сүйетін адамды айтамыз[74].

Ел аузында "нысапсыз" атану - ең ауыр жаза. Бұл кара батпанға батпас үшін, әлбетте, нысапты болуға ұмтылу керек. Ол үшін имандылық жолына түсу қажет. Өйткені құдайшыл адам нысапты келеді. Ал, нысапты адам міндетті түрде

әдепті болады. Сондықтан да халқымыз: "Нысап - діннің жартысы"- деп, нысапаылықты Құдайға карағандық деп білген.

"Нысапсыз" деген сыпат қанағатсыз адамдар үшін айтылады. Тәлімгердің бойындағы ең кеселді аурудың бірі осы көзі тоймаушылық болса керек. "Нысапты адам асып жейді, нысапсыз адам басып жейді", "Нысапсызға ерік берсең, елді талайды", "Нысап, ұят - бұл ғаделеттен шығады"-деген сынды макалдар мен ұлағатты сөздер адамды нысапсыз болудан жирендіріп, нысапты жан болуға шақырады. Нысаптылық адамдардың іс-ерлік іс-қимылдарына байланысты олардың талаптары мен әрекеттерін қадағалап әрі үйлестіріп отырудан туындайды. Сондықтан да адамдар арасындағы қанағат пен тойымсыздықты бағалаудың өлшемі - нысап. Сондай-ақ, ол – тәлімгердің өзі өмір сүріп отырған ортадағы атқаратын рөлі мен әлеуметтік ахуалының үйлесуін, кісілігі мен оны бағалаудың құқылық және міндеттілік қатынастарын көрсететін, жалпы адамзаттың ұғым-түсінігіне сай келетін тұрмыс тәртібі.

Өзінің ғана бас пайдасы үшін қандай да болмасын қылмыстық іс істеуден бас тартпайтын, алтын көрсе тура жолдан таятын, өз тамағын ойлап, пара алатын, құлық асырып кісі ақысын жейтін, бетке мақтап, арттан даттайтын, дүние-мүлікке, мансапка, атақ-даңққа тоймайтын, өтірік айтқанға шімірікпейтін, қайырымдылық жасау дегенді білмейтін, тек өзім ғана ала берсем, тоя берсем деп ойлайтын, адам құқтарын аяқпен таптап жүре беретін, ел мүддесін қорғаған болып, өз мүддесін ғана қорғайтын, жұрт қамын жегенсіп өз қамын ғана жейтін, өз дегеніне жету үшін әділдікті бұзудан жасқанбайтын адамдарды кім дейміз? Әрине, олардың халық қойған аты бар. Олар - нысапсыздар.

Қарап отырсақ, нысаптылық ауқымы өте кең екен. Тіпті, бүкіл әдептілік ұғымын қамтитындай. Нысап дегенде әдеп, әдеп дегенде нысап ұғылатын тәрізді. Нысапты адам кісілермен, елмен, жұртпен қарым-қатынаста жылы шырайлы келеді, мейірімділік танытады, қатаңдыққа, қатыгездікке бой алдырмайды, ешкімді мінеп-сынамайды, Қорламайды, Өкпелетпейді, ренжітпейді, кісі көңілін қалдырмайды, әрдайым адам жанынан табыла біледі.

Тәлімгер белгілі бір ортада өмір сүреді. Ал, сол орта тәлімгерден кейбір

нәрселерді талап етеді. Бұл талаптар орындалмайынша адам қоғамнан өз орнын таба алмайды. Яғни, ортадан шеттетіледі. Демек, ортамен санасуға тура келеді. Бұл талаптардың бірі ретінде орта тәлімгерге өз міндеттерінді адал орында дейді. Міне, адал болу, шыншыл болу, тура болу керектігі тәлімгерге осындай қажеттік тудырады. Бұл қажеттік тәлімгердің нысапты болуын керек етеді. Ендеше, тәлімгер өзі өмір сүріп отырған ортада міндетті түрде нысапты болуға тиіс. Онсыз орта тұралап қалады, тіпті күйреп кетуі де ғажап емес. Өйткені нысапқа орын берілмеген ортада өмір сүру шегіне жетеді. Олай болса, әркім өзі өмір сүріп отырған ортадағы өз міндетін, жауапкершілігін беріле орындауға тиіс. Істеген істерін шын көңілден, адал ниетпен, пәк сезіммен жасауы керек. Ең азынан осыған талпынуы қажет. Бұл оның нысаптылығын көрсетеді. Шындық бар жерде, ақиқат бар жерде орта ілгері қарай жылжыған сайын жылжи береді, алдыға қарай дами түседі. Бұл дамудың астарында еш күмәнсіз нысаптылық жатыр. Өйткені нысаптылықта шыншылдық бар. Нысапты кісі шындықты айтады, адал сөйлейді, мұны өзінің міндеті деп біледі. Ал, шыншылдық болса адамдар арасындағы әдептілік түсініктерін қалыптастырады. Иә, нысабы бар адам өмірде өзіндік бір ұстам ұстанады. Ол бұл ұстамнан еш уақытта айнымайды да. Аяға қойған максатын орындауға шын ықыласпен кіріседі. Бұның бәрінде нысаптылық шеңберінен ауытқымауға тырысады.

Оның аттаған әрбір қадамы, талпынған барша әрекеті, істеген барлық қимылы, жасаған бүкіл істері, атқарған күллі жұмысы, еңбектенген бүкіл жүріс-тұрысы осы нысаптылықпен өлшенеді. Ол нысаптылықтан қия баспайды, оны бұлжытпай орындайды.

Тәлімгер бойында нәпсі деген құлқын бар. Нәпсі адамға тек жамандықты қалатады. Ол адамды ішінен түртпектеп, ананы істе, мынаны істе деп жанын қоймайды. Міне, өзінің нәпсісінен жеңілген адам осындай нәпсіқұмар жан болып шыға келеді.

Тәлімгердің бойындағы нәпсі тек қана жей берсем, тоя берсем, ала берсем, кие берсем, көңілімді көтере берсем, құмарлана берсем деп араны ашылған сайын ашыла береді. Сондықтан нәпсі адамды тұрпайы етіп тәрбиелейді. Бұған жол

бермес үшін міндетті түрде нәпсімен күресу керек. Нәпсісін тыймаған тәлімгер жеке басына ғана емес, өзгелерге де өз зиянын тигізеді. Ол осылайша қоғамға зиянды жан болып шыға келеді. Демек, әрі өз басына, әрі өзі өмір сүріп отырған ортаға зиян келтірмес үшін әрбір адам өз нәпсісін дұрыс жолға қоюға міндетті. Ал, бұл жағдайда нәпсі адамның дене және жан қажеттерін, рухани талаптарын қанағаттандыруға бағытталады. Өлеңдерінде жаман әдет, жат мінездерді сынаған Шал ақын:

Қас жаманның белгісі Жиын тойға барғанда

Тамағына өкпе етер. Өкпелеймін деп кетер.

Нәпсің бір көкжал бөрідей Иманың бағдан қозыдай,

Егер тыю салмасаң, Иманыңды жеп кетер,

- деп нәпсінің құлына айналған, тамағы болмаса болмашыны сылтауратып, өкпе етер әдепсіз кісілердің сикын әшкерелейді. Ақын бұл жерде түсінікті түрде комағайлық пен ашқарақтық Құдай мен Құранды, акырет пен иманды құдірет тұтқан қазақтарға пір санаған иманыңа да қарамайды, нәпсің көкжал қасқырдай, оған тізгін берсең, халық алдында арыңцы төгеді, ұятқа қалдырады дегенді айтып сақтандырады.

Болмашы байлықтың буына ісіп-кеуіп, асқақтайтын өр көкірек, мақтаншак жандарға "Малым бар деп мақтанба, мал бір жұтта жоқ болар", "Асып-таспа, сабаңа түс" дейді. Кей тәлімгер не істесе де, өзі үшін істеп, өзін дана санайды. Ол адам үшін істің жақсы-жаманы емес, пайдалы болуы ғана маңызды. Ал, барлық нәрседен, барлық жағдайдан пайда түсіруді көздеу нәпсіқойлыққа жатады. Тәлімгер бұл өмірде пендешілігімен көп нәрселерді қажет етеді. Ал, бұл қажеттіліктерді тәлімгердің ақылы мен нәпсісі басқарады. Егер ақыл нәпсіден үстем түсер болса, онда ол адамның бақытты болғаны. Ал, егер нәпсі ақылдан үстем түссе, онда ол тәлімгердің әдепсіздікке, азғындыққа соқтыққаны. Сондықтан халық: "Бере береді екен деп ала берме; Құя құя береді екен деп іше берме" деп ескертеді. Жалпы, нәпсі дегеніміз - адамның ішіндегі құмарлық сезім. Тәлімгер бұл сезімнің илеуінде қалса, құмартқан барлық істерін жасаудан тайынбайды. Мұндай нәпсіқұмар тәлімгер әрқашан өз құмарымды қандырам деп

үйреніп, ақылы толысуы мүмкін. Ал, өзін дүниедегі ең ақылды санайтын ақымақ адамға ешқашан ақыл кірмейді. Ақылды және адамгершілігің мол болса, өзіңнің пендешілік нәпсіңді тыя аласың. Сен өзіңнің осы деңгейіңе шүкіршілік ете отырып, әрбір істен өзіңе сабақ, боларлық тағылым іздеуге тиіссің. Сен әрдайым әр нәрсені үйреніп алуға тырыс. Өйткені ақылды адам - ақыл айтқан адам емес, ақылды адам - білмегенін білуге ұмтылған адам.

Жанжалдан, ұрыс-керістен бойыңды аулақ ұста. Өйткені жанжалдасу екі жаққа да береке әкелмейді. Ойланбай және орынсыз айтылған мақтау да, даттау да қауіпті. Кейде пікірталастың өзі ұрыс-керіске айналады. Себебі әркім өзінікін растауға тырысады және дөрекі мінез-құлқымен бір-бірінің алдында қадір-қасиеттерін жоғалтады.

1.3 ҚЫЗ БАЛА МЕН ҰЛ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Қазақ халқының өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен (6 ғасыр Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі-халықтық педагогика. «Халықтық педагогика-тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізінде педагогикалық мазмұны мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, отбасы тәрбиесінің тәжірибелері жатады.... Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру»[1].

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда-ақыл-ой тәрбиесі, өлең-жыр, дастандарда-әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика-тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Бұл жердегі еске алатын негізгі жайт: осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай

бермейді, олардың озығымен қатар, тозығы да бар. Ең негізгі мәселе-бұларды бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра пайдалан білу болмақ.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бексік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні-адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі [5]. Бала жастайынан халықтық әдеп-ибамен сусындауға тиіс. әлбетте, кісінің бойына әдепті дарытатын ең бірінші-жанұядағы ата-анасы.

Жанұя – адам баласының алтын діңгігі. өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап осы жанұяның есігін айқара ашып енеді және осында өсіп, ер жетіп, жанұясының тәрбиесін алады. Сондықтан да жанұя-адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер-күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес... «Ел боламын десең-бесігіңді түзе»-деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып-ақ тұр емес пе?

Отбасы мүшелерінің жас шамасы әртүрлі болса да, олардың арасында бір-бірлерімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар. Адалдық пен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілмен баланың көкірегінде орын тебеді.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше бұл жанұя мектебінің ұстаздары болады. әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші талап-тілектері-баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Қазақ бала тәрбиесіне, ұрпақтың өсуіне айрықша мән берген халық. Сондықтан да «баланы бастан» деп тегін айтпаған. Ежелгі Рим мемлекетінің шешен-философы Цицеронның мынадай сөзі бар: «Балаларым болса екен деу-

табиғи нәрсе. Расында бала болмаса адам мен адамның табиғи байланысының болмауы да мүмкін емес. Ал бұл байланыс жойылса, тіршілік ортақтастығы да жойылады». Осындай тіршілік тұтастығының түп қазығы болып табылатын баланың дұрыс тәрбие алып, жақсы адам болып өсуіне қазақтар ертеде ерекше мән берген. Халық даналығы адамда үш жұт бар дейді. Оның бірі-өлім, екіншісі-көрілік, үшіншісі-жаман бала. Көрілік келмей қоймайды, өлім алмай қоймайды, ал бала жаман болса, одан құтылу жоқ, адамдыктан шығарады, абыройыңды айрандай төгеді. Сондықтан «Атадан жақсы бала туса, есіктегі басын төрге сүйрер, атадан жаман бала туса, төрдегі басын жерге сүйрер» деген сөздер қалған.

Қазақ отбасында тәрбие ісі ғалым Ш.Ахметовтың зерттеулерінде негізінен басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден – тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шаша баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, олар баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен. Бесіншілен, өнегелі ұстаз бен көрікті көпті көрген қарияның сөзін тыңдап, «ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол»-дегенді бойларына біртіндеп сіңіре берген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлап, құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін (көзі қисық, аяғы ақсақ, т.б.) бетіне баспа деп үйреткен. Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнерінді соған жұса дегенді ерінбей-жалықпай айтып қана қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған. [10].

Баланы жасынан қайратты, қайырымды, ақылды, адал, әділ, өнерлі етіп өсіру мәселесі қай кезде де айрықша мәселе болған. Өнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі деп ертеде қазақтар баланы өнерге баулуға ерекше мән берген. Баланы адамның ала жібін аттама, ішер асыңды, киер киіміңді еңбегіңмен тауып, соның жемісін напақа ет деп үйреткен. Халқымыз әр жастағы адамдардың көңіл-күйі, сезімдері, мінез-ерекшеліктері, түсінік-

талғамдары, енім, қызығулары, әдет-дағдылары бірдей болып келмейтіндігі жөнінде де қызықты пікірлер айтқан.

Шал акын толғауларында нәресте, «бөбек», сәби және бозбала психологиясының қатыптасуы, даму ерекшеліктері хақында салықалы ой түйіндейді. Оның пікірінше адамдық қасиеттер кісінде бірден жетіліп, іштен тумайды, баланың сана-сезімін тәлім-тәрбиенің, ойынның, ортаның арқасында есіп, дамып қалыптасады:

Бір жастан, екі жаста бесіктемін.

Бес жаста Тәңірі берген еңсіптемін.

Алты жаста қайыңның тозындаймын,

Жеті жаста ойпаң жердің бозындаймын,

Он жасымда сүт емген қозыдаймын,

Он бесте жарға ойнаған лақтаймын – [12].

Осы өлең шумағында бала сана-сезімінің даму жолдары, бой мен ойдың қоса дамуындағы әр жастың өзіне тән ерекшеліктері, әртүрлі ішкі-сыртқы жағдайларда баланың жан-дүниесінің біртіндеп, нәрленіп, жаңа мазмұнға ие болып отырғандығы байқалады. Акынның осындай жалпылама тұжырымдары қазіргі психология ғылымының қағидаларынан еш алыс кетпейді. Сөз маржандарында адамның жас ерекшеліктері негізінен балалық, жастық, кемелдік және кәрілік шақ секілді басты-басты төрт кезеңнің тұрғысынан қаралатындығын байқауға болады. Адамның моральдық бейнесі, психикасы оның іс-әрекеті үстінде дамиды, ал іс-қимылдың алғашқы іргетасы балалық кезде қалыптасады. [13]. Халқымыз өз ұрпағын жақсы қасиетке еңбексүйгіштік, тілалғыштық, имандылық, т.б. баулудың үнемі негізгі мәселе деп ойлап келген. Осыдан да болуы керек, сәби, бөбек тәрбиесі мақал-мәтелдерден елеулі орын алған. «Бала –көңілдің гүлі, көздің нұры», «Алты жасар бала атқа мінсе, алпыстағы шал алдынан шығады»- деген мақал-мәтелдерге арнаулы түсінік бере жатудың қажеті бола қоймас. Халқымыз тәрбиесі кем балаға жаны ашып: «Әдепсіз бала-сорлы бала» , «Балаң жаман болса-көрінгеннің мазағы» - деп

әдепсіз, өзінің де, өзгенің де мазасын кетіретін, талапсыз, жалқау, салдыр-салақ, қорқақ, күйгелек, өздігінен еш нәрсе істей алмайтын балалардың келешегінен күдіктенеді де, ата-анасының айтқанын екі етпейтін тіл алғыш, зерек, әр нәрсені танып, білуге құмар, елгезек, ықыласты, тәртіпті балаларды басқаларға үлгі етеді. Мәселен, «Балаң жақсы болса, екі көздің шамшырағы», «Адам болатын бала алысқа қарайды», тағы басқа осы сияқты халық нақылдарында мінез-құлық психологиясы дұрыс бағытта қалыптасып келе жатқан талабы таудай, өмірге бейім балалар сөз болады.

Ата-ана өз баласын өнегелі сөзбен, жеке басының үлгісімен тәрбиелейді. Ойын баласында үлкендердің сөзіне, қылығына, іс-әрекетіне еліктеушілік басым. Мақал-мәтелдер бұл жөнінде төмендегіше тұжырымдаған: «Баланың тентек болмағы үйінен», «Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай сөйлесең көрсетер бір өнер»- деп халық бала тәрбиесін тек құрғақ, сылдыр сөзбен жүргізгеннен гөрі, іс-әрекет, үлгі-өнеге арқылы жүргізудің пәрмендірек келетіндігін, сондай-ақ бала тәрбиесіне оның құрбы-құрдастарының да ықпалы болғандығын еске алып отырған. Сондай ақ балаға жасалатын ерекше мейірімділіктің де, керемет қаталдықтың да, баланы бір-бірінен алалап қараудың да теріс нәрсе екенін, ал баланың жеке басын құрметтеп, оның психологиясының дұрыс қалыптасуына жағдай жасайтынын нақыл сөздермен дұрыс көрсеткен. [25].

Халық ұғымында адамның негізгі өмір кезеңінің бірі-жастық кезең-бозбала шақ. Мақал-мәтелдерден бұл тақырып та елеулі орын алған. «Ер бала он бесінде отау иесі», «Болар елдің баласы он сегізінде баспын дер» - деген толғаулар жастық, бозбалалық шақ-адамның ақыл-ойы қауырт өсетін, іс-әрекетке, қимыл-қозғалысқа аса құштар, албырт, романтикалық кезі екенін өте дәл бейнелейді. Жастық шақтың басты белгісі-адамның жаны мен тәнінің сапалық, сандық жағынан да елеулі өзгерістерге түсуінде. Осы жаста адамның қоғамдық белсенділігі артады, оның сана-сезімі өседі, психикасы шындала, қатая түседі. Ол қоғамнан өз орынын табуға тырысады, өзін қоршаған ортаға сын көзбен қарай бастайды. Бұл жастарда өзін-өзі бағалауға ынталану, рухани өмірге қызығу, жеке басындағы ойлар, адамгершілік идеялар^{*} кемеліне келе бастайды. [32,25,17].

кезінен бастап қолға алса ғана тәрбие нәтижелі болып, жақсы жеміс бере алады. Жас бала табиғатында оқып үйренуге, танып-білуге әуес. Ата-ана осы жәйтті дер кезінде тиімді пайдаланып қалуы қажет. «Баланы үйрет үйрететін кезінде», «Буының қатпай білім ал»- дейді бұл жөнінде нақыл сөздер. Халық даналығы жас буындарды тәрбиелей ісінде өмір барысында меңгерілетін білім, дағды, ептілік сияқты қасиеттерге де мән берген.

Адамзаттың, дәлірек айтқанда, әр халықтың келешегі мен баянды өмірі оның өсіп-өнуіне, басының амандығына байланысты. Соны ерте түсінгендіктен бе, әлде жерінің кең, дұшпанының көп болғандығынан ба, қазақ халқының балаға деген ынтызарлығы сондай ерекше.

«Әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып» бала үшін дүниенің бәрін мансұқ еткен ата-аналар болған. «Боз торғайдай төлшіл бол» деп ең жақсы алғысы да бала тілеуден басталады. «Қабырға жетпегір» деп қарғысын да бала тілеумен аяқталады. [1,15]. Монғол, жоңғар шапқыншылығынан бастап байтақ жерін-мекенін қызғыштай қорғай жүріп, бүкіл өмірін аттың жалын, атанның қомында өткізген жауынгер халықтың саны азайып, кеми берген екен. Соған орай халқымыздың бас кемшілігі және бала зары еселеп арта түссе керек. Сол халық тілегін мына шешендік сөздерден айқын байқай аламыз:

Құйрығы суда болса да,

Құрамайтын құрақ жоқ.

Дүние деген фәни бұл,

Баласы жоқта шырақ жоқ.

Бәрінен қиын сол екен,

Артыңда қалған тұяқ жоқ.

Сырттай айтқанда, баласыз бір кісінің арманы айтылған сияқты. Ал, байыптап қараған кісіге бала бүкіл халық тілегі болғанын аңғару қиын емес.

Қазақ халқы өте балажан халық. «Артымда қарайып ұрпақ қалсын, шаңырағымда шырақ жансын»- деп ұрпақ жалғастығына зор мән беріп, баланың

ат жалын тартып мінер азамат болуы жолында күш-қайратын аямаған. Қазақ халқы бала шыр етіп жарық дүниеге келген күннен бастап бірінен кейі бірі ретімен келіп жататын үлкенді-кішілі қуаныш, той-думандар жасаған. Қазақ халқының ата тәрбиесі, ана, әже, ене тәрбиесі үлкен рөл атқарады. Әсіресе, әже деп құрметтеп атап, қарт шешесін сыйлайтын дәстүр бар.

Әже шаңырақтың ұйтқысы, алтын қазығы және тәрбие мәселесіндегі ен басты тұлға. Немере – шөберелердің қамқоры болатын да, олардың ой-өрісін дамытып, тілін ұштайтын да – осы әжелер. Әжесінен тәрбие алған бала ертегі, әңгіме, өлең-тақпақты көп біледі. Бауырмал, сезімтал болып өседі, үлкенді сыйлағыш келеді. Өйткені әже әлдіі олардың құлағына жас кезінен сіңіп қалады. Бала өмірінде әже сияқты атаның да алатын орыны ерекше. Ата бауырында өскен немерелер ерте ер жетіп, тиянақты, саналы болады. Бұл олардың өмірлік тәжірибесінен, таным-талғамынан туындайды.

Зейнеп Ахметова «Кәусар бұлақ» бағдарламасының алғы сөзінде ата-ананың балаға деген ықпалды тәрбиесін өз өмір тәжірибесімен байланыстыра отырып, былай суреттейді: «Менің әлі күнге дейін есімде: кішкене кезімізге әр көктем сайын қарт аталарымыз ауылдағы ойын баласын тегіс жинайтын. Оларға естияр бірнеше жігіт-желеңді бас етіп, бұлақтардың көзін ашуға жіберуші еді. Сонда ата-әжелеріміз «Бұлақтың көзін ашу-Меккеге сапар шеккендей қасиетті іс, сауабы үлкен. Су бар жерде тіршілік бар, бұлақтың көзі ашылса, су мол болады, су мол болса, астық та, шөп те, гүл де жайқалып өседі. Адамдар мен жан-жануарлар тоқ болады, тоқ болса бір-біріне қастық жасамай бейбіт жүреді. Бастаудың көзін ашсаңдар, өмір-тіршіліктің де көзін ашасыңдар», [4]. Осыны естігенде тіршіліктің тірегі бізге қарап тұрғандай канаттанып, бір де біріміз қалмай бұлақтар мен тұнбалардың көзін ашып, су ағатын жылғалардың жолын тазартуға көшуші едік.

Баланың әдептілік міндеттері. Жақсы бала – ата-ананың аңсаған қуанышы. Бала ата-анасын қуантарлық іс істеген кезде олардың төбесі көкке жеткендей болады. өйткені балаларын жақсы етіп тәрбиелей алғандықтарының

куәсі өздері болады. Ата – ана оған кішкентай кезінен бастап бар жақсылықты үйіп-төге бастайды. Баласының бақыты үшін қолынан келгенін аямайды. Міне, ең бірінші кезекте бала ата-ананың осы бір еңбегін жете түсінуі керек. [14.17].

Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз. Қазақ ғұрпындағы ата-ананың алған ерекше биік орыны, қадір-қасиеті ше! Ананың ақ сүтін, әкенің адал күшін ақтау - өз болашағыңды сақтау. Ата – анаға не істесең, алдыңа сол қайтады. «әкесін сыйламағанды, баласы сыйламайды», - деген бар емес пе? Ата – анаға қатыгездік жасаған адам дүниедегі ең күнәсі көп, адамдық ардан безген жан болып саналады. Қазақ халқында ондай пенделер қатаң жазаға, қатты қарғысқа ұшыраған. Баланың ата-ана алдындағы ұлы парызы мейіріммен, жақсылықпен өтелмек. Бала – ата-ананың көз нұры, көңіл қуанышы. Ата – ана табан ет, маңдай терін перзентінің адам болуы жолына жұмсайды. Ата – ананың бұл еңбегін өтеу, әлбетте, оңай болмаса керек. «Ананды Меккеге үш рет аркалап апарсаң да, қарызыңнан құтылмайсың», - деген сөз бұны айғақтайды. Ата – ананың сөзін сыйлап, оларға құлақ асу, пікірлес болу – отбасы тіршілігінің бір ғанибеті ғой, шіркін! Сол арқылы-ақ бала ата-ананың мерейін өсіріп, оларды өз ортасындағы төрге шығарады. Бұны әрбір жан өзінің адамдық міндеті деп білуі керек. Ата-ананың сөзін құлаққа ілмеген, олардың төрдегі басын есікке сүйреген баланы халық жетесіз деген. Ендеше жетесіз болудан аулақ болу да адам бойында табылуға тиісті қасиет. [18].

Ұл-қыз ата-анасын қуанышқа бөлеп, бақытқа жеткізу үшін ең әуелі, әдепті болуы керек. әдепті болып өскен бала ата-анасының қас-қабағына қарап, қал-жағдайларын айтқызбай аңғартады және олардың ішіп-жеу, киім-кешек, ұйқы-демалысын қадағалап, әр нәрседен көңілдерін тауып, мерейлерін өсіреді. Адамның өзін әлпештеп өсірген ата-анасын дәл солай әлпештеп, аялауы міндетті. Сәби кезінде өзін қалай бағып-қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып мәпелеу – борышы.

Әдепті де адал ұл – қыз ата-аналарына көзі тірісінде қызмет көрсетулерімен қатар, дүниеден қайтқаннан кейін де оларды жиі-жиі еске алып, өсиет-аманаттарын қалтықсыз орындап, қалып қойған қарыз-парызын өтеп, замандас достарына құрмет көрсетіп, зиратына жиі барып тұрады. Бала әке-шешесінің қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, олардың дәулеті мен қызығын көріп қана қоймай, олардан адамгершілік, әдеп-инабат тағалымдарын алуы, оларды меңгеріп, іс-жүзінде қолдануы тиіс. Ұл – қыз әдептілігінің негізі – ата-ананы риза қылып, үнемі алғыс-батасына алуында. Сонда ғана үлкендердің мерейі көтеріліп, ұл-қыздардың өркені өспек. Көпті көрген әжелеріміз: «Ер бала туғанда кіндігі кесіліп, шаңырақтың күлдіреуішінен сыртқа лақтырылады, яғни ер бала түздің адамы, отбасының асыраушысы, ал қыз бала туғанда кіндігі үйдің табалдырығының астына немесе ошақтың айналасына көміледі, бұл яғни әйел адам үйдің адамы дегенді білдіреді» деуші еді.

«Бала құлыншақ дейді, қыз қуыршақ дейді», - деген сияқты ертеден бала табиғатына байланысты нұсқалы сөздер қалған. Ертеде қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген «үйінде қызы бардың көгінде сөнбес жұлдызы бар», «Бір жақсы қыз екі ұлға татымды», «Балаң бей-әдеп болса – қорлық, қызың бей кері болса – қорлық», «Қызыңды құтты орынған қонғанша күт, ұлыңды отау иесі болғанша күт», «Атасын көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш», - деген сияқты ертеден келе жатқан аталы сөздер қыз баланың қазақ үшін қаншалықты қадірлі болғанын байқатады».

Қыз бала болашақ ана. Әйел – ана – үйдің тірегі, ұйтқысы. Жаңа көтерілген отаудың, жас шаңырақтың тірегі, онымен қол ұстасып, өмірге алғаш қадам басқан адамын жас жігіт отағасы болып, орнықты азамат санатына қосылғаннан кейін бәйбіше атандырады. Жаңадан қатарға қосылғаннан кейін тұрағын дүние-мүлікке толтырып, жиһазбен жайнатып, жанының жылуымен жылытып, үйдің үй болуына дем беретін алғашқы жұбайын бәйбіше деп қадірлеу қазақ үшін қастерлі әдет. Сондықтан да қазақтан, «Бес биенің сабасы, бес күн саусақ, толмас-ты», «Бес тоқалды алсам да, бәйбішедей болмас-ты», - дер тегін айтпаған. Жанұяның шаңырағы шайқалмай, құт-берекесі қожырамай ырыс-ынтымағының мықты

болуына ұйтқы бола алатын бәйбіші әйелдің жасынан жақсы болып өсуі шарт сол себепті қазақ қызының қылықты, ақылды, ажары келісті болуына ерекше қам жейді. Бар мейірімін қызына төгеді. Қыз балаға бүкіл ел сыншы. «Ел қорғауды батыр болған бабалардан үйренген, жер қорғауды өсіп-өнген ортадан үйрегне, ал қорғауды ару болған анадан үйренген» - дегенде қазақ ана қадірін айрықша атап көрсетіп, ананың ақ сүтіндей адалдыққа, арлылыққа айрықша мән берген[12,15].

Ер баланы қазақ он үшінде отау иесі деп азамат есептеген. Олар алтын-жеті жасында атқа мініп,аламан бәйгеде бәйге атына отыратын болған. «Ораздың баласы он бесінде баспын дер, тоғышардың баласы жиырма бесте жаспын дер», - деп қазақтар он бесіндегі жасөспірімге қару ұстатып, жорыққа аттандырған. «Ақылды ердің ішінде алтын ерлі ат жатар, ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатады», «Баланың ұяты әкеге, қыздың ұяты шешеге», «Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер», «Жақсы әйел жаман еркекті түзейді», «Жақсы қатын жарының жақсылығын асырар, жамндығын жасырар», «Атандан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйретер, атадан жаман ұл туса, төрдегі басын жерге сүйретер», «Қыз ауылдың көркі, жігіт ауылдың еркі», «Атандан жақсы ұл туса, елдің қамын жейді, атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді», - деген ұтымды да ұлағатты сөзді әрқашан есте сақтау керек. «Атасы жаман алғанын жамандайды, туысы жаман туғанын жамандайды», - деп келеді тағы бір мақал.

Туыс туралы сөз өткенде, қазақта туыстың көп екенін айту керек. Қарға тамырлы қазақ қанша жүзге, руға, тайпаға бөлініп жатса да, бірінен-бірі қыз алысып, қыз берісіп, нағашы-жиенді, немерелері, жиентай, жиеншар, құдай-құдағи, құдаша, құда бала, күйеуі, қалыңдық, жезде, балдыз, ілік, жекжат, кіндік бауыр, кіндік шеше болып туыстасып жатады. Баланың, қыздың кіндік шешесіне, нағашысына ұқсап тууы да кездесе береді. Қазақтар «Әкеден жаман бала туса, не нағашысына не хабаршысына тартып туады» дейтін қалжың мақал да бар.

БІРІНШІ ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасында баланы тәрбиелеу, оның сезімталдық қабілетінің жетілуіне, жекелей сапасына бағытталуы керек. Сондықтан ата-аналарға күнделікті

өздерінің балаларының мінез-құлқын бақылап, жеке басының сапасының жетілуін қадағалауға, оларды тәрбиелеудегі қиындықтарды жеңуге тура келеді. Сондықтан ата-аналар жеке басының жанасуының нәзік құралын игеруге, тәрбиелеудің шебер басшылығын балаларда өнегелік сапасының қалыптасуына мүмкіндік береді, өздерінің дұрыс және бұрыс қимылдарын талдауға талаптандырады [1,65].

Отбасында балаларды тәрбиелеудің шебер басшылығы ата-аналардың үлкен практикалық тәжірибені, жауапкершіліктің жоғары сезімін талап етеді, соны нәтижесінде олар отбасында баланың өмірін дұрыс ұйымдастыра біледі.

Тәндік тәрбиелеу тәлімгерді және жастардың тәндік тәрбиесі бүгінгі күнде бірінші орында тұр. Денсаулық басымдылығына ешкім күмән келтірмейді және басқалармен ауыстырылмайды. Жанұядағы тәндік тәрбие салауатты өмір салтына незіделген және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, спортпен шұғылдану мен ағзаны шынықтыруға бағытталған.

2-ТАРАУ ЖАНҰЯ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ТӘЖІРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

2.1 ТАРИХ ПӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАНҰЯДА БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НӘТИЖЕСІ

Отбасының қазақ халқының өмірінде алатын орны тіпті ерекше. Халқымыз көшпелі болып келді. Биылғы жыл - Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен отбасы жылы болып жарияланды. Бүкіл дүние жүзі осылайша отбасына айрықша ілтипат білдіріп отыр. Бұған дейін БҰҰ сәбилерге, әйелдерге жылдар арнаған болатын. Мұның өзі орынды еді. Ал отбасының орны бөлек[61,25]. Оған деген құрмет ерекше болуы керек. Отбасының қыры мен сырын тереңірек білу, оның адамзат өмірінде алатын орнын айқынырақ сезіну - адамдар арасындағы байырғы қарым-қатынасты түсіну деген сөз.

Жанұяның сонда өсіп келе жатқан ұрпақ үшін алатын орны ерекше. Ол тәлімгердің рухани және жалпы өміріне әсер етеді. Жанұя ұрпақ үшін бір мезгілде өмір сүретін және тәрбиелеуші ортасы болады. Жанұяның тәрбие беру

ықпалы, әсіресе, оның өмірінің бастапқы кезеңдерінде жоғары байқалады. Зертеу барысында біз мына жағдайларды анықтадық: жанұя бұл жерде мектепті, көпшілік ақпарат құралдарын, қоғамдық ұйымдарды, еңбек ұжымдарын, достарын бейнелейді, сондай-ақ оларға әдебиеттер мен өнер әсер етеді. Бұл жағдай оқытушыларға белгілі бір тәуелділікті анықтап белгілеуге мүмкіндік туғызды: жеке тұлғаның дұрыс қалыптасуы ең алдымен жанұяға байланысты. Егер жанұя дұрыс болса, ол тәрбиенің мейлінше жақсы болуына және жеке тұлғаның әдептілік, адамгершілік, еңбек тәрбиесінің көрсеткіштерінің жоғары болуына әсер етеді. Кей жағдайда жеке тұлғаның қалыптасуына жанұяның ықпалы тәуелділікпен анықталады: қандай жанұя болса, сондай ұрпақ болып өседі. Бұл тәуелділік тәжірибеде бұрыннан қолданылып келеді. Тәжірибелі оқытушы үшін тәлімгердің қандай жанұяда тәрбиеленгенін түсіну оңай, оған тәлімгерге қарап, сұқбаттасқан жеткілікті. Сондай-ақ оның ата-анасымен сұқбаттасып, олардың жанұясында қандай ұрпақ өсіп келе жатқанын білу де еш қиындық тудырмайды. Жанұя мен оның ұрпағы - бір-бірінің бейнесі.

Жанұя – жеке тұлғаның социализациялық қалыптасуындағы маңызды институт. Жеке тұлға сол жанұяда әлеуметтік қарым-қатынасқа байланысты ең алғашқы тәжірибесін алады. Содан кейін оның өміріне балабақша, мектеп, көше сияқты әлеуметтік институттар қосылады. Бірақ бұл кезде де жанұя ол үшін бірінші және маңызды фактор болып қалады[64]. Жанұяны жеке тұлғаның тұғырлық өмірлік тренингінің үлгісі мен факторы ретінде қарауға болады. Жанұяның социализациясы екі қатар бағыт бойынша өтеді:

- тәрбие процесінің мақсатты қортындысы бойынша;
- әлеуметтік үйрену механизмі бойынша.

Өз кезегінде әлеуметтік үйрену де екі негізгі бағыт бойынша жүреді. Бір жағынан, әлеуметтік тәжірибе жинау оның ата-анасымен, жанұя мүшелерімен арасындағы қарым-қатынас барысында жүрсе, ал екінші жағынан, басқа жанұя мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасын бақылау барысында жүзеге асады. Сонымен бірге жанұяда социализация әлеуметтік үйренудің викарлық үйрену деген атқа ие болған ерекше механизмінің жабдыктары арқылы жүзеге асады.

Викарлық үйрену басқалардың үйренуін бақылау барысында әлеуметтік тәжірибе жинаумен байланысты.

Біздің жұмысымыз ата-ананың мінез-құлқы стилінің ұрпақтың әлеуметтік дамуына әсерін білуге арналған. Педагогикалық зерттеу барысында тәлімгерлердің үш тобы анықталды. Бірінші топты еркіндік, дамып жетілу, өзіне-өзі сенімділік, белсенділік, ұстамдылық, достарына сыйымдылық және қоршаған ортасында өзін-өзі ұстай білу дәрежесі жоғары тәлімгерлер құрады. (I үлгі).

Екінші топты өз-өздеріне толық сенімді емес, тұйық және көпшілікке сене бермейтін тәлімгерлер құрады. (II үлгі).

Үшінші топты өздеріне сенімділіктері өте төмен, таныс емес нәрсені білуге құштарлығы жоқ тәлімгерлер құрады. (III үлгі).

Сонымен қатар біз ата-ананың тәлімгерге қарым-қатынасы бойынша төрт белгіні қарадық:


1. бақылау;
2. дамып жетілуді талап ету;
3. қарым-қатынас;
4. Тәлімгердің жақсы болуын қалау.

Бақылау – тәлімгердің өмірдегі қызметіне ықпал етуге талпыныс жасау. Бұл жағдайда тәлімгердің тәуелділік дәрежесін ата-ананың талабы бойынша белгіленеді.

Дамып жетілуді талап ету – бұл ата-ананың оны өзінің ой-өрістік мүмкіндіктеріне сай жұмыс жасауға көндіру үшін жасайтын қысымы. Қарым-қатынас – ата-ананың тәлімгердің өздерімен келісуі үшін сендіруді қолдануы; оның көзқарасы немесе бір нәрсеге қарым-қатынасын анықтау.

Тәлімгердің жақсы болуын қалау – ата-ананың тәлімгердің жылылыққа, сүйіспеншілікке, бағып-қағуға, біреудің қайғысын бөлісуге қаншалықты бейім екенін анықтауы. Тәлімгер әртүрлі мінез-құлық үлгілерін көрсеткен жанұялардың ата-аналармен тәлімгер арасындағы қарым-қатынас тәсілдерінің ерекшеліктерін қарастырып көрейік. Тәсіл ерекшеліктері кескінделіп суретте көрсетілген.


Ата-ананың беделді бақылауы.



1 - үлгі


Мінез-құлықтың I үлгісі. Ата-ананың беделді бақылауы. I мінез-құлық үлгісіне сүйенген тәлімгерлердің ата-анасы барлық төрт белгі бойынша мейлінше көп ұпай алды. Олар өз балаларына нәзік, жылылықпен және түсіне білушілікпен қарады, көп қарым-қатынас жасады, бақылап отырды, өз ісіне жауап бере білуді талап етті. Ата-аналар балаларының көзқарасын тыңдаса да олардың еркіндіктерін бағалады. Ата-аналар өз ережелерін сақтады, өз талаптарының себептерін нақты және тура түсіндірді. Ата-ананың бақылауы тәлімгердің еркін және өз бетінше өмір сүру тілегін қолдаумен сәйкес болды. Бұл үлгіні ата-ананың беделді бақылауы деп атауға болады.

БИЛІК



Мінез-құлықтың II үлгісі. Билік II мінез-құлық үлгісіне сүйенген тәлімгерлердің ата-анасы белгілер бойынша мейлінше төмен баға алды. Олар көбінесе қаталдық пен жазалауды пайдаланды, балаларына көп көңіл бөлмеді, аз түсінді, аз қарым-қатынас жасады. Олар балаларын өте қатал бақылады, өз биліктерін оңай қолданды, балаларына өз көзқарастарын айтқызбады. Бұл үлгі билік үлгісі болып аталады.

ТЕПЕ- ТЕҢ ҚАРАУ



3 - ҮЛГІ

Мінез-құлықтың III үлгісі. Барлық жағдайға бірдей қарау. III мінез-құлық үлгісіне сүйенген тәлімгерлердің ата-анасы барлық жағдайға бірдей қарады. Талап етпеді, ұйымдастырмады, жанұялық тұрмыстары нашар болды. Олар балаларын мадақтамады, анда-санда, акырын ғана ескерту жасады, баланың еркін, сенімді болып өсуіне көңіл бөлмеді. Сондықтан бұл үлгі барлық жағдайға бірдей қарау үлгісі болып аталады.

Жанұядағы тәрбие мазмұны демократиялық қоғамның басты мақсаттарына сәйкестендірілеген. Жанұя тәндік және психикалық денсаулығы дұрыс,

адамгершілігі мол, ой-өрісі жоғары, тәртіпті, еңбек сүйгіштік тәрбиені қалыптастыруға міндетті. Оларөсіп келе жатқан ұрпақтың экономикалық, экологиялық, саяси білімімен толығады.

Ой-өріс тәрбиесі. Бұл тәрбие ата-аналарға балаларды біліммен сусындатуға, олардың қажеттіліктерін қалыптастыруға және үнемі жаңартып отыруға қатысуға көңіл бөлуін ұсынады. Сондай-ақ танымдық қызығушылықтарын, қабілеттерін, әдеттерін, дарындарын дамыту ата-ана қамқорлығының ортасына қойылады.

Адамгершілік тәрбиесі. Бұл тәрбие жанұядағы қарым-қатынастың жеке тұлға қалыптастыратын дінгегі болып саналады. Бұл жерде бірінші орынға атадан балаға ауыспайтын моральдық құндылықтар, сыйластық, тәртіптілік, адалдық, ұяттылық сияқты жағымды қасиеттерді тәрбиелеу керек. Жанұяда басқа да адамгершілік қасиеттері қалыптасады: ақылға сыятын қажеттіліктер, тәртіптілік, жауапкершілік, ұқыптылық. Бұл кезде ата-ана мен бала қандай моральдық құндылықтардың негізіне сүйенетіндігі маңызды емес – христиандық мораль, жалпы этикалық оқу немесе моральдық кодекс. Ең бастысы олардың дұрыс, сындарлы адамзаттық болуы маңызды.

Эстетикалық тәрбие. Жанұядағы эстетикалық тәрбие балалардың дарындары мен қабілеттерді жетілдіру, өмірде бар кереметтермен оларды таныстырумен байланысты. Бұл бұрынғы эстетикалық нысаналарға сенбеушілік тудырған, ата-аналар мен балаларды шатастыратын, олардың үйлесімділік табиғаты арқылы салынған ішкі дүниесін бұзатын көптеген өтірік құндылықтар туындаған қазіргі кезде өте маңызды.

Еңбек тәрбиесі. Балаларды еңбекке тәрбиелеу оның келешек өміріне негіз қалайды. Еңбек етуге үйренбеген адамның бір ғана жолы бар, ол – «жеңіл» өмір сүруді іздеу. Бірақ бұл жол дұрыс аяқталмайды. Егер ата-аналар өз балаларын осы жолдан көргілері келсе, онда олар еңбек тәрбиесіне көңіл бөлмесе де болады.

Қай ата-анаға «Сіздің балаңыз қалай жағымды?», «Сіздің балаңыз қандай тәртіпті?», «Сіздің балаларыңыз бойына қылы шырайлы көзқарас пен өзін-өзі сыйлай білу қасиетін қалай біріктіреді?» деген сөздер жақпайды. Олардың

қайсысына балаларының темекіні емес, спортты; ішімдікті емес, биді; өз уақытын босқа өткізбей, өз бетімен білім алуды қалағаны ұнамайды.

Бірақ осы қасиеттерді тәрбиелеу үшін көп, тұрақты еңбек ету керек. Ата-аналар үшін жанұялық тәрбие - балалардың тәндік және рухани қасиетін ойлап отырып қалыптастыру процесі. Әрбір әке мен әрбір әке өз баласының бойында қандай қасиеттерді тәрбиелегісі келетінін жақсы түсіну керек. Бұдан жанұялық тәрбиенің ой елегінен өткен сипаты анықталады және тәрбие міндеттеріне ақылға сыятын, сараланған, өлшенген ынғайды талап ету байқалады.

Жасыратын несі бар, кеңес дәуірінде тәрбие ұғымын тек баламен байланыстырып келдік. Бар мақсат-мұратымыз - баланы қалай тәрбиелеу керек дегенге саятын. Ал, шын мәнісінде, бұл туралы Мұхаммед галаиссаламның хадисінде де айтылған, адам өле-өлгенше, өзін-өзі немесе айналасы арқылы үнемі тәрбие деген дүниенің шеңберінде ұстайды [53]. Қазақ «тал бесіктен жер бесікке дейін» деп тегін айтпаған. Осыдан туындайтын мәселе - егер ересек адамдар тәрбиелі болса, онда артындағы жастар ешқайда кетпейді. «Жас - көрінің көзі, көрі - жастың тезі» деп бекерге айтылмаса керек. Жас көрінің көзі болу үшін көрілерден жақсы қасиеттерді бойына сіңіре білуі қажет. Сонда ғана жас - көрінің жалғасы. Ал тез дегеніміз - қалып, норма. Яғни, көрі - жастың қалыбын анықтаушы. Осы қағиданы бойымызға дарытуымыз керек. Ең алдымен, үлкеннің парасаттылығын, ересек адамның тәрбиелілігін ел болып, халық болып, мықтап қолға алмайынша ісіміз өнбейтіндігі даусыз. «Үлкендердің болары болды, олардан не үміт, не қайыр? Одан да жастарды айтсаңшы, жасты тәрбиелеу керек» дегенге ешқандай иланбаймын. Өйткені, үлкен парасатсыз болса, жасты тәрбиелеуші құрал жоқ деген сөз. Жастарды тәрбиелеуші құрал - үлкеннің парасаттылығы. Басқа құралды білмеймін. Білмеймін дейтінім, адамзаттың баласы осылай жаратылған. Мәселен, «Үлкен - бастар, кіші - қостар» дегенде іспен ғана шектеліп тұрған жоқ, осы ұғымның ішінде мінез-құлқың, парасат, тәртіп - бәрі де жатыр.

Бүгінгі таңда үлкендерге қойылатын талап жастарға қойылатын талаптан әлдеқайда жоғарырақ десек, қателеспейміз. Кейінгі кезде ата-анасын

сыйламаушылық белең алды. Қартайған әкелерін, ата-аналарын, әжелерін интернатқа орналастырып жатыр деген әңгімелерден жаның түршігеді. Ал осыны ести сала, жас буынға кінә артуға құмармыз. Егер тереңірек ойласаң, әкесін апарып интернатқа өткізген ұлды тәрбиелеген де сол әкенің өзі.

Ұрпақ қашан да ересектің айнасы сияқты. Оның бойындағы барлық қасиет біздің бойымыздан дарығанын кезінде түсіне бермейміз, түсінгіміз де келмейді, одан жаңа бір қасиеттерді талап еткендей боламыз. Әрине, үлкеннің бойындағы қасиет қайталана бермеуі керек. Қайталана берсе, адамзат баласында даму болмас еді. Менің аңсайтыным - мен кеше мынадай адам едім, бойымда мынадай жағымсыз қасиеттер болған, соны балаларым қайталамаса екен деп, жатпай-тұрмай ізденетін ата-аналар[1,5]. Өйткені, баланың бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту, жаман қылықтарды жою тіпті де оңай шаруа емес. Демек, әуел бастан жақсы жақтарын дамытудың жолын іздеп, қайткенде жаман қылықтардың жойылуын қарастыру қажет. Бір қалыптасып кетсе, оны басқа арнаға түсіру өте қиын.

Мұны бекерге айтып отырған жоқпын. Меніңше, бір отбасында ересек адамдар жиналған кезде әдетте қонақтардың арасында парасатты адамдар болады, солардың қалай сөйлеп, қалай отырғанын, қандай ой тастайтындығын балаларға көрсеткен жөн. Балаларды бір бөлмеге қамап қойып, ересек адамдардың бөлек отырып әңгімелескені - ересек пен баланың арасындағы байланыстың жоқтығының дәлелі, осыдан барып балалар бұрынғы ескі дәстүрді жалғастырушы емес, жаңадан пайда болған ұрпақ сияқты болып көрінеді.

Ұрпақты дастарқаннан аластап, тек ересектердің шүйіркелесіп, оқшаулануының себебі тым қарапайым әрине, оған қу арақ кінәлі. Өйткені, дастарқан басында ағыл-тегіл арақ ішілгеннен кейін әр түрлі әңгімелер айтылады, орынсыз ыржаң, болымсыз қылжак, адамның баласын аздыратын, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып дейтіндей сұмпайы сөздер белең алады. Осыны сезетін, түсінетін ересек адамдар ұрпақты куәгер қылғысы келмейді. Сөйтіп, ұрпақты арашалаймын деп жүргенде, бала бөлек, ересек бөлек, екі түрлі әлем сияқты болып, отбасының тұтастығы, дәстүр жалғастығы сияқты ұғымдар далада қалады.

Шындыққа жүгінсек, егер дастарқан басында ересектермен бірге балалар отырса, ересектер үшін тәртіпке шақырушы, ұлы күш сияқты болар еді. Осыған орай дастарқан басының да рухани күші арта түсер еді.

Ал арақты ішіп алып, құр босқа шуылдасыш, дуылдасып таркау - құр әншейін өзінің уақытын өзі ұрлау. Мұндай қауымның бір-біріне залалдан басқа келтірер пайдасы жоқ. Осының бәрін түгелдей бастан өткерген халықпыз. Демек, мынадай жаңадан мемлекет болып жатқан, ұлтымыз бостандыққа қолы жеткен кезімізде арақтың қорлығын, залалын көрген халық ретінде, өзімізді өзіміз жолға қойып, намысқа басып, басқа айналамыздағы ұлттардан төменірек тұрмайтындай, өркениет деген ұлы ұғымның деңгейінен табылатындай ұлт болуға күш салуымыз керек. Бұл үшін мәдениеттің жақсы жақтарын тұрмысымызға енгізуіміз қажет[43]. Біздің тұрмысымыз бен қоғамдық өміріміздің ең басында отбасы тұрады. Бүкіл мәдениет - тұрмыс мәдениеті, сөз мәдениеті, іс мәдениеті, ойлау мәдениеті - бәрі-бәрі отбасынан басталуы тиіс.

Мәдениет атаулының бәрін біздің бойымызға мектеп дарытып береді дегеннен аулаң болуымыз керек. Қалай десек те, ең мықты мектеп, ең табиғи мектеп - отбасы. Осында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Оны ешбір мектеп түзетіп бере алмайды. Сондықтан біздің бүгінгі таңдағы үлкен азаматтық ісіміз - осы арақ деген пәледен құтылуға тиіс. Бұл үшін, ең әуелі, ересек адамдар бір-біріне арақтың қиянаты туралы ашық айтқаны жөн. Осы тұста сөздің құдіретіне табынғанның артықтығы жоқ.

Арақты қазақтың қасиетті дастарқанынан қалай аластаймыз, қалай тазартамыз деген әңгіме бұрын да, назір де жиі айтылыш жүр. Осыған байланысты менің де біраз жайлармен бөліскім келеді. Шындығын айту керек, мемлекет тарапынан араққа қарсы талай қаулылар алынып жатты. Алпысыншы жылдары 100 грамнан артық сатылмасын деген қаулы шықты. Горбачевтің тұсында араққа қарсы «аяусыз күресті» де бастан өткердік. Жалпы, араққа қарсы күрес бұрыннан келе жатқан болуы керек. Өйткені, Мұхаммед ғалаиссаламның хадистерінде де арақты харам деп, күнә деп келтірген жерлері бар. Соған қарағанда арақ, тажалдан адам баласының тауы бұрын да шағылып, азапты көп көрген сияқты. Бұл пәлеге біздің

ұлт кейінірек үйренген. Енді оның азабын жастар тартып отыр. Араққа әбден ұлт болып бойы үйренген, атасының асындай көретін халықтар үйлерінде отырып ішсе, біздің жастарымыз көшеге шығып кетеді де, бар «өнерін» сол жерде көрсетеді. Мұның, менінше, екі себебі бар. Біріншіден, жастарымыздың бойында ұят деген әлі толық жойылып кетпегендіктен де, олар ата-анасының қасында отырып ішуге ұялып, көше кезіп кетеді. Екіншіден, ата-анасынан жырақта қызметте, окуда жүрген, тіпті қалаға келіп, бос сенделгендер (мұндайлар да бар деп естиміз) де көшеде жүреді. Бұл ретте, о баста қазақта қымызға тойып алса желігіп, ат үстінде жүріп бір-бірімен қалжыңдасып, ауыл-ауылды аралап кететін қасиеттің болғандығын да жоққа шығара алмаймыз. Қазақ жастарының көшеде лек-лек болып, үлкенді үлкен деп сыйламай, араққа бөгіп алып, аузына келгенді айтып жүретіні өз ұлтын сүйетін әрбір адамның қабырғасын сөгіп-ақ тастайды, жанымызға қатты батады. Осының бәрі қалай пайда болды дегенде, менін айтарым, ересек адамның көрсеткен үлгісінің салдары.

Дастарқаннан арақты қалай аластатамыз дегенде көптеген психологиялық шараларды қолданбай болмайды. Бұл жерде адам баласының жаман әдеттен құтылуға ұмтылысын психологиялық құрал ретінде пайдаланған жөн. Арақты ішуге болмайды, денсаулықты бұзады, оның бағасы қымбат, ақшаны босқа шашамыз деген сықылды сөздерді бүгінде ешкім де қабылдамайды. Көптеген жандар үшін мұның өзі дастарқанның тағамы болып кетті, үстел үстінде тұрмаса, сәні келмейтін сияқты.

Арақ - дерт. Ал дерт дегенің батпандап кіріп, мысқалдап шығады. Мұны психологиялық жолмен мысқылдап қана шығаруға болады. Сондықтан да дастарқанға арақты қойсын, рөмке де тұрсын, тіпті құйылсын. Бірақ, ешкімге тост бермеу керек, ешкім жеке-дара сөйлемей-ақ қойсын, оның есесіне бәрі қауым болып әңгімелесіп отырсын. Ішемін деп үздігіп жатқандар болса, алсын да ішсін. Ал «қане, ішіп жіберейік» деп жұртты үгіттеп, әрі-беріден кейін қиылып, жалынып отырып алу түбірімен тоқтатылса. Егер ішіп қойса, ерекше құрмет тәрізді, дастарқанды керемет сыйлайтындай көрінеді. Осындай психологиялық пәлелі жағайттан арылу керек.

Бар пәле осы тост көтеруден бастау алады. Осыдан барып бірін-бірі жақсы көретін адамдардың арасына да салқындық кіреді. «Тост неге алдыңғы кезекте берілмеді, неге арт жағынан берді» дейтіндер ұшырасады. Тост дегенің тұрған бойы бәсеке, бедел, әдетте қызметіне, лауазымына карап беру дағдыға айналған, мұның әлеуметтік, моральдық пәлесі осында. Тост бермеу керек дегендегі ойым - «алдына ас қойдым, екі қолыңды бос қойдым, ішсең - өз еркін, ішпесең - тағы да өзіңнің еркінде» деген қағида қалыптастырылса деймін. Бізде дастарқан басында тост арқылы ғана сөйлесіп, өзінің пікірін айтатып, арақ ішіп қана отыру әдетке айпалып барады. Қызықты, дүниетанымдық мәні бар әңгімелер айтылып жатса да, «ау, халайық, әңгімені қоя тұрайық, тағы бір тосты тыңдап жіберейік» деп тоқтатып қояды. Ал тост айтушылар бір сарынмен сөйлейді. Бәрі де ретін тауып үй иелерін, дастарқан басында отырғандарды мақтап ала жөнеледі[71]. Он адам сөйлесе де, осы сарын қайталана береді. Бұдан рухани баюдың мүмкін еместігі өз алдына, бұл бір адамды рухани қажытатын, таяздыққа бастайтын кесепатты пәле. Тосттың қажетті ұғым болып алғаны соғдай, кейде «қуырдақты екі тостыдан кейін әкел» деп жатады. Тост сөйтіп уақыт өлшеміне кетеді. Оның тағы бір пәлесі - оны айтып болғаннан кейін бәрі бірімен-бірі стакан соғыстырады, енесі меп келіні, әкесі мен баласы, кәрі-жасы түйістіріп жатады, неге осылайша істейтіндігін түсінбесе де, күлкілі нәрсе сияқты болса да, солай істеу дағды болып кеткен. Адамның саналылығынан ақымақтығы басым түсіп жатқан соң қайтеді? Тіпті бұдан басқа тағамның түрі осындай қошеметке бөленбейді. Кесел деп танудың қажеттігі де осыдан туындайды. Осының бәрі, ең алдымен, отбасы тәрбиесіне байланысты.

Біз кеңестік дәуірде отбасы дегенге көп мән бермей, оның есесіне қоғамдық дегенді көбірек қаперге алдық. Бәрі де бір-ақ семья болуы керек, бәрі бір қалыппен жүріп-тұруға тиіс дегенге саятын. Ол кезде мерекелердің бәрі халықтық болуы керек, сондықтан көшеге шығып тойлауға тиіспіз, отбасында отырып тойлаудың қажеті жоқ делінді. Ешкім түсінбейтін, әсіресе, біздің халқымызға тиімсіздеу қоғамдық деген ұғымы пайда болды[80].. Мерекелердің қай-қайсысы да осындай ұранмен аталып өтілетін. Осының кеселін енді анық көріп отырмыз.

Осыны түсініп, отбасы өмірін рухани байытуға, отбасының, үй ішінің береке-бірлігін көбірек ойлауға өзара түсінісуге, казак халқының тамаша, ұлттық дәстүрін қайтадан қалыптастыруға көңіл бөлетін болсақ қоғам да, көше де, тіпті мектеп те дұрыстала бастайды.

Мектептің берекесінің кетуі отбасының тәрбиелік функциясын шын мәнінде атқармай жүргендігінен болып отыр. Ал қазір осы жолға қоюға толық мүмкіндік бар. Толып жатқан жақсы кітаптар, оның ішінде ертегі кітаптары да бар, шығып жатыр. Ана тіліміз мәртебеге ие болды. Еліміз егемендік алды. Осының бәрін пайдалануымыз керек. Еркіндік, тәуелсіздік деген ұғым отбасының, үй ішінің тыныс-тіршілігінде сезілуі тиіс. Көне грек философтарының бірі Аполлоний былай деп айтып кеткен: «Өтірік айту тегі құлдыққа лайық нәрсе, ал шындықты айту, ешнәрсені жасырмай, бұқпантайламай өмір сүру - еркіндіктің нышаны». Шындығында да, біз ешнәрсені жасырмай, бұқпантайламай, жалтақтамай, қорықпай өмір сүруге тиіспіз. Біздің халық бұрын бәрін ашық, анық айтып отырған. Ешкім ешкімді жақтамай, әркім пікірін ашық айтатын отбасын уағыздауымыз керек. Баспасөз қызметкерлеріне айтар тілек - тамаша, үлгілі отбасын жазып, айтып, көрсетіп отыру қажет. Бір ғана мысал айтайын. Бұрынғы Нариманов атындағы, қазіргі «Сарықобда» ұжымшарында (Алға ауданы) Мұқан деген азамат бар. Ол - ұжымшардың басқарма төрағасы. Сол азаматтың отбасындағы Роза есімді келін атасын, яғни Мұқанның әкесін балаша күтіп отыр. Мұқанның қос ұлы да атасының қасынан шықпайды. Бүкіл ауыл Розаны мақтайды. Шынымен-ақ келіннің адамгершілігіне тәнті боласың.

Кеңестік дәуірдің бір кемшілігі - жақсыны уағыздау тым төмендеп кеткен болатын. Сын және өзара сын дегенді желеу еткен кездерді айтсаңшы. Дүниенің кілті жамандаудан тұратын сияқты еді. Жаман жағын тілге тиек ету арқылы тәрбиелегісі келді. Ал халық жаманын балқырайтып көрсетіп тәрбиелемейді. Үлгі боларлық жақсы нәрсе адамды алға ұмтылдырып отырады. Меніңше, мейлі зиялылардың отбасы болсын, мейлі карапайым жұмысшының отбасы болсын, жарқын мысалдарды іздеп тауып алып, оны жарқыратып көрсету керек. Газеттердің, радио мен теледидардың осы мәселеге түбегейлі бет бұрсын қалар

едім. Өйтпейінше, мектеп те, көше де дұрысталмайды. Сайып келгенде, қоғам да түзелмейді. Осыны жақсы түсінуіміз керек-ау, абзалы.

Кейбіреулер «менің балам жақсы тәрбиеленген еді, жаман балалармен дос болды да, бұзылды» деп жік-жапар болады. Бұл бір жағынан дұрыс та шығар. Бірақ, баламызды қамап қою, ешкімге жолатпау арқылы тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан да тәрбиелі балалардың ата-аналары өз ойларын ортаға салып, тәжірибесін айтуы керек. Қазір мектеп те бала тәрбиесімен дұрыс шұғылданбайды. Ата-аналар жиналысы бола қалса, балаларының қалай оқып, қалай жүретінін айтады да қоя береді[39]. Мектеп мұғалімі балаларын тәрбиелеп жатқан отбасын тереңірек зерттеуге көңіл бөлмейді. Егер балалардың қандай атмосферада тәрбиеленіп жатқандығын салыстыра отырып талдаса, онда мұның өзі үлкен социологиялық, психологиялық зерттеу, қызықты шаруа болып шығар еді. Бұл өз алдына бір ғылым. Өкінішке орай, мұғалімдеріміз осының мыңнан бір де нұсқасын істемейді. Мұның ең басты себебі - бүгіндері отбасы деген ұғым әбден тұйықталған, өзімен-өзі қаланған жүйеге айналып кеткен. Қазір отбасына барудың өзі оңай емес. «Саған не керек? Бізде не шаруаң бар, жайыңа қарап жүр» деушілер де табылады. Біздің бала кезімізде мұғалімдер ата-аналармен емін-еркін әңгімелесетін. Мұғалімді қасиетті адам келгендей қарсы алып, төріне отырғызып, отбасы кәдімгідей дүрлігіп қалатын. «Мұғалім келіп кетті» деп біразға дейін жыр қып айтатын. Ал қазір мұғалім келсе тыжырынып, «оның бізде не шаруасы бар?» деп, баласын тәрбиелеп жатқанын ұмытып кетеді. Міне, мектеп пен отбасының арасындағы байланыстың қазіргі сикы осындай.

Қазір қазақ тіліне көзқарасты дұрыстаймыз деп жатырмыз. Ең бастысы, қазақ тілінде сөйлеуді ұлттық рухпен ұштастыру керек. Құр сөйлегеннен ештеңе шықпайды, терең ұлттық рухты оятуға күш салуға тиіспіз. Бұл жерде шешуші рөлді отбасы атқарады.

Тіл мәселесінің қиын тұстарының бірі - кейбіреулердің балаларын қазақ мектебіне бермей жатқандығы. Мұның басты себебі - «қазақ мектебі білім бермейді», «қазақ мектебінде оқығандардың мәдениеті азырақ» деген жалған қағида қалыптасқан. Білім жағынан қазақ мектебінің кішкене төмендеп қалғаны

рас. Қазақ тілінің беделі мансұқ етілгеннен кейін осылай болды. Қайткенде қазақ мектебінің беделін көтеру керек, осы мәселе бізді де толғандырып отыр. Өйткені, біздің институт - шешуші мекеме. Қолдан келгенше қазақ бөлімінің студенттерін мектепке жақсы бір рухани тәрбиемен жіберудің [5] қамын күйттеу үстіндеміз. Ұлы Абайды мықтап пайдаланып, олардың рухани дүниетанымын кеңейтудің басқа да шараларын ойластырудамыз. Біздің шәкірттеріміз арқылы қазақ мектебінің беделі өсе түссе дейміз.

Ересектердің көңіліне келмесін, отбасында балаларына тағылымды әңгімелер айтып, өткен-кеткеннен хабардар ететін құйма құлақтар аз сияқты. Кешкі университет деуге ауыз бармайды, бірақ ата-аналарға арналып жұмыстар жүргізілсе дұрыс болар еді. Бұл телехабар бола ма, радиодан беріле ме, газет арқылы жүргізіле ме - осыны ойластыру керек. Сонда ғана отбасының оты маздап жана бастауы мүмкін. Әйтпесе, тамақ пен теледидардан басқа бедел жоқ отбасында балалардың іші пысады. Өз үйін менсінбейтін балалар, міне, осындайdan шығады.

Ең бастысы - рухани жылылық. Оны туғызушы - отбасының ересектері. Егер бұған қол жеткізсек, онда біз өзімізді өзіміз тәрбиелер едік. Кімнің кім екенін біле бастайды. Сол кезде балалар да икемге келеді. Мүмкіндіктердің бәрі өз қолымызда. Тек Құдай бізге ықылас беріп, осыған бет бұрғызудың сәтін салғай да.

Бізге адам мен адамды жақындастыратын шараларды көбірек өткізу керек. Отбасы туралы пікірталас дейміз бе, түрлі ойындар бола ма, әйтеуір нақты істерге көп көңіл аударсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Көршілерді де қамтитын шаралар қажет. Әйтпесе, қаланың жағдайында бір кабатта тұрып, бірін-бірі танымайтын көршілер қаншама. Алакөздік дегенің осыдан барып туындайды. Бұл біздің өз еркіміз. Қалай болғанда да тәрбие атаулының тірегі отбасы екенін, иманжүзділіктің отбасынан бастау алатынын ұмытпайық ағайын! «Табалдырықтан биік тау жоқ» демекші, ұлттық қалпымыздың алтын дінгегі - отбасынан биік ештеңе жоқ!

ТӘРБИЕ ДЕГЕН ТӘҢІР БАР Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика

институтының ректоры Мұхтар Арыновпен сұхбатынан мысал.

Қазақ мектебінің қайда бара жатқандығы бүгінгі таңда елім деп жүрген әрбір азаматты ойландырса керек. Мұның жоғары мектепке де, орта оқу орнына да, жалпы білім беретін мектепке де қатысы бар деп білеміз. Бұл ретте алғашқы талпыныстар, тағылымды тәжірибелер де баршылық. Дегенмен көкейкесті мәселелер жеткілікті. Ұлттық тәрбиенің ұлан-ғайыр міндеттерін шешуге келгенде нарықтық экономиканы желеу етіп бюджеттің тапшылығын кесе-көлденен қоятындар ұшырасып жүр. Мәселенің мәнісіне үнілсек талай жайттарға қанығамыз[27].

- Мұхтар Ғалиұлы, қазір таза экономикаға әуестік көбірек байқалады да, елдің елдігінің өлшеміндей рухани мәселелердің көпшілігі тасада қалып отырған сияқты. Өзіңізге етене жақын тәлім-тәрбие мәселесін қаперге ала отырып, пікір бөліссеңіз.

- Жалпы, қоғамның рухани дамуын қолға алмай тұрып, басқалай, яғни экономикалық, материалдық саланы жолға қоюдың мүмкін еместігін бүкіл адамзат баласы әлдеқашан-ақ түсініп, бойға сіңірген. Осы орайда еріксіз көзге түсетін нәрсе - халықтың өзінің тәрбиелілігі. Әдетте, тәрбиелі халық - өзін-өзі дұрыс жолға қоя білген халық. Сөйткен халық қана барлық істі өз бетінше шешіп, өз қолына ала алады.

Тәрбие деген тәңірдің бары рас. Оның көздері көп. «Баланы жастан» дегенді қазақ бекер айтпаған. Жастайынан тәрбиелейтін жүйеміз де - мектеп. Жасыратын несі бар, кенестік психологияға бас ұрып, мектеп дегеннің өзін дұрыс түсінбей келдік емес пе? Біздегі жауыр боп қоткен түсінік бойынша, мектеп - пәндерді оқытатын орын. Ал, шындығында, мектептің арқасындағы жүгі - адамды тәрбиелеу ғой. Тәрбие - терең мағыналы ұғым. Оның басты мақсаты - адамның санасын, ойлау жүйесін тәртіпке келтіру.

Үлкенді-кішілі мектептердің әрқайсысында бүкіл бағдарламаны, оқу жоспарын қайтадан жасауға тура келеді. Бәрін де тереңірек ойлауымыз керек. Халқымыздың ұлттық срекшеліктерін ескерін барып жасағанға не жетсін?! Бұл ретте білімге деген ықыласты ұштай түсудің, соған алып баратын жолдарды

анықтайтын әдістемелік тәсілдердің айналасында ғана қыруар шаруа күтіп тұр.

- Жауыр боп кеткен кеңестік психология тусында қазақ мектебінің, ахуалы ешкімді ойландырмады десек, мұнымыз тым артықтау көрінуі де ықтимал. Бірақ, бір нәрсе ақиқатат - қазақ мектебінің көсегәсі көгере қоймады. Қазір ше?

- Менінше, жапа-тармағай бір шаруаның басын найырыш жатырмыз - қазақ мектебінің саны көбеюде. Егер санға қанағат қылып, сапаны ұмытсақ, онда басқаны былай қойғанда, оның саны да көбеймей қалуы ғажап емес. Жасырғанды құдай көрмей ме - Қазірдің өзінде қазақтың сыйлы азаматтарының арасында балаларын қазақ мектебіне беріп алып, артынан өкініп, тіпті қайтадан «орыс мектебіне берсем бе» деп жүргендері де бар. Бұған ұсақ-түйек деп қарасақ, оңбай қателескеніміз. Соғыстан бұрып, соғыстан кейінгі жылдарда ешқандай әдістеме құралдары жоқ, оқулық деген ныспы болмаған, жалғыз ұғалшын өзiнен басқа бiлiм көзi некен-саяқ кезде кiшкентай ғана қоржын үйде орналасқан қазақ мектебi орыс мектебiнен кем түспеген едi. Бүгiнгi зиялы оқымыстылардың бәрi - сол кезде мектеп бiтiргендер. Әңгiменiң төркiнi соңғы отыз-қырық жылда халықтың құлағына құйылған кертартпа насихатта болса керек[66].

- Сонда қазiргiдей елiмiз егемен болған кезде қазақ мектебiнiң беделiн қалай көгеруге болады?

- Халықта «уды сол удың күшiнен кем түспейтiн дәрiмен қайтару керек» деген қағида бар. Сондықтан қазақ мектебi қандай жағдайға (жоғарыда әңгiме болған) тап болса, ендi соған керiсiнше iстеу керек. Бұдан былай қарай қазақ шәкiрттерiне, олардың ұстаздарына үлкен сенiм беретiн ойларды сiңiруiмiз қажет. «Қазақ мектебiн бiтiрмеген адам елiмiздiң толық қанды мүшесi бола алмайды, ғасырлар бойына жинақталған рухани байлығымыздан шеттеп қалады, келешекте жоғары оқу орнында, ұлттық ерекшелiкке негiзделген ұлағатты бiлiмдi игере қоймайды, жұмысқа алынғанда да оның мүмкiндiктерi шектеулi» десек, тіпті артық емес.

Көкейкесті мәселенің бiрi - қазақ мектебiндегi пәндердiң бағдарламалық көлемiн қайтадан егжей-тегжейлi қарап, оны бiр iзге түсiрмей болмайды. Балаларды қабiлетiне, ыңғайына қарай iрiктесек. «Бәрiн бiлуiң керек» деп үйiп-

төгу әбестік. Өйткені, баланың басы оқулықтарды сыйғызатып портфель емес қой.

Қазақ тілінің қасиетті борышының бірі - балаларды қазақ халқының тарихына үңілдіре, түйсіндіре білу. Бұған дейін Ресейдің тарихын оқып келдік. Өкінішке орай, Шығыстың тарихын тым мардымсыз оқыту орын алды. Араб елдерінің тарихын, Қытай, Парсы, Үндістан, Түркия, Сирия (Шам) тарихын оқытуды қолға алуға кіріскен жөн. Бұл мәселе жоғары оқу орындарында да ұмыт қалмауға тиіс. Біздің институтта арнайы курстар оқылып, болашақ тарихшылар әдебиетіміздегі тарихи тұлғалар, тарих және әдебиет мәселелері, Шығыс жұлдыздары, хандардың, батырлардың, билердің ауыз әдебиетіндегі сомдалуы сияқты тақырыптар төңірегінде дәріс алуда.

Мектептерде ескі сөздер, мақал-мәтелдер кеңінен насихатталса, талай шаруаның беті бері қарар еді. Халқымыздың ғажайып қазынасы - эпостарды да балалар жас кезінен жаттап алуға дағдыланса, батырлар жыры мен ертегілерді тамсана әңгімелесе деген ой бар. Осындай алтын қазынаның ұмыт болуының екі себебі бар. Біріншіден, әлгінде айтқандай, қазақ тілінің қажеттігі болмады. Екіншіден, аталар мен әжелер де бірте-бірте орыстанып бара жатты. Қиялы шындалмаған халық, сөздің шын мағынасындағы халық болып жарытпайды.

Мектептің ең негізгі міндеті - тәрбиелеу ісіне саятын болғандықтан да мынадай бір ой айтсам деймін. Кейбіреулер шетелдердегі мектепті көріп келеді-дағы, соны оп-оңай көшіре салғысы келеді. Бұл - мүмкін емес шаруа, кем айтқанда халықтың қалыптасқан тәрбие жүйесін аяққа басу. Затты импорттауға болатын шығар, ал тәрбиенің жүйесін импорттауға болмайды. Мүмкіндігінше дүниежүзілік педагогика ғылымының қажетті принциптерін пайдалану керек. Онсыз біздің тәрбие жүйеміз мүлдем шектеліп қалуы мүмкін. Бұл мәселеде барынша сақ болған жөн. Мектеп дегенің - халықтың болмысынан қайнап шықса ғана қадірі артады. Қазақ мектебі дегенде, осындай «халықтық мектептер» деп мән берілсе тәуір болар еді. Айта берсең, ұлттық мектептің проблемалық мәселелері, сірә, таусыла қояр ма екен? Мәселен, қашан да ұлттық мектепте ана тілін оқыту дегенің мағыналы іс деп саналған. Бір кезде Ресейде де француз тілін

орыс тілінен жоғары қойып, «мәдениетті адам француз тілін білу керек» деген әңгіме болған.

Ұлтымызды ұшпаққа шығару үшін қазақ оқығандарының қай-қайсысы да ең алдымен қазақ тілін, оның не екенін білуі керек. Оны білмей тұрып, әуелі басқа тілді игерейік, «сосын барып көгереміз, көктейміз» деу мүлдем дұрыс емес.

Ендігі бір үнемі сөз болып келе жатқан мәселе - аралас мектепке деген көзқарас. Кейде бірлі-жарым қазақ зиялыларының да «осының өзі бізге соншалықты кеселін тигізе қояр ма екен?» деп айтып қалатыны бар. Бұл - таңданарлық жағдай. Ешкім «ұлтына қарап, бөліп алайын» деп жатқан жоқ. Мәселенің мәнісіне оралсақ, қазіргі жағдайда еңсесі едәуір төмендеп қалған салт-дәстүрге, көбі қашып кеткен тілге «аралас мектеп» дегенің кері ықпал жасайды. Енді отыз-қырық жылды артыңа тастасаң, қазақ, тілі толық қанды мемлекеттік тілге айналған кезде мұндай мектептен қорықпасақ болар еді. Қазіргі жағдайда аралас мектеп қазақ тілі үшін «алакөңіл жағдай туғызып жүр» деуге негіз бар-ау. Бізде кейде «пәленбай қазақ класы ашылды» деп жатады. Өз алдына дербес ашылған мектепті ғана санау керек. Орыс педагогы К.Ушинскийдің «О необходимости сделать русские школы русскими» деген мақаласы бар. Ол осы мақаласында: «Латын немесе басқа тілдерді оқытуды бағдарламаға енгізу оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеуге кеселін келтіреді», - дейді.

- Қазақ мектебінің жағдайына байланысты проблеманың жайттар жеткілікті айтылған сияқты. Енді сол мектептің бағыт-бағдарын айқындайтын ұстаздарға қарай ойыссаң. Және оны жоғары мектептің, яғни жоғары оқу орындарының өзекжарды мәселелерінен бастасақ.

- Жоғарыда әңгімелеген қазақ мектебінің алдында тұрған міндеттердің қайқайсысын да іске асырудың жолдары толып жатыр[50]. Жауапкершіліктің ең үлкені - егемен елімізге ұлттың қамын ойлайтын, парасат-пайымы мол азаматтар, ұстаздар керек. Жоғары оқу орындарының мәртебесі туралы бірер сөз айтсам деймін. Басқаларды қайдам. Әйтеуір ұстаздар даярлайтын жоғары оқу орындары - педагогика институттары төмен сатыдағы нәрсе сияқты болып көрінеді. Мұның себептері де жоқ емес.

Қазіргі пединституттардың барлығын университетке айналдырған жөн болар еді. Бұдан қорқақтаудың қажеті жоқ. Менің таң қалатыным, өркениетті елдердің тәжірибесі туралы майын тамызып әңгімелеуге бармыз да, ал нақты іске келгенде бәрін бұрынғыша қалдыруға әуеспіз. Биыл Англияда болғанмын, бір ғана Штутгарт қаласының өзінде бес университет бар екен. Былтыр Египетте болудың сәті түскен, жиырма алты губернияның әрқайсысында кем дегенде бір университеттен бар екен. Ал біз болсақ, қараптан-қарап біреу университет деген сөзден қорқытып қойғандай үркіп жүрміз.

Кең пайымдасақ, ұстаз - өмірді біліп, түйсінетіп, баланы жақсы көретін, білімді, оны тәрбиеге айналдыруға қабілетті немесе тәрбиені білім арқылы бере алатын адамдар болуға тиіс. Төрт жыл оқи салып «кемеңгер ұстаз бол» деу, ақылға сыймайтын нәрсе. Мектепте істегісі келмесе, онда басқаша күн көрсін. Ал біз: «Пединститут бітірдің бе мектепке бар, басқаға әуре болма», - дейміз. Бұл өзі өмір сүріп отырған ортаға, тіпті, ілгерілеуге қарсы тұжырым. Бүйтіп жетектеп ұстаз қылғаннан ұтарымыз шамалы.

Тағы бір мәселеге тоқталмай болмайды. Болашақ мамандарды іріктеп алу да үлкеп мәселе. Бізде формализм басым, түсу емтихандарын ойлап тапқанымыз өз алдына, оны барынша күрделендіре түстік. Қазіргі түсу емтихандарында кездейсоқтық көп. Бес-он минөттің ішінде кімнің кім екенін танып, баға қою деген біздің технократтық ісімізден туған жайт.

Қазір де осы технократтық көзқарас дендеп тұр. Біз кейінгі төрт-бес жылда түсу емтихандарын ауыл-ауылда өткізіп жүрміз. Бұл жақсылықтың нышаны болғанымен, әлі жеткіліксіз. Бұдан былай бұл шаруаға шаруашылық, мекеме, өндіріс басшылары өздері білек сыбанып араласса, дұрыс болар еді.

Біз Мысырда болғанымызда көптеген игі ізденістер куәсі болдық. Мемлекетіміз бәрін де жаңадан бастап жатқан кезде «мамандар даярлау мәселесі де қатар жүргізілсе» деймін. Египеттегі бұл мәселенің тәуір шешілуінің сырын елдің Президентімен әңгіме барысында аңғарғандай болдық. Ол бізге былай деді: «Мектеп, білім мәселесі өте қажет, алдымен осыны қолға алыңыздар, кейінгі он-он бес жылда осыған дұрыстап қаражат бөліп едік, дүр етіп сілкініп шыға келдік».

Әңгіме барысында Президент мектеп жайына қайта-қайта оралумен болды. Бүгінгі күні басқаны қоя тұрып, жоғары оқу орындарының материалдық жабдығын да жедел қолға алу керек.

- Соңғы кезде ұлттық мектептердің алдында, тұрған міндеттерді шешуге халықтық педагогика да қызмет ете бастады. Бұл салада Сіз басқарып отырған оқу орнында да бірқатар шаруалар тындырылып отыр[15]. Осыған орай пікіріңізді білсек.

- «Халықтық педагогика» деп айта бастадық. Мұны кең мағынасында түсініп, түйсіну керек шығар. Бұл - қазақты бұрынғы даму дәрежесіне қайтадан алып келу емес, халқымыздың мыңдаған жылдар бойына жинаған тамаша салт-дәстүрлерін бүгінгі өркениеттілікке ыңғайлап, дүниетанымымызды кеңейтуге пайдалану десек қателеспеген болар едік. Қазақ мектептерінің өзгелерден ерекшелігі де осында ма деймін. Тәрбиелік қуаты бар ізгі дәстүрдің қай-қайсысы да кәдеге жарайды.

Көкейтесті мәселенің бірі - қазақ мектебіндегі пәндердің бағдарламалық көлемін қайта қарау. Бүгінде этнопедагогика деп жүргеніміз бір кезде өз алдына жеке ғылым болып дамыған. Өткеннің бәрін кертартпа деген тұста бірге лактырылып тасталған. Жалпы қазақ қана емес, әр халық тәрбиелеу жүйесін он сан ғасырлар бойына жинақтаған. Этнопедагогика, яғни халықтық тәрбиелеу жүйесі дегеніміз де осы. Педагогиканың өзі грекшеден аударғанда "бала тәрбиесі" ғой. Бұл қазаққа келінкіремейді. Қазақ бірінші кезекте үлкендерді тәрбиелеген. Үлкен тәрбиелі болса, кіші өзінен-өзі тәрбиелі болады. Өнегесімен! Халық педагогикасының ең басты ерекшелігі - мұның өзі мектеппен ғана шектелмейді. Ақтөбе облысында ғана жиырмаға тарта мешіт бар екен. Бұлар дала мәдениетінің бұрынғы ошақтары. Дін мәдениетке ықпалын тигізді. Бес дүркін намаз оқу, ораза - мәдениеттіліктің белгілері. Алла деген сөзі - әркімнің ар-ұяты ғой. Әзірге этнопедагогиканы салт-дәстүрмен байланыстырмай жүрміз, мұны тереңдету керек. Дүниежүзілік педагогикамен ұштастырсақ, адамзат баласына ортақ Коменскийдің, Ушинскийдің, Абайдың, Ахмет Байтұрсыновтың және басқаларының «ылымына» деп қойсақ. Сөйтіп, теориялық жағынан шындалсақ.

Көптен көңілде жүрген түйткіл мәселенің бірі - жоғары білімді тәлімгердің

әрмен карай біліктілігін арттыруға ұмтылысына байланысты. Қазақта білім-тәрбие жөнінде «тал бесіктен жер бесікке жеткенше» деген қасиетті ұғым бар. Үздіксіз алынатын білім жүйесін жасау керек. Мектеп жағдайында ұстазға білімін жетілдіру оңай шаруа емес. Бұл ретте мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының жұмысы дұрыс ұйымдастырылмай отыр. Біріншіден, білімін жетілдіруге уақыт кетсе, шәкірт ұстазсыз қалады. Екіншіден, сол ұстаздарға дәріс беретіндердің көпшілігі біздің институттың оқытушылары. Осыларды көре-жүре, айтар ұсынысым: университеттердің пікірін зерттеп жинайтын, оны жер-жердегі ұстаздар қауымына жеткізіп отыратын орталық құрыл болса деймін.

- Әлгінде ұлттық тәрбиенің дәстүрге негізделгендігін сөз еттік. Енді оның жалғасын тауып, берік орнытуы жолында жасалып жатқан іс-шараларта оң сапар дейміз. Осы арада оқырман көңілінде түйткіл қалмауы үшін институттағы нақты кадамдармен сабақтастыра отырып әңгімелесеңіз.

- Қай ұлттың болмасын мәңгілік дами беретініне сенімі болуы керек. Бұл ретте Египетті мысалға алуға болады. Арабтар мәңгілікке деген ұмтылысын жоғалтпаған ұлт. Оның жан-жақты себебі де бар. 2,5 мың жыл бұрын салынған храм көз алдында тұрса[30]. оның қасынан күнде өтіп жүрген адамдардың психологиясы «мәңгілік» дегенді терең сезетіндігі даусыз. Мұны айтып отырғаным, біздің бұрынғы жағдайымызды ел басшысы жаңарған сайын жаңаша ойлау қалыптасты емес не?!

Жалғыз арабтар ғана емес, Албания елі де біртіндеп, үздіксіз, үзілмей қалыптасудың мәнін ұқтырғандай болды. Штутгарт қаласында ауыл шаруашылығы университеті бар екен. Мені сондағы мұражай таңқалдырды. Онда сонау ерте кезден бастап немістердің егіншілікте қолданған құралдары жинақталған. Ұлттық ой-сананың өсуін, қалыптасуын көрсетіп тұрғандай.

Қ. Жұбановтың мұраларын іздестіріп, зерттейтін ғылыми-әдістемелік лаборатория жұмыс істейді. Абайтану кабинетін ашу ісі аяқталуға жақын. Жалпы Абайдың 150 жылдығын тәрбие жұмысында тиімді пайдалансақ деймін. Мұндай мүмкіндік күн сайын, тіпті жыл сайын туа бермейді. Абай тағылымы - рухани ойлардың мұхиты. Содан бәріміз де сусындауға тиіспіз.

Ұлттық тәрбие, ұлттық мектеп туралы әңгіме бола қалса, мұның өзін бір ұлтпен шектеп тастау деп түсінбеу керек. Әрбір ұлт адамзатқа ортақ мәдениетке, ғылымға сүбелі үлесін қосып отыруға тиіс

2.2 ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ТӘЖІРБИЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Отбасы – белгілі бір ортадағы тарихи құбылыс екені белгілі. Ол өзінің бүкіл тарихында өнегелі адамды, соның ішінде жас өспірімдерді тәрбиелеуде қызмет етіп келді. Сондықтан семьяға қалай болса солай қарауға болмайды, адам үшін ең әлеуметтік жақыны өскен семьясы болып табылады. Алғашқы семья тәрбиесі адамның жеке басының өнегелі негізін қалауда маңызды қайнар көзі, оған қоғамдық жауапты міндет қойылады., «Ата-аналарға, - деп жазды В. Г. Белинский, - өздерінің балаларын адам етіп шығару ардақты міндеті жүктеледі».

Қазіргі кездегі еңбек семьясы бұл - өз семья мүшелерінің бір-біріне көмегінің негізінде, тұрмыстағы қызметінің құрыштай берік бірлескендігінде, балаларды қоғамдық өндірісте тәрбиелеуінде қалыптасқан микро-коллектив[74]. Семьяның аса маңызды мәні - семья мүшелерінің бір-біріне көмегі мен олардың өзара түсінісуінде, олардың өз күш-жігерлеріне сенуінде. Бұл өнегенің негізін нығайтып, достық сезімге тәрбиелейді, семья алдында тұрған міндеттерді орындауға ықпал жасайды.

Балалардың мінез-құлқы мен санасына семьяның әсері барлық семьялық тәрбиенің жүйесі арқылы анықталады. А.С.Макаренко: Қымбатты ата-аналар, деп жазды ол - жалпы ой сіздің өзіңіздің өміріңіз бен сіздің өзіңіздің мінез-құлқыңыздан туады. Егер сіздің өміріңізде жалпы ойыңыз нашар болса, ең дұрыс, ақылды, ойластырылған педагогикалық тәсілдер ешқандай пайда әпермейді. Оның есесіне, жалпы ойыңыз дұрыс болып, балаңызбен қатынасыңыз жақсы жағдайда болса, бәрінен бұрын тәртіптің, еңбектің, бостандықтың және беделдің формаларының дұрыстығына байланысты.

Балаларды тәрбиелеуде семьяның ықпал ету өрісі қоғамдық мінез-құлық сияқты соншалықты кең. Басқа сөзбен айтқанда, оркестрдегі әрбір инструменттің өзіндік үні сияқты, семьяның да өзіндік үні, оның жалпы жағдайы, балаларды

тәрбиелеуде өзіндік бағыты, сондай-ақ семьяда балаларға, педагогикалық ықпал етудің тәсілдері мен әдістері бар.

Ерлі-зайыптылардың көзқарастарының бірлігіне, олардың сыйластығымен құрылған семья - ол мызғымас, бақытты семья[17]. Мұндай тату-тәтті семья балаларға қуаныш пен сүйіспеншілік сыйлайды, оларды тамаша адамгершілік сезімі бар өнегелі болуына дайындайды.

Яғни, семьяда баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына жағдай жасалады, өнегелі орта пайда болады. Семья тату-тәтті өмір сүрген сайын болашақ қоғамның азаматын тәрбиелеуде өнегелік процестің еркендеуі ойдағыдай өтеді.

Семьяның өзінің бағытын қалыптастырудың бастамасы ерлі-зайыптылардың семьялық және қоғамдық өмірге көзқарастарының өнегелі болатындығы жөнінде көптеген авторлар өздерінің педагогикалық және зерттеулерінде өте дұрыс анықтама берген болатын. Яғни, семьяда бала тәрбиелеу көбінесе ата-аналардың өнегелі болуына байланысты, сонда ғана балалардың идеалын қалыптастыруға дұрыс әсерін тигізеді. Өнегелі тәрбие қозғаушы күш болып саналады, соның көмегімен бала өмірге жол табады, өзінің шамасының келгенінше және қабілетіне қарай қоғамға пайда келтіреді. А. С. Макаренко қоғамдық істерден семьялық істерді бөлуге болмайды, сіздің қоғамдағы, немесе жұмыстағы белсенділігіңіз семьяда да көрініп тұру керек, сіздің семьяңыз өзіңіздің азаматтық жағыңызды көруі қажет, оны ата-аналар жағынан бөлмеу керек. Сіздің жұмыста не болып жатыр, сізді не нәрсе қуантып, не нәрсе толғантады, міне осының бәрі сіздің балаларыңызды қызықтыратын болсын. Сіз семьяның ұйтқысысын және семьяның және жұмыста беделді болыңыз - сіздің жетістіктеріңізді, сіздің семья алдындағы өзі өмір сүріп отырған орта алдындағы сіңірген еңбектеріңізді балаларыңыз біліп, мақтан тұтсын.

Сондықтанда әрбір семья өз ұрпағының қажеттілігін қамтамасыз етуге тырысады, оны өмірге, қоғамның талаптарын басшылыққа ала отырып ыңғайына және қабілетіне қарай еңбекке әзірлейді.

Отбасы, сондай-ақ мектепте баланы тәрбиелеу оның сезімталдық қабілетінің

жетілуіне, еңбеккер болуына, ұжымдық және өзінің дара сапасына бағытталуы керек[19, 22]. Сондықтан ата-аналарға күнделікті өздерінің балаларының мінез-құлқын бақылап, жеке басының сапасының жетілуін қадағалауға, оларды тәрбиелеудегі қиындықтарды жеңуге тура келеді. Сондықтан ата-аналар жеке басының жанасуының нәзік құралын игеруге, тәрбиелеудің шебер басшылығы балаларда өнегелік сапасының қалыптасуына мүмкіндік береді, өздерінің дұрыс және бұрыс қимылдарын талдауға талаптандырады.

Отбасы балаларды тәрбиелеудің шебер басшылығы ата-аналардан үлкен практикалық тәжірибені, жауапкершіліктің жоғары сезімін, байсалдылық пен теориялық білімдерді талап етеді, соның нәтижесінде олар семьяда баланың өмірі мен қызметін дұрыс ұйымдастыра біледі. А. С. Макаренко ата-аналарға былай деген болатын. Тәрбие жұмысының шындық мәні сіздің баламен жеке сөйлескеніңізде, сіздің балаға деген тікелей қимылдарыңызға байланысты емес, сіздің семьяңыздың, сіздің жеке басыңызға және қоршаған ортаны өмірді, баланың өмірін ұйымдастыруыңызға байланысты.

Баланы ата - ана мен мектеп ұжымы болып тәрбиелейді. Сондықтан отбасы бүтін организм сияқты, яғни біртұтас тәрбиеші ұжым, баланың өмірге, еңбекке және қоғамдық жұмыстарға әзірлігіне жақсы жағдай жасау барлық отбасы мүшелеріне жүктеледі[40].

Баланың оқу жұмысы басталған кезде оған жұмыс жағдайын жасау әрбір семьяның алғашқы міндеті болып саналады, яғни мектеп тапсырмасын орындау үшін жұмыс орнын ұйымдастыру қажет. Үйге берілген тапсырманы орындау кезінде тыныштықты сақтап, еш нәрсеге алаң болмау керек, олай болмаған жағдайда бала ойын тұжырымдай алмайды. Оқу процесін орындау барысында үйде жақсы жағдай ұйымдастырылса, баланы еңбекті сүйеге тәрбиелейді.

Ата-аналар үйге берілген тапсырманың орындалу барысын бақылауын, немесе оны орындауда балаға берген көмегін айтқанымызда, басты назар аударатын мәселе, ата-аналар жүйелі түрде бақылау жасауды ұйымдастыру қажет, соның нәтижесінде сезім мөлшерін, өзінің бақылау мен көмегін байлап қоюдың керегі жоқ, яғни, баланы тұрақты бақылау үстінде жұмыс істеуге үйрету керек, өзінің

жүйелі көмегінде күнделікті беруден аулақ болған жөн. Ата-аналардың бақылауы берілген тапсырманы қамқорлық және адалдық бағытта ықыласпен орындауына көңіл бөлерліктей болу керек[70]. Көмек берудегі басты мақсат - баланы өзінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, оның өз бетімен жұмыс істеуіне, кез-келген қиындықтарды жеңе білуге үйрету болып табылады.

Отбасында балалардың өмірін және еңбегін ұйымдастырудың негізгі жағдайы режимді тиімді пайдалануды ойластыру болып табылады.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткеніндей, кейбір жекелеген ата-аналар еңбек тәрбиесінің маңызына, оны отбасы ұжымының жағдайында таратуға көп көңіл бөлмейді. Соның салдарынан семья мүшелерінің, арасында еңбекті бөлісу дұрыс сақталмайды, тәлімгердің нақтылы міндетті еңбектері жоқ.

Еңбек тәрбиесі мәселесі жөнінде біз көптеген ата-аналармен әңгімелестік, сұқбаттастық, I-курс тәлімгерлерінің ата-аналарына сауалнама толтырттық.

1. Сіздің балаңыздың семьяда міндетті еңбегі бар ма және отбасыңызда мұқтаждық болмасада, оқып жүрген бала тәлімгеріңіз қосымша жұмыс істегені, немесе сабақтан кейін демалғаны дұрыс па?

Тапсырылған жұмысты зорлықпен, немесе анда-санда, тіпті тәлімгердің оны орындаудан бас тартуы ата-аналардың тек тәлімгер алдында беделінің түскендігі емес, сонымен қатар бүкіл семья мүшелерінің алдында беделінің түскендігі болып табылады. Мұның барлығы ең алдымен ата-аналар беделінің, тәлімгерге педагогикалық тәрбие берудегі тиімділігіне, олар тәлімгердің жеке басының көзқарасына және сыйластырына, педагогикалық және жалпы мәдениеттің дәрежесіне байланысты.

Ата-аналар беделін пайдаланбаған семьяда балалар үй шаруашылығына анда-санда араласады, көп уақыт көшеде жүреді, мұндай жағдайда ата-аналар семья ұжымын беріктігіне көңіл бөлмейді, балалар дербес, өзімшіл болып өседі. «Сіздің балаңыздың тәртібінде қандай кемшілік бар?» деген сұраққа мынадай жауап алдық. I-курс тәлімгерлердің 46 ата - анасының 16-сы өз балаларының әділсіздігі үшін, 26 - немқұрайлығы үшін, курс тәлімгерлер арасында немқұрайлылық пен өзімшілдік басым екені байқалды. Ата-аналар арасында әңгіме және тест, сұрақ

аркылы баласының мұқтаждығы болсада жұмыс істеуін қалайды ма? дегенде 60 пайызы қалайды, 25 пайызы қаламайды, себебі көбі жалғыз бала және балалар өз еркімен 30 пайызы. Отбасыда еңбек тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру үшін ата-аналарға мынадай ұсыныстар береміз. Отбасында балаға тапсырма бергенде оның жасын, денсаулығын, жеке қасиетін ескеру керек. Шамасы келмейтін тапсырма берсе, баланың өз күшіне деген сенімі жойылып, оның семья мүшелерінің алдында беделінің түсуі мүмкін. Семьядағы еңбек балалардың пайдасына сәйкес болу керек, олардың тапсырылған істі орындауда белсенділігі артып, өзін-өзі билеу қабілеті жетіледі.

Отбасында балалардың ой, дене және қоғамдық еңбектерін ойластырылған түрде алмастырып тұру баланың жеке басының өнегелі жоғары сапасын қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ата-аналар өздерінің балаларының алдында еңбек өнегесін көрсетіп үлгі етуі қажет.

Отбасында әрқашанда бала үшін сүйікті ұясы болып табылады. «рухының жақындағы» біріктіреді, яғни олардың туысқандық жақындығы, талпынуы, бірін-бірі түсінісуі, көз жеткізуі.

Тәлімгерді тәрбиелеуде көзқарастары әртүрлі ата-аналар семьясы кездеседі. Отбасы мүшелері өмірдің материалдық жағын біріктіреді, ал жалпы семья шаруашылығының мақсаты анықталмай қалады. Семьядағы мұндай жағдай, сөз жоқ, баланың тәртіп мәдениетіне, онын, еңбекке және оқу қызметіне кері әсер етпей қоймайды.

Отбасы тәрбиесінің тәжірибесінде ата-аналар арасындағы көзқарастың әртүрлілігі байқалады. Ата-аналардың отбасы тәрбиесі мәселелері жөніндегі келіспеушілігі, көзқарастарының бір болмауы баланың жеке басының сапалы жағын қалыптастыруға кері әсерін тигізбей қоймайтынын атап өту керек, бала анасының қолдауына сүйеніп, әке жағынан болған талапқа қалай болса, солай қарайды, мұндай жағдайда бала өз айтқанын істеп бағады. Соның салдарынан бала өтірік айтуға дағдыланады, ата-аналар жағынан біртұтас тәрбие жүйесін сезінбей қырсықтанады, ол өзі дұрыс деп тапқан ісіне кіріседі. Тек осындай семьяларда ғана балаларға педагогикалық әсер ету жүйесі бұзылады, жүйелік

тәрбие әдістерін жаман қолдану байқалады. Сондықтан тәлімгерге шешесі жағынан болсын, әкесі жағынан болсын педагогикалық талаптарды төмендетуге болмайды. Мұның барлығы балаларды кешіреді, олар жазасыз қалады деген баланың ұғымын тудыруы мүмкін.

Кейбір семьяда тәрбиенің қиындығы мынада: әке мен шеше өздерінің кемшіліктерімен күреспейді, қайта оны жасып-шаяды. Солай бола тұрса да олар балаларынан тәртіпті болуды талап етеді. Соның салдарынан өте байқағыш, сезімтал балалар өз ата-аналарының мұндай қылықтарын көреді. Мұндай жағдай тәлімгерді дұрыс жолдан тайғызып, оларды «екіжүзділікке» итермелейді.

Ата-аналар семьяда тәлімгерге деген қарым-қатынастың әділ болуы үшін міндетті түрде тырысулары керек деп кеңес беріп отырды ұлы жазушы Л. Н. Толстой. Кішіпейіл адамды тәрбиелеп, қалыптастыруда және жоғары идеал беруде, өз халқына адал қызмет ету үшін Кеңестік семьяда ең алғаш мән беріледі. Осы міндеттерді ойдағыдай шешу үшін ата-аналар тәрбиенің мақсатын яғни, олар кімді тәрбиелейді соны жақсы білуі керек, А. С. Макаренко ата-аналарға оқыған өз лекциясында: Әрбір әке, әрбір шеше өз баласында қандай қасиетті тәрбиелеп жатқанын жақсы білулері қажет деген болатын.

Тату-тәтті өмір сүріп отырған семья әрдайым ұрпағының тәрбиесіне көп көңіл аударады, олардың күнделікті өмірімен қызығады. Ұрпағын өздерінің ойларымен бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды. Мұндай семья тар шеңбер аумағында қалып қоймайды, олар ұрпағын кәсіби және оның өзі өмір сүріп отырған ортадағы мәселелері шеңберіне шығарады.

Соған карамастан кейбір ата-аналар тәлімгердің жеке басына көңіл бөлмейді, оның ішкі дүниесіне, оны нендей нәрсе қызықтырады, мақсатына, уайымына, қоршаған ортаға қатынасына назар аудармайды. Демек, ата-аналар тәлімгердегі ең бастысы, яғни, тәлімгердің тәрбиеленуі мен жетілу процесін дұрыс басқаруды жақсы біле бермейді.

Тәлімгердің ішкі дүниесін түсіну үшін оның әрбір жағдайдағы қимылы мен істеген істеріндегі жатқан мотивтерді білу керек. Кейбір ата-аналар ұрпағының

дұрыс істемеген қылықтарынан түсінік алу үшін талпынады, бірақ оның тәртібіндегі қалыптасқан себептерді түсінбейді. Мысалы, бала үйге тапсырылған жұмысты орындаудан бас тартса, ата-аналар оны бір бет деп санайды. Соның өзінде де олар бас тартудың негізгі себебін ойлаумен болады. Әрине, бірбеттілік белгілі бір себептерден пайда болады. Демек, баланың табиғатын білу керек.

Кейде бірбеттілік шаршағандықтан, тәлімгердің ішкі дүниесінің бір нәрсеге еліктеп ойлауынан пайда болады. Мұндай жағдайда тәлімгерден тапсырылған жұмысты орындауды талап етудің тиімділігі аз болады.

Бір беттіліктің себептері тәлімгерге семьяда дұрыс тәрбие бермей «жұмбақ өмірде», не қажеттінің бәрін орындап, жақсы жағдайда өскендіктен пайда болады. Тәлімгердің мінезін жақсы түсіну үшін, ең алдымен, оның жетілуімен, оған не нәрсе қажет екенін білу керек. С. Макаренко: «...сіздің ұрпағыңыз ең алдымен қалай өмір сүреді, оны қандай нәрсе қызықтырады, нені сүйеді, нені сүймейді, нені қажет етеді, нені қажет етпейді, міне, соны білуіңіз керек. Сіз балаңыздың кіммен достасып, қандай кітаптар оқитынын, оқыған кітаптарын қалай қабылдайтынын білуіңіз керек. Сіз мұның барлығын балаңыздың жас шағынан білгеніңіз жөн». Мысалы, тәлімгердің кітапқа деген көзқарасы кейбір ата-аналарды қызықтырмайды. Кітап бұл білімнің қайнар көзі, оның жаңа бақытты өмірге деген күресінің күші орасан. Тәлімгер кітаптан халықтың бостандық пен бақыт жолындағы күрескен жандардың қажырлы образдарын көреді, еңбек озаттары мен ғалымдарды біледі.

Кітап оқу білімге деген ынта-ықыластың негізін қалайды, ол тәлімгердің мынадай өнегелік адалдық, шыншылдық, ұжымдық, Отанын сүюшілік қасиеттерін тәрбиелейді. Ата-аналар балалардың қабілеті мен жас ерекшеліктеріне қарай өздерін қызықтыратын кітаптарды тандап алып беру мәселесін ойластырғаны жөн. Сондықтан ата-аналар бұл мәселе жөнінде мектеп мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен, балалар кітапханасының қызметкерлерімен жиі-жиі жолығып, олардан ақыл-кеңес алып отырулары керек. Әсіресе, 15-16 жастағы балаларға ерекше назар аудару талап етіледі. Оларды ғылым мен техника жаңалықтары, жаратылыстану мен право мәселесі, ұлы

адамдардың өмірі мен қызметі туралы жазылған кітаптар қызықтырады. Жас өспірімдер олардың қоршаған өміріне жіті көзбен қарайды, ойланады, өздерін қызықтыратын сұрақтар қояды. Әрине, бұл кезде оларға кітап көмектеседі, іздеген сұрақтарын содан табады.

Семьялық оқудың міндеттері мынада жатыр: ата-аналар өз ұрпағының оқуды қажет ететіндігін білуі өте орынды, оларды кітаппен жұмыс істей білуге үйрету, оқуға әдеби талғамын жетілдіру керек және балаларды тек қана оқиғалы әдебиеттерді оқуға үйретіп қоймай, жан-жақты оқуға барыттап отырған жөн. Түп нұсқадан оқу - ол оқыған кітабының мазмұнын терең түсінуіне, қоршаған орта, өзі туралы, өзінің тағдыры, болашағы туралы ойлануына жәрдемдеседі. Сонымен кітап оқу тәлімгердің жеке басын өзі тәрбиелеудің ең маңызды қайнар көзі болып табылады.

Отбасы тәрбиесіндегі жетістікте ата-аналардың өз мінез-құлқы нағыз шешуші фактор болып табылады. А.С. Макаренко «Азаматтарды тәрбиелеу туралы» лекцияларында: «Сіз өз балаларыңызды тәрбиелеместен бұрын, өзіңіздің жеке мінез-құлқыңызды тексерініз... Сіздің өз тәртібіңіз - нағыз шешуші құрал болып табылады. Ата-аналардың өздеріне талап қоя білуі, олардың өз семьяларына қадірлі бола білуі, өздерінің әрбір қадамын қадағалап отыруы - тәрбиенің ең бірінші және ең басты тәсілі» деген болатын. Одан әрі Макаренко: «...егер сіз дөрекі және мақтаншақ, немесе маскүнем болсаңыз, ал бәрінен жаманы, егер сіз шешесін балағаттасаңыз, онда сізге тәрбие туралы ойлаудың қажеті де жоқ» деп атап еткен еді.

Жеке тәлімгердің жоғары саналылық қасиеті тек жақсы семьяда пайда болады, сол семья өрбиді және қалыптасады. Семья - бала үшін бірінші мектеп болып саналады. Демек, тәлімгердің барлық болашағы семья қолында.

"Өкінішке орай біздің арамызда, ата-аналар арасында қактығысып қалатын семьялар әлі де болса кездеседі. Оның басты себебі жеңіл мінезділік, маскүнемділік, семьядан ата-ананың біреуінің кетіп қалуы тағы сол сияқтылар болып табылады. Мұндай нашар семьяның негізінде ата-аналар өзін-өзі бақылауды тоқтатады, көптеген былапыт сөздер айтады, бірін-бірі кемсітіп,

балаларының көзінше балағаттайды. Ата-аналардың мұндай жиі жанжалдасуы ақыр аяғында төбелеске әкеліп соқтырады, тәлімгер үшін семьяда ауыр жара туғызады, олардың жанын тебірентеді, сөйтіп бала өз үйінен өзі жиіркенетін болады.

Ішімдікті жиі қолданатын семьяларда ата-аналардың нашар қылықтары өз ұрпағына әсерін тигізбей қоймайды. Егер семьяда әкесі, немесе шешесі маскүнем болса онда іс мұнан да жаман болады. «Қызылорда-строй» тресінің жұмысшысы өз баласы Сергейді тәрбиеледі. Шешесі үздіксіз арақ ішті, ал ұрпағы болса шешесінен үлгі алып өсті, тіпті істеп жүрген жұмысын тастап, жұмыссыз жүрді. Мұның аяғы қылмыс жасауға әкеліп соқтырды.

Тәртіп бұзу мен балалардың қылмыс жасау себептері түсінікті сияқты. Бірақ өмір дәлелдеп отырғанындай дұрыс тәрбие өзі өмір сүріп отырған ортаға қарсы бейімделген жас өспірімдерге ғана емес, барлық тәлімгерге қажет. Сондықтан ата-аналардан тәлімгерге деген жақсы қарым-қатынас, оған білгірлікпен келу талап етіледі, оның мінезін, қылығын дұрыс бағалауға және шешімін табуға, өздерінің жарлығын семья табалдырығынан шығармауға көмектеседі. Дегенмен, кейбір ата-аналар өз ұрпағының мінезін әртүрлі түсінеді. Кейбіреулері оларды қорғайды, басқа ата-аналар жалған сезім білдіреді, ал үшіншілері балаларының қылықтарын мұқият талдап, шешімді жаза қолданбайды.

Тәлімгердің жас ерекшелігін, оның мінезін, бейімділігін, өмір тәжірибесін, өзінің азаматтық намысын сақтауды, семьяда келбетінің өсуі үшін ұнамды жағдай жасауды, тәлімгердің қабілетін жетілдіруді, біздің қоғамның талаптарына сай өздерінің міндеттерін орындауды басшылыққа алуды әрбір ата-ана ескеруі тиіс. Мұндай семьяда әрдайым өнегелілікке тәрбиелеудің мықты негізі қаланады.

Отбасы мықты, әке мен шеше арасындағы бірлік жақсы болса, онда тәлімгерді тәрбиелеу мен оқыту міндеттері оңай шешіледі. Сондықтан тәлімгерді тәрбиелеу ата-аналардың парызы болып табылады, сонымен қатар олардың өз арының алдында, біздің алдымыздағы жауапкершілігіміз артады. Семья тәлімгер үшін ең сүйікті және еш уақытта ұмытылмайтын, жас кезінде оның жүрегіне қуаныш, бақыт толтыратын ел азаматының тәрбиеленіп өсетін туған үйі болып табылады.

Отбасының ата-анасының біреуінің кетіп қалғанына тәлімгер өте ауыр қайғырады. Тәлімгер семьяны бүтін бұзылмайтын камал деп есептейді, бірақ оның кенеттен бұзылғанын байқамай қалады. Осыған орай толық емес семьяда ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі ұлы педагог А. С. Макаренконың ата-аналара арнап айтқан сөздерін еске түсірмесе болмайды. Ол былай деп жазды: «Егер ата-аналар бірге тұрмай, ажырасып кетсе, онда тәлімгер тәрбиесіне өте ауыр әсерін тигізеді». Одан әрі ол: «...егер сіз ез әйеліңізді сүймей, басқа біреуді сүйсеңіз, жаңа сезіміңізді сендіріңіз. Әрине, жаман, қиын, бірақ сендіруге тиіссіз... өйткені сіздің балаңыз болашақ азамат болып өсіп келеді, сондықтан сіз белгілі бір мөлшерде өзіңіздің сүйікті бакытыңызды құрбан етуге міндеттісіз».

Мына бір мысалды алып көрелік. «Менің шешем ішетіндіктен, әкем бізден ерте кеткен болатын, - деп жазады Марат. Ол өте жас, өмір табалдырығын жаңа ғана аттаған. Мен өзімді қанша біліп, сезінгеніммен маған бір нәрсе жетіспейді. Ол - әке. Егер мен жаман болып өссем, менің түсінігімше, әкем қайтып келетіндей көрінді. Сөйтіп, мен нағыз бұзақы балалармен достаса бастадым. Содан кейін мен түзелмейтін бала болып жұрттың аузына іліктім. Ешкімге ешқандай қиянат көрсеткенім жоқ, тек шешем арақ ішкенде ғана оған әдейі қырсықтық жасаушы едім. Әкем анда-санда келіп тұрды, бірақ бұл кездесуден ешқандай нәтиже шықпады. Олардың сөздерін тындау мүмкін емес еді[52]. Мен қазір ер жеттім, енді өзіме-өзім жауап беріп, өзім шешуім керек.. Жақсы адам болғым келеді. Мен мама деп менің өмірімді сақтап қалған әйелді айтамын. Саған көп рахмет мама! Бұл хаттан үзінді Мараттың өзінің жас шағындағы басынан өткізген қиындықтары туралы жазады. Егер әкесі, немесе шешесі шын жүректен, өз балаларын сүйсе онда мұндай қактығысты оңай шешуге болады, ата-анасының нашар қылығы баланы психологиялық жараға душар еткізіп, оның мінезінде үлкен із қалдырады, ал оның өмір бойы кетпеуі мүмкін.

Ата-аналар комитеті мен белсенділерін балалар жұмысын ұйымдастыруда тиімді жолдарын табуға көмектесіп отырған мектептің педагогика ұжымдары аз емес.

Педагогика ұжымы жұмысының тиімділігі ата-аналар конференциясын сапалы

өткізу болып табылады. «Мектеп пен семья білім беру күресі жолында», «Болашақ азамат бүгіннен бастап тәрбиеленеді», «Семья бүгін және ертен», «Бала тәрбиелеудегі әкенің ролі» және тағы басқа тақырыптарда конференциялар және семинарлар жиі мектеп көлемінде өткізілуі жиі болса.,

Педагогика ұжымы мен ата-аналар комитеті оқушылардың мәдениетті жүруге дағдылану мәселесіне көп көңіл бөледі. Осы мақсатпен балалардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі тақырыптарға лекция циклдары мен әңгімелер өткізеді. «Адамның сыртқы түрінің көрнектілігі», «Адам мінезінің әдемілігі», «Адам еңбегімен көрікті» және «Біздің жан-жағымыздың бәрі әдемі» деген тақырыптарда суретшілердің, акындардың, композиторлардың және басқалардың шығармаларына арналған бастауыш класс оқушылары үшін әңгімелер өткізіледі[79]. Ал жоғары класс оқушылары үшін тәртіп сақтаудың эстетикасы жөнінде «Тұрмыстағы әдемілік туралы», «Қарапайымдылық пен кішіпейілділік туралы», «Парыз бен намыс туралы», эстетикалық тәрбие жөнінде «Эстетикалық талғам және эстетикалық идеал» және тағы басқа тақырыптарда әңгімелер мен лекциялар өткізілді.

Мектеп іс шараларында мәдениет айлықтары өтіп тұрса мынадай сұрақтар мен міндеттер қаралды:

1. Сыртқы көрініс оқушының екінші киімі.
2. Оқу-сызу құралдарының жағдайы.
3. Жұмыс орнының жағдайы.
4. Сыныпты безендіру және тазалық.
5. Сынып оқушыларының өзара қарым-қатынасы.
6. Мектепте және үйде үлкендермен сөйлесу мәдениеті.
7. Оқушының мектепте, үйде, көпшілік орындардағы тәртібі.

Әрбір сынып жеті сайын сатиралық газет және шығармашылық сондай ақ қызықты әңгіме сөз жұмбақтар шығарып көпшілікке ұсынса.

Ата-аналармен жеке әңгіме өткізу алдын ала жасалған жоспар бойынша жүргізілді, онда әрбір әңгіме жүргізер алдында нақтылы сұрақтар мен мақсаттар мұқият қаралды, мысалы:

- а) үй жағдайы және семьяда ата-аналармен балалардың қарым-қатынасы;
- ә) бала тәрбиелеуде мектеп пен семьяның талаптары қалай сақталады;
- б) семьяның еңбек атмосферасы: баланың дене еңбегіне қатысы, олар ата-аналарына үй шаруашылығы жөнінде көмектеседі ме;
- в) балалар күнделікті режимді орындай ма, оны ата-аналар қалай бақылайды.

Мұндай әңгімелер ата-аналармен тұрақты байланыс жасап тұру үшін, сөз жоқ, балалар туралы, олардың ата-аналары туралы ең қажетті және пайдалы мәліметтер береді, оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді болуына жәрдемдеседі.

Осы мақсатпен көптеген педагогика ұжымы ата-аналар үшін әртүрлі нұсқаулар жасауда, оның мәні - балалардың үй тапсырмасын орындауды дұрыс ұйымдастыруға, күн режимін сақтауға, үйдегі еңбек міндеттерін орындауға көмектесу болып табылады. Міне, сол сұрақтардың тізімі:

1. Мектепке барып, өз балаңыздың табысы, тәртібі туралы оқытушылармен, сынып жетекшілерімен әңгімелесіп, ақылдасу керек.
2. Баладан сыпайы сөйлесуді, одан жолдастарымен,, өздерінен үлкендермен сыпайы сөйлесуді талап еткен орынды.
3. Баланың күн режимін орындауын, олардың әртүрлі спорт ойындарымен шұғылдануын, киноға және театрға баруын, таза ауада қыдыруын, кітап, газет, журнал және тағы басқаларды оқуын қадағалаңыз.
4. Семьяда баланың еңбек тәрбиесін дұрыс ұйымдастырып, үйге берілген тапсырманы тыңғылықты орындауына және оның шаршамауына, үйдегі еңбек міндеттерін орындауына назар аударыңыз.
5. Оқтын-оқтын, барлық семья мүшелері түгел жиналған кезде өз балаңыздың мектептегі және үйдегі жетістіктерін атап өтіңіз, оған келешекте де өзін осындай жақсы ұстайды деген сенім білдіріңіз. Бұл, сөз жоқ,, баланың тәртібіне және еңбек жұмысына игі әсерін тигізеді.
6. Баланы ақшамен еркелетпеңіз, кітап, дәптер сатып алуға, киноға баруға жұмсалған, сондай-ақ күнделікті көшеге қыдырғанда жұмсалған ақшаның есебін талап етіңіз.

балаларына басқа әдіспен тәрбие беретінің байқатады. Мысалы: қақпай өсіру, жетістікте және молшылықта шетелде білім алуға мүмкіндік туғызу т.с.с. Ал ер балалардың көпшілігі қазақтың ұлттық тәрбиесіне басымдау.

Ата-аналармен және олардың балалары арасында жүргізілген мақсатты жұмысты жақсартуға себін тигізеді. Сонымен әрбір мектептің педагогика ұжымының семьямен тығыз байланыста болуы тәлімгерлердің, кураторлардың ата-аналарға дер кезінде көмек көрсетуіне, олардың баланы дұрыс тәрбиелеудегі жауапкершілігінің артуына мүмкіндік береді.

ЕКІНШІ ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

- жанұяның тәлімгерге ықпалы барлық тәрбие жұмыстарынан да күшті. Жас келген сайын ол әлсірейді, бірақ ешқашан жоғалып кетпейді;
- жанұяда басқа ешқандай жерде қалыптаспайтын қасиеттер қалыптасады;
- жанұя жеке тұлғаның социализациясын жүзеге асырады, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесі бойынша қарқынының шоғырландырылған сипаттамасы болды. Жанұядан қоғам мүшелері шығады: қандай жанұя – сондай қоғам;
- жанұя дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз етеді;
- жанұяның маңызды әлеуметтік функциясы, ол ұлтжанды азамат, қоғамның заңды орындай білетін мүшесін тәрбиелейді;
- жанұя тәлімгердің мамандық тандауына маңызды әсер етеді.

Үстіміздегі жылдың отбасы жылы аталуының себебі де бар. Өйткені, біздің елде ғана емес, бүкіл дүние жүзінде отбасының жақсы реңі бұзыла бастаған сияқты. Отбасы кішкентай бір мемлекеттік ұя деп бекер айтылмаған. Әдетте, жақсылық та, жамандық та отбасынан басталады. Отбасы - жұртты жақындастырушы, жыныс пен жынысты жұптастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, адамаралық туысқандық ұғымдар тудырушы, олардың бір-біріне деген махаббат, сүйіспеншілік тұтатушы, ғаламат күшті жері - ұрпақ өрбітуші, рухани бірліктің, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя. Сондықтан да отбасы барша адамзатқа ең жақын, ең қажетті ұғым.

Көшпелі дегенің бір жерде жұптасып, топтасып отырмай, әр жерде ру-румен, ел-елмен әрқайсысының өзінің көшетін, қоныстанатын орындары бар жағдайда өмір сүру. Бұл реттегі отбасының өзгеше әлеуметтік күші - екі жас бірімен-бірі жұптасып, шаңырақ көтерген кезде екі рулы елдің жақындасуына себепкер болады. Демек, жаңадан құралған отбасы немесе көтерілген шаңырақ сол отбасы мен шаңырақтың ғана игілігі емес, сондай-ақ бүкіл халықты жақындастырушы болып табылады. «Құда - мың жылдық» деген қағиданың да шығуы осыған байланысты.

Нағашы, жиен, бөле сияқты әр түрлі туыскандық ұғымдар отбасының арқасында пайда болады. Осыдан барып қарға тамырлы тұтастықты қалыптастыруға мүмкіндіктер туады. Ал тұтастықты тудыратын қарым-қатынастың әсіресе біздің көшпелі халық үшін алар тарихи орны айтпаса да түсінікті.

Біз соңғы кезге дейін «отбасын» орыстың «семья» деген сөзімен атап келдік. Марқұм Нұртас Оңдасынов ағамыздың пайымдауынша, «семья»- араб сөзі, қазақшаға бұл сөзді «ұрпақ» деп аударуға болады. Олай болса, славян тілдеріне, яғни орыс тіліне «семья» араб тіліпей келген деген тұжырымдауға негіз бар. Бірақ, біздің байырғы қазақ тілінде «семья» деген сөз, әрине, қолданылған жоқ. Мемлекетіміз жаңаша өз отауын құрып, тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, мүмкіндік туып отырған кезде «семья» деген сөзден гөрі қазақтың байырғы, дәстүрлі сөздерін алып келіп, тірілтіп, қолданысқа енгізуге тиістіміз. Бұл жерде әңгіме «отбасы», «шаңырақ», «үй іші», «түтін» сияқты сөздер туралы болып отыр.

Аталмыш сөздердің әрқайсысының ауқымы мол. Бұл сөздердің қай-қайсысы да қазақ психологиясын- тарихи терең мәнге ие. Қазақ халқының әлеуметтік, тарихында қалыптасу заңдылықтарын көрсетіп тұрған сияқты. Зер салып, үңіле қарасак, онда осы сөз - ішінде өміріміздің бейнесін көргендей боламыз. Оның отбасы рухатни өміріміздің айнасы тәрізді

«Үй» сөзінің қазақ халқы үшін алатын орны ерекше. Толып жатқан мақал-мәтелдер мен тіркестер осының айқын дәлелі. Сондықтан оны салынып қойған, тігілген үй деп бөле-жармай, мұны отбасына синоним ретінде, соның екінші бір

атауы сияқты пайдалану өте заңды деп ойлаймын. Орыс тіліндегі «домның» «семьямен» еш қатынасы жоқ тәрізді. Ал қазақтың «үй» сөзі өзінің тілдік ерекшелігіне байланысты «семья» деген ұғымның үлкен бір бөлшегін ұстап тұрған сөз. Содан да болса керек, «үй іші» сөзі қазақ үшін жүрекке жылы ұшырайды. «Үй іші, бала-шағаң аман-есен бе?», «Үй ішіне сәлем айт» деп жататындығымыз «семья» ұғымының үлкен бір бөлшегін білдіретіндігінің айтағы емес пе?!

«Бір үй толы жансың - біріңе-бірің қонақсың» деп қазақ өмірдің қамшының сабындай қысқа екенін айтумен қатар, бір үйдің ішінде, бір отбасында, бір шаңырақтың астында түтін түтете отырып, біріңмен-бірің тату болып, сыйласып өтіңдер, біріңе-бірің қонақ сияқтысыңдар, егер біреу о дүниеге аттанып кетсе, оны сағынып отыратындай тату-тәтті болыңдар дегенді мегзеп тұрғандай.

Ал «шаңырақтың» тікелей мағынасы киіз үйдің төбе бөлшегін білдіреді. Шаңырақ көтеру деген қазақта отбасын құру болып табылады. Ал мұның өзі екі жастың бірігіп, жұптасып, отбасының пайда болуы. Қазақтың «шаңырағың биік болсын» деп жататыны киіз үйдің шаңырағы биік болсын дегендік емес, одан тіпті кең, отбасының мәртебесі жоғары болсын деген игі тілек. Осылайша «шаңырағың шаттыққа толсын» - әрдайым отбасында қуаныш болсын дегені. Әбден қиналған тұста, ақтабан шұбырынды кезінде, андағайлап жау шапқан сәтте «шаңырағын ортасына түсіріп кетті» делінеді, ал бұл ордасын талқандап кетті деген мағынаны білдіреді. Бұдан байқайтынымыз, «шаңырақ»- қазақтың байырғы сөзі. Сондай-ақ оның «семья» сөзімен берілетін ұғымның бөлшегін өз бойында жипап тұрғандырын айтқан ләзім.

«Түтін» - қазақтың қасиетті сөзі. Мұны будақтап, бықсып жанған оттан шығып жатқан түтін деп тікелей мағынасында түсінбейміз, бізге қажеті - оты маздап тұрған кәдімгідей үй іші бар, шаңырағы көтерілген семья деген мағынаны білдіретін сөз. Қазақта «орнында бар оңалар, шүкір, пәленше әкесінің түтінін түтетіп, ұстап отыр екен» дегенді жиі естиміз. «Отбасы аман екен», орысша үлгімен айтар болсақ, семьяны сақтап қалып, жалғастырып отыр деген мағынада. «Шырақтарым, түтіндерің түзу шықсын» дейді тағы. Бұл отбасыларың жақсы

болсын, түзу өмір сүріңдер, кысық, қыңыр болмандар деген мағынада. «Түтінің өшпесін» деп бата береді. Осының бәрі «түтін» сөзінің семья деген ұғымның үлкен бөлшегін ұстап тұрғандығына толық дәлел бола алады.

«Семья» сөзінің мағынасы молырақ десек те, «отбасы», «шаңырақ», «үй іші», «түтін» сөздерінің әрқайсысының қызметі тереңірек. Тек «семья» ауызға тез түседі, дағдыға айналып кеткен. Ал біз келтірген сөздер семьяның төрт қырындай. «Отбасы» мен «үй іші» - бір-біріне жақын. «Отбасың бақытты, аман болсын» деуге болады. Жалпы, «отбасы» «үй ішінен» гөрі абстрактілі. «Отбасының берекесін берсін» деген тілек айтылады. Бұл да абстрактілі. Жеделхат жолдағанда «отбасының амандығына, бақытты болуына» тілектестік білдіріп жатады. «Отбасы» «семьяға» түптес жуық, жақын ұғым. Ал «үй іші» дәлірек ұғым, көбінесе «семьяның» мүшелері деген мағынаны білдіреді. «Отбасыңа сәлем айттан» гөрі «үй ішіңе сәлем айт» деген дұрыс. «Үй іші қанша адамнан тұрады?», «Отбасы қанша адамнан тұрады?» деуге де болады, бұлар - синоним ұғымдар.

«Шанырақ пайда болып жатыр екен» десек, дұрыс болады. Ал «отбасы пайда болып жатыр» деу келіңкіремейді. «Үй іші пайда болып жатыр деген тіпті келмейді.

«Осы ауылда қанша семья тұрады?» дегенді қазақ «ауылда түтін саны қанша?» дейді. Ал «қанша шаңырақ», «қанша отбасы», «қанша түтін» деген тіпті маңайламайды. Егер әңгіме статистика туралы болса, міндетті түрде «түтін» қолданылады.

Біз таратып айтып жатырмыз, кейбіреулер «мұнысы несі, өстіп бәрін былықтырып жібермейміз бе?» деуі де әбден мүмкін. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, дәл осылай ойлаудың еш қисыны жоқ. Өйткені, тілдің ғасырлар бойына жасалған ұғымдық атауларын аяқ асты етуге болмайды. Жасыратын несі бар, кейбіреулер қалтасынан шығарып, семьяға тиімдірек балама деп, «жанұяны» пайдаланып та жүр. «Жанұя» бір қарағанда «семьямен» үндес, айтуға жеңіл көрінгенімен, «жаңа жанұя пайда болып жатыр екен», «жанұяң шаттыққа толсын», «жанұясын сақтап отыр» дегендер түкке тұрмайтын сөздер болып шығар еді. Қазақтың табиғатына тән әдемілікті білдіретін, қазақтың рухани,

психологиялық, дүниетанымдық ерекшелігіне сәйкес келетін «түтінін түтетіп отыр екен», «шаңырағы шаттыққа толып отыр екен», «шаңырағың биіктеп бара жатыр», «түтін саны қанша?», «отбасының тамаша істері» деген сөздерді «жанұямен» байланыстырып қалай айтарсың? Газет бетіндегі қатып қалған, сіреспе аударма үшін бұл тиімді де болар. Бірақ газет қызметкерлеріне, теледидар мен радиодағы ағайындарға «жанұяны» көп қолданатындыры үшін ренжуге тура келеді. Тіпті біреулер, құдай-ау, «үйелмен» деген сөзді тауып алыпты. «Үйелменді-сүйелменді» деген топтық мағынада қолданылады, жастары шамалас дегенді білдіреді. «Оқырман» мен «көрерменді» алға тартып, түбірі «үй» шығар деп, «үйелмен» деу дұрыс емес. «Ұра берсең, құдай да өледі» деген сөз бар. «Жанұя, жанұя» дей берсек, сыналап тілге кірш те кетуі мүмкін. Онда қазақтың рухани өмірін көрсететін төрт төл сөзді ығыстырып шығарады. Осынау төрт сөз архаизмге айналып кетсе, онда біз қаншама мақал-мәтелдерден айырыламыз. Өзіміздің орасан зор рухани, ішкі дүниемізді білдіру мүмкіндігінен жұрдай боламыз. Меніңше, осы орайда баспасөз қызметкерлері лингвистикалық қателікке ұрынбауы керек, мұның өзі әрі кешірілмейтін мәселе, әрі тіл рухына қиянат болар еді.

Қазір «семьяның» орнына «отбасы» деу орынды қолдау тауып отыр. «Отбасын» да қолданайық, қалғандарын да рет-ретімен кәдеге жаратсақ, оның несі айып?

Француздың белгілі тарихшы-жазушысы Ж. Ренан: «Адамзаттың тарихы - тек бостандықтың ғана тарихы емес, бұл, ең алдымен, халықтың тәрбиелік жолының тарихы», - деген екен. Шынында да әрбір халықтың тәрбиелік жүйесі, сол жүйенің даму, қалыптасу тарихы болады. Отбасы туралы әңгімелегенде осы қалыптасқан дәстүрді, оның тарихын, бүгінгі өркениеттілік кезеңінде қайсысы жарамды, қайсысы жарамсыз екендігін кеңінен қарастырған жөн. Өткеннің бәрі қажетті деудің меніңше, онша қисыны келмейді. Бірақ, қазақта тағы бір тауып айтылған сөз бар. «Халық айтса, қалт айтпайды». Халық қателеспейді, әуелі оны ой-санасынан өткізіп, екшеп алады, әбден тексергенен кейін барып, жалпы халықтық игілікке айналдырады. Меніңше, осы тұрғыдан алғанда, қазақтың отбасында

негізінен үш ұрпақтың өкілдерінің бірге тұрып, бір отбасы болып қалыптасуы аса құптарлық жай. Бұған толып жатқан мысалдар келтіруге болады. Әркімнің өз пікірі, өз көзқарасы бар дегендей, осы ретте өз ойымды ортаға салайын. Бұл үш ұрпақ мыналар: атасы, оның баласы, атасының немересі. Олар бір шаңырақта бірін-бірі тәрбиелеу үшін ете қажет. Қазақ «әкесін сыйламағанды баласы сыйламайды» дейді. Бұл ортаңғы ұрпаққа тиісті сөз. Олай дейтіні, ортаңғы ұрпақтың өкілі белағаш сияқты, әкесіне жасаған құрметін келешек баласы өзіне жасайды. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деп те айтылады. Егер бүгіндері әкесін интернатқа өткізіп жатқандар арамызда ұшырасса, кейін сол балалардың балалары бүгінгі әкесін сыйламағандардың жауы болып шығады. «Әй дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ» дегеннен шығады, «Әй, шырағым, ана шаруаны дұрыстап істе» деп айтып отыратын адам қажет-ақ. Егер ата болса, ол ақыл айта білсе - ол бір ғаламат дүние. Кемшіліктің бәрін жастарға итере салу қиын емес. Егер ата, әже өз орнында болса, мұның өзі өскелең ұрпаққа қыруар септігін тигізер еді. Ал олар келте, тым шолақ ойлайтын болса, онда жаңа буыннан не күтуге болады? Тек отбасы жылында ғала емес, күнделікті өмірімізде осыны қаперге алуымыз керек. Әркімнің өзінің тағдыр маңдайына жазған қызметі, міндеті бар. Ата болған екенсің, ата бола біл, әке болған екенсің, әке бола біл, ана болған екенсің, ана бола біл, әже болған екенсің, әже бола біл, келін болған екенсің, келін бола біл. Осының бәрі түгелдей жұптасып жатса, әркім өз міндетін атқарса...

ҚОРЫТЫНДЫ

Жер бетіндегі өмірдің сәні мен нәрі - ана мен бала. Жақсы перзент – ана-ана қолындағы аманат. Діл гауһары сияқты тап-таза, әртүрлі жаңалықты қабылдауға құштар, әр нәрсені үйренуге бейім болады.

Ата – ана ұстаз ретінде оған серік болады. Ол ең әуелі, баланың жан дүниесін рухани тәртіпке тәрбиелеуі шарт. Сонда ғана бала дәйім жаман қылықтардан аулақ ұсталады.

Әке мен ананың «балам», «бауырым» деп соққан жүрек лүпілін, олардың жанарындағы шапағат пен мейірімділікті, бақыт пен қуанышты, абыржу мен алаңдатушылықты, мазасыздықты бірден байқап, сезе белетін, үлкенді сыйлап, кішіге камқоршы болатын парасатты, еңбексүйгіш, тілалғыш бала әрқашан да жанұяның бақытын, ауыл-елдің, ағайынның әрқашан да қуанышы саналған. Көргенді, әдепті отбасындағы ата-ана өз балалары үшін қайырымдылық пен ізеттіліктің, адалдық пен адамгершіліктің үлгісі болған. Ондай ата-ана өздерімен сыйлас болып кеткен текті, тәрбиелі жанұядан келін түсіруге, туыс табуға тырысқан.

Отбасында баланы тәрбиелеу, оның сезімталдық қабілетінің жетілуіне, жекелей сапасына бағытталуы керек. Сондықтан ата-аналарға күнделікті өздерінің балаларының мінез-құлқын бақылап, жеке басының сапасының жетілуін қадағалауға, оларды тәрбиелеудегі қиындықтарды жеңуге тура келеді. Сондықтан ата-аналар жеке басының жанасуының нәзік құралын игеруге, тәрбиелеудің шебер басшылығын балаларда өнегелік сапасының қалыптасуына мүмкіндік береді, өздерінің дұрыс және бұрыс қимылдарын талдауға талаптандырады.

Отбасында балаларды тәрбиелеудің шебер басшылығы ата-аналардың үлкен практикалық тәжірибені, жауапкершіліктің жоғары сезімін талап етеді, соны нәтижесінде олар отбасында баланың өмірін дұрыс ұйымдастыра біледі.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап, құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

Ата-дәстүрдің бірі дүниеге келген балаға бүкіл ауыл, тума-туыстар болып көңіл бөлу. Азан шақырып, атын қойғаннан кейін, ер жетіп, отау тіккенге дейінгі бала өмірінің әрбір белесі мен асқан асуы туыстар тарапынан атаусыз, ескерусіз қалған емес.

Бала өмірімен байланысты отбасында болатын қуаныштардың барлығына дерлік қадірменді ақсақалдармен игі жақсылар балаға деген жақсы тілектерін айтып, ақ батасын беріп, үй иелерінің қуанышын бөліскен.

Адамгершілік қасиет жанұя мүшелерінің бірін-бірі қадірлеуінен, әсіресе, баланың қартайған әке-шешелеріне ерекше құрмет көрсетуімен көрінеді. Бұл халық педагогикасының ежелгі қалыптасқан дәстүрлі көзқарасы.

Ата – ананың үміт – арманы баласымен бірге жасайды. Сол себепті, олардың бар тілеуі балаға бағышталған. Оның амандығын, үрім-бұтақты, дәулетті, бақытты, абыройлы болуын тілейді. Қартайғанда сол лаланың қайырын көріп, мерейіміз өссе екен дейді. Десе де, бала-шаға алдында дүние салып, солардан топырақ бұйыруды армандайды.

Ия, ол бала ғой деп балаға мән бермеу дұрыс емес, әр бала өзінше бір әлем. Ол жасы кіші болса да, үлкендер сияқты бір адам. Оның да жүрегі, сезімі, ойы, дүниеге қарайтын өз терезесі бар. Сол терезеден қарап, бәрімізді таразылап, тарта алады. Бала балалығына қарамай, өзін сондай сезінген жағдайда ғана келер болашақ жарқынырақ бола түспек, келешекте өз мұрат мақсаты бар, ақылды, өз-өзіне сенетін, ешкімнен, ешнәрседен қорықпайтын жандар көп болмақ.

Ол үшін ата-аналар «осылардан не шығады» демей, баларына сенуі және оларды осындай болашаққа дайындауы керек.

Сондай-ақ, қазақ баласы өз отбасында мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірілген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында өздігінен тілалғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ кеңес энциклопедиясы, 1^к том, Алматы, 1997 ж
2. Бес ғасыр жырлайды, 1 том, Алматы, 1989 ж
3. Мінез-құлық эстетикасы, Алматы, 1970
4. З.Ахметова. Кәусар бұлақ бағдарламасы, Алматы, 1994
5. Р.Чарлз Уеллер.Қазақ халқының ұлттық мәдениеті. Алматы, 2003
6. Абай Қара сөздер, Астана, 2002
7. Қ.Жарықбаев «Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары», Алматы, 2000
8. Ы.Алтынсарин Өнер-білім бар жұрттар, Алматы, 1991
9. Н.Шақұзадаұлы, Ж.Ерғалиева Әдептілік қағидалары, Алматы, 2000
- Х.Маданов. Қазақ мәдениетінің тарихы, Алматы, 1998
10. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев Қазақ тәлім-тәрбиесі, Алматы, 1995
11. Б.Адамбаев Халық даналығы: қазақ мақал-мәтелдері мен шешендік сөздер, Алматы, 1976
12. С.Қалиев. 15-19 ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер
13. Ә.Табылдиев Әдеп әліппесі, Алматы, 1997
14. М.Рүстемов . Дәстүрлерінді сақтай біл, Алматы, 1989
15. Бас ғасыр жырлайды, 1 том, Алматы, 1989 жыл
16. Абай Қара сөздер, Астана, 2002
17. Ы.Алтынсарин Өнер – білім бар жұрттар, Алматы, 1991
18. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні, Алматы, 2001
19. Ж. Қоянбаев Педагогика дәстүрлері 2004 ж.
20. Ұ.Ә.Асыллов. Әдептану Алматы, 1996

21. О.В. Лишин. Педагогическая психологическая воспитания М. 1997
22. Н.Д. Хмель. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы Алматы, 2003
23. Пайдаланылған әдебиеттер:
24. Назарбаев Н.Ә. "Мәдени мұра" бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс. "Егемен Қазақстан" 2003 ж. 28 қараша.
25. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы "Атамұра", 1999 ж.
26. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса М: "Наука"; 1983 г.
27. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. Алма-ата. Казахстан, 1979 г.
28. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. "Қазақ университеті" Алматы, 2003ж.
29. Джаннбеков У. Культура казахского ремесла. Алма-Ата, "Онер". 1982.
30. Список использованных источников
31. Тугаринов В.П. природа, цивилизация, человек. –Ленинград. 1978
32. Вернадский В.И. Научная мысль как планетарное явление. /Отв. Ред. А.Л. Яншин. / –М.: Наука, 1991
33. Левицкий М.Л., Профессиональная подготовка учителя: итоги двух конференций. // Педагогика.-1993.- № 3.- 42с.
34. Романенко Л.В. Формирование у студентов педвуза готовности к экологическому образованию школьников: Автореф. дис. канд. – Волгоград, 1990
35. Взаимодействие общества и природы: Философско-методологические аспекты /Отв. ред. Е.Т. Фадеев. –М.: Наука, 1986. – 343с.
36. Природа и мы. Арыстанбеков Х.А., Бессчетнов П.П., Брайнин В.М., Егоренков С.А. –Алма-Ата: Кайнар, 1975. –с.11-35, 325.

37. Лаптев И.Д. Мир людей в мире природы. – М.: Молодая гвардия. 1978. –239с.
38. Социальная философия. /Под ред. В.Н. Лаврененко/. –М.: Культура и спорт. ЮНИТИ. 1995. –240с.
39. Фролов И.Т. Философский словарь. –М.: Политиздат. 1986. – 286с.
40. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. т. 42.- 602с.
41. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. т. 20.- 745с.
42. Лейбин В.М. Фрейд. Психоанализ и современная западная философия. –М.: Политиздат, 1990. –246с.
43. Горелов А.А, Экология – наука – моделирование. М.: Наука, 1985. –207с.
44. Зверев И.Д., Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. –М.: Педагогика, 1981. –159с.
45. Гончаров В.Н., Лопаткин В.М., Одинцов П.К. Многоуровневая подготовка в педагогическом университете. // Педагогика. 1994.-1. –с.47-50.
46. Педагогика. / Под Ред. Ю.К. Бабанского. –М.: Просвещение, 1988. – 479с.
47. Водзинский Д.И. Научные основы нравственного воспитания школьников. –М.: Высш. шк., 1982. –176с.
48. Кузнецов Л.М. От познавательного интереса к созиданию знаний. // Педагогика. 1993. – № 4. –с. 35-40.
49. Бойко И.Е. Механизмы умственной деятельности. –М., 1976. –с. 30-32.
50. Анохин П.К. Избранные труды. (Философские аспекты теории функциональной системы). –М.: Наука, 1978. –400с.
51. Харламов И.Ф. Нравственное воспитание школьников. –М., 1983. –146с.
52. Уледов А.К. Духовное основание общества. –М.: Мысль, 1990. – 333с.

53. Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста. –М.: Наука, 1988. –519с.
54. Моносзон Э.И. Формирование научного мировоззрения учащихся. –М.: Педагогика, 1985. –232с.
55. Педагогика. // Под ред. С.П. Баранова, Т.В. Воликовой, В.А. Сластенина. –М.: Просвещение, 1986. – 352 с.
56. Сухомлинский В.А. Павловская средняя школа. –М.: Просвещение, 1979. –396с.
57. Рубинштейн С.Л. Человек и мир. // В кн.: Проблемы общей психологии. – М.: Педагогика, 1976. – 416 с.
58. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. Избр. Психологические произведения. В 2-х т.-т.2. –304с.
59. Урсул А.Д. Перспективы развития. –М.: Наука, 1990. –270с.
60. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. –М.: Педагогика, 1989. –554с.
61. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. –М.: Педагогика, 1986. –240с.
62. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. –М.: педагогика, 1990. – 418с.
63. Новиков Л.В. Школа и среда. –М.: знание, 1985. – 80с.
64. Узнадзе Д.Н. Экспериментальные основы психологической установки. –Тбилиси: Изд-во АН ГССР, 1961. –210с.
65. Асмолов А.Г. Деятельность и установка. –М.: МГУ, 1979. –151с.
66. Шихирев П.Н. Современная социальная психология США. –М.: Наука, 1979. –230с.
67. Сластенин В.А. профессиональная готовность учителя в системе высшего образования. –М.: МПИ, 1982 –с. 14-18.
68. Мороз А.Г. Формирование готовности к педагогической деятельности. // В кн.: Психолого-педагогические основы

- совершенствования специалистов в университете. – Днепропетровск, 1980. –с. 71-75.
69. Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. – М.: Педагогика, 1959.
70. Есенова М.И. Особенности подготовки студентов педвуза к формированию учебно-познавательных умений учащихся. Автореф. канд. дис. –Алма-Ата, 1987.
71. Абенова Ш.Н. Подготовка студентов педвузов к руководству формированием детского коллектива. Автореф. канд. дис. –Алма-Ата, 1984. –25с.
72. Сулейменова А.Н. Формирование готовности будущих учителей к реализации индивидуального подхода в обучении школьников. Автореф. канд. дис. –Алма-Ата, 1991. –26с.
73. Хмель Н.Д. педагогический процесс, как объект профессиональной подготовки учителя. –Алма-Ата: Мектеп, 1984. –115с.
74. Рыков Н.А., Щербаков А.И. О психологическом анализе // В кн.: Совершенствование методической подготовки учителя биологии. – Владимир, 1973.
75. Хмель Н.Д. Теоретически основы профессиональной подготовки учителя. Автореф. канд. дис. –Киев, 1986. С. 46.
76. Хмель Н.Д. Некоторые проблемы подготовки будущего учителя к управлению педагогическим процессом в общеобразовательной школе. // Сб. Проблемы формирования будущего учителя. – Алма-ата, 1980. –с. 47-64.
77. Методы педагогических исследований. /Под ред. В.И Журавлева. –М.: Просвещение, 1972. –159с.
78. Методы педагогических исследований. /Под ред. А.И. Пискунова, Г.В. Воробьева. –М.: Педагогика, 1979. –256 с.
79. Ядов В.А. Социологическое исследование: методология, программа, методы. – М.: Наука, 1987. –245с.

80. Гласс Д., Стенли Д. Статистические методы в психологии и педагогике. Пер. с англ. –М.: Прогресс, 1976. –495с.
81. Моделирование педагогических ситуаций. Проблема повышения качества и эффективности общепедагогической подготовки учителя. /Под ред. Ю.Н. Кулюткиной, Г.С. Сухобской. -М.: Педагогика, 1981. –120с.
82. Программа педагогических институтов: Сб. 22.- М., 1987.-222с.
83. Программы университетов и педагогических институтов по психологии. /Составители Е.Ф. Бородина, С.Т. Бусурманова, Т.В. Никулина. –Алматы, 1985
84. Программы педагогических институтов. /Сб. 4,5 для специальности «Педагогика и методика начального обучения». –М.: Просвещение, 1990. –
85. Программа педагогических институтов: педагогическая практика студентов. /Отв. ред. А.И. Пискунов, В.К. Розов. –М.: Просвещение, 1980. –14с.
86. Программы педагогических институтов. /Сб. 17. Для специальности 2121 «педагогика и методика начального обучения. –М.: Просвещение», 1986. –40с.
87. Методические рекомендации в помощь студентам и преподавателям педагогических институтов по организации непрерывной педагогической практики. /сост. Мачнев Н.Ф., Меньлюк Г.М. –Алма-Ата, 1986.
88. Т.Сабыров. Оқыту теорияның негіздері Алматы, 2002.
89. К. Жарықбаев Жантану негіздері Алматы, 2002
90. М.Смирнова Педагогика Алматы, 2001.